Хафиз Ширази –

ШИРАЗ БҰЛБҰЛЫ

(Алғысөз)

Парсы жұртының атағы әлемге тараған шаирларының қатарында Шамсуддин Мұхаммед Хафиз Ширазидің алатыя орны өзгеше. Оның ақындық даңқы туған елінің ғана емес, парсы тілінде сөйлейтін, түсінетін барша елдерде айрықша қанықты. Замандар бойында Хафиз ғазалдарын зиялылар да, қарапайым адамдар да ерекше қадір тұтып, жатқа білу дәстүрге айналған. Өмірдің алмағайып шақтарында шаир

өлеңдері тарыққанға медет, торыққанға рухани еүйеніш болған. Жұрт Хафиз ғазалдары мен рубаиларынан тіршілік-тің сан тарау сұрауларына жауап іздеген, әсемдік әлемінө бойлаған. Шаир шығармаларының халық арасына кең тара-гандығы жәнe әсерлілігі соншалық «Хафиз» деген сөз ке-йіннен жалпы суреткерлік ұғымның баламасына айналған, тәжіктер мен ауғандықтар халық поэзпясы дәстүрінде тол-ғайтын ақындар мен жыршыларды осы терминмен атаған.
Бір шаир есімінің күллі сөз өнері иелеріне тән атау болып

қалыптасуы сирек оқиға. Мұның өзі Хафиз туындыларының халық жүрегі мен санасынан мәңгілік орын тепкендігін сипаттаса керек.

Хафизден қалған көлемі бір кітаптық мұра оның даңқын жаһанға жайды. Көп елдің ғұлама білгірлері, сөз зергерлері шаирдың үздік шеберлігін үлгі тұтты, жоғары бағалады. Өзбектің данышпан ақыны Әлішер Науаи ғазал жаэуда алдына жан салмаған ұстаздар деп Хұсрау Деһлавийді, Хафиз

Шіиразиді, Әбдірахман Жәмиді атаған. Қазақ поэзинсының

падишасы Абайдың ақындық пырағына қол созған жастыц шағында өзіне өнеге санаған шаирларының бірі де осы Хафиз еді. Әлемнің ұлы ақындары Гете мен Пушкиннің де парсы шаирының дарынына бас иіп, оның ұлылығын таныганы мәлім. Асқан лирик ақындардың бірі Фет Хафиз шығармаларымен танысқаннан кейін Қай« топырақта, қандай дәуірде өніп-өскендігіне ңарамастан нағыз поэзия гүлдері осте солмайды»,— деген.
Шаир шыгармаларының өшпес мәнін, көпермес көркіп,

ңайталанбас келботін сөз етерден бұрын оның өмірбаяндық деректеріне, оскеп ортасына, заманына азды-көпті назар салуымыз лəзім. Көркем мұрапы туған кезеңінің ақиқаты-
нан, әдеби дәстүрден бөліп алып түсіндіру қиын.
Хафиздің өмірі мен шыгармалары туралы мағлұматтар
шаирдыц көзі тірісінде жүйеленіп хатқа түспеген, тіпті,
аңынныц ғазалдары да ол тұста толық жипақ — күллият
ретінде топталмаган. Ақынның алғашқы диван — жипағын

оның шәкірті Мұхаммед Гулаыдам ұстазы қайтыс болганнан
отыз-қырық жыл кейін құрастырған. Хафиз өлецдерінің та-
рихы, мэні, ерекшелігі жөиінде ізденулер мен салыстырулар ғасырлар бойында толастағап емес. Тіпті, қазірдіц өзінде ешбір зерттеуші оныц мұрасын толық танып, тексеріп, сарқып анықтадық дей алмайды. Шамсуддин Мұхаммед Хафиз 1325 жылдар шамасында Шираз шаһарыпда туып, 1389 жылы сол қалада дүние сал-

ган. Ақынның Ширази деп тахаллус — лақап ат алуы осыдан. Шапр әкесіпен ерте жетім қалып, жасында жоқшылық қыснагын көп корген. Күнкөріс қамымен наубайханада жұмыс істейді, тапқан қаражатын білім алуға жұмсайды. Оқуға ыждағатының және зеректігініц арқасыпда ол Құранды жатқа біледі, хафиз атанады. Зерттеушілердің дәлелдеуіпе ңарағанда Хафиз өз заманындағы ең озық ғылым жетістіктерін меңгерген. Өзге түрлі нән саласыпдағы кітаптармеп ңатар құранды түсініп оқу, жаттау ол заманда үлкен білім-

дарлық белгісі сапалатын. Тұрмыс мұқтаждығы Хафизді кітап, қолжазба көшірушілік-хаттаттық ісімен айналысуға да мәжбүр еткен. Оныц 1355 жылы өз қолымен жасағап көшірмесі біздіц кезімізге жеткен. Ол көшірме ұлы шаир Хұсрау Деһлавий «Хамсасының? екінші, үшінші, төртінші дастандары. Сондай-ақ болашақ шаир шығармалық сапа-рының алғашқы кезеңінде ғылыми рисалалар — трактаттар да жазған секілді.

Кейін атақты шаир болып танылған кезінде де кедейші-

лік Хафиздің бойын жаздырмаған.
Ел арасында ақынның
айбарлы өмір Темірге айтқан
жауабы делінетін ацыз өцгі-
ме де осыпы растайды. Хафиздің:
Шираздағы түркі аруын періштеге
теңер ем,
Бір меңіне Самарқант пен
Бұхараны берер ем,—деген
өлеңін естіген атышулы әмір
жұпыпы киіпгеп шаирды алды-
на алып келгенде: «Самарқант пен
Бұхараның даңқын жа-
8
һапға жаямын деп бүкіл дүпиені
бағындырдым, ал осы ша-
һарларымды бір сұлудың бетіндегі
меңіне тарту етуге баты-

лың қалай барды?»—депті дейді. Сонда шаир: «Асып кеткен қолы ашықтығымнан ғой осындай кедейлікке жеткепім»,— деген екен...
Хафиз омір кешкен дәуір шытырман оқиғаларга толы еді. Шыңғысхан эулетінен шыққан окімдарлар қысымыпа пара-зылық бүл тұста айрықша бой көтере бастаған. Иран жерінің бөлшектеліп, түрлі әкімшілікке багыпуы өзара жаулықтар-дың тұтануыпа әкеліп соққан. Хафиздің де, онымен заман-дас озге ақындардың да шығармаларыпдағы октемдікке

қарсылық, теңсіздікке наразылық, еркіндік сарыпып дәуір-
дің осындай күрделі шыпдығыпап боліп алып түсіну қиын.
Ел өміріндегі алмағайып, аламан тасыр оқиғалар кезінде
шаир қашан да қарапайым халық мүддесінің жаршысы
болып отырады. Қатал әкімдердің зорлығыпан түңіліп, олар-
дан бойып аулаң үстайды.
Сонымен қатар Хафпздің көп уақыт патшалар нұзырында
болып, солардың қамқорлық папасын көргеиі де рас. Моселеп, ол шаһ Шожа мен шаһ
Мансұр сарайыпда жиі болып түрган. озінің «Сақштаме»

деген дастанын шаһ Мапсүрға арнаган. Хафиз газалдарыпың кейбіреулері ел билеушілерге мадақ түріпде келуінің себебін де осындаіі жағдайдан іздеу керек. Шаир әдебиет әлеміне қадам қойғанда көп ғасыр.іық же-тілген парсы тіліндегі көркемдік дәстүрден тағылым алған. Опың алдында да, түсында да шырып сөзімен жүртшылық-ты тамсандыргап небір дүлдүл ақындар есімі мен еңбегі олең сүйер қауымға мэлім еді. Орідегі Рудаки. Фердоусилер-ді айтпағанның озінде әрқайсысы коркемдік дамудың
жа_я__р_А__яңа

беттерін атқап шаирлар ол дәуірдегі парсы, араб, түркі тіліндегі әдебиетте үлкен шогыр болатын. Зерттеушілер Хафиз де, өзге тәжік-нарсы ақындары да тек өз елінің әдеби достүрі колемінде шектеліп қалмай, дүние жүзіне даңқы кеткен түркі, араб суреткерлерініпің де көркемдік тәжірибесі-
неп нәр алған деп есептейді. Разал жанрының парсы әдебие-
ті топырағында тамыр тартуына араб поэзиясыпың әсер-ық-
лалы болғаны осының бір мысалы. Бұл жанрды Иран әде-
биетінде Сағди жан-жақты жетілдіріп, сұлу өлеңнің көрікті

күмбезін тұрғызған еді.
Хафнздің шеберлік түрлері мен поэтикалық нақыштары кемелдікке жеткен, аталғап салаларда теңдесі жоқ үлгілер жасағап парсы әдебиетіне сапалық жаңа олжа қосқанына
ңайран қалмасқа болмайды. Ол ғазал мүлкініц ең сәнді биігін жаратқан лирик шаир бола алды.
Дэстүрлі өлең өлшемдері мен бейнелеу жүйесіпің, тақырыптық шеңбердің аукымында отырып-ақ өзінше соны сөз, тапңырлық иірімдерін таба білгендігі Хафиздің ңайталанбас

ақындық келбетін белгілейді. Ол ескі жапрлық шарттылықтар көлеңкесінде қалып қоймай. жаңа мүмкіпдіктер, көркі солмас кестелер табады. Өкімдарларга мадақ өлеңдеріпде де,

9

жалған тақуаларды әжуалаған ғазалдарында да тың үйлесімдер, сұлу сәйкестіктер жасайды. Махаббаттың қуанышы мен өкініші, бақкүндестер қиянаты мен достық нұры, тәңірге табыну, дүние қыаығын тәркі ету, шаһтардың шарапаты, фәни мен бақи, шадымандық секілді поэзиясында әзелден

жырланып келе жатқан тақырыптардың «таныс — бейтаныс»
қырларын шебер әдіптейді. Хафиздің өлең көгінде мәңгі жарқырап тұратын бәйіттері сүйіспеншілік, іңкәрлікті дәріптеген шығармаларынан жиі кездеседі.
«Араіілап атқан таңдайсың, мен көмескі шамдаймын»,—
дейді шаир бір ғазалыида. Үстірт қарағанда бұл тір-
кестер бұрыннан қаныкты, әркім-ақ аііта алатын теңеме-
лер секілді. Бірақ, осындай қарапайым, кәнігі ұғымдардың

құдіретін ашу, сөздердің тігісінен айрықша ажар төктіру, күтпеген қисындар, тосын шешімдер іздеу кемел ақындар ғана сыбағасы болмақ. Хафиздің құштарлықты, сүйгеніне шексіз берілгендікті сан құбылтып өрнектеген өлең жолдары жүректі жарып шыққан әндей, күмбірлеген ойлы күйдей, таусылмас армандай әсер қалдырады.

0. сиқырлы періштем! Пәрмаиыңа тәнтімін.
Жаныма жара салсаң да, тәуіпке әсте бармаймын.
Хафиз байғұс, қыл арқаннан босағанмен моііының,

Жүрегіңді ол тұзақпенен орап алған өрелеп.
Саған деген махаббатым — жүрегімде ақ маржан,
Тотықпайды ол бұл дүнпе қызығының бәріне.
Сенің нұрлы дпдарыңды көруім-ақ мұң екен,
Көктем келіп көкірегіме қызыл-ала гүл екті.
Билік, баіілық әркімді де қызықтырып тартады,
Патша тагы тец болмас-ау қайран алтын басыңа.
Махаббатты мадақ етем, багытымнан таймаймын,
Тірі пенде бұза алмайтын бұл бір мықты қамалым...

Әр ғазалдан алынған бұл жолдардың тапқыр қаланғап ойлы да сәнді қатары бүгіпгі оқушыға да ақындық шебер-ліктің өзгеше деңгеіiін таныстыра алады. Ал мұндай өлең-дердің бұдан алты жүз жыл бұрын өз топырағында канша-лық сиқырлы саздаіi, пайғамбарлық ғайып дүниесінің үніп-дей болып естілгенін түсіну қиын емес. Ең ғажабы — бұл жолдардағы ойлылық, суреттілік, тосындық, қарапайымды-лық үйлесім тапқандығында гана емес, сол кездегі діни,

әдеттік нормаларға іштей қарсылықтың, адам азаттығын, сезім бостандығын аңсаудың қуатты көрініс бергендігінде. Адамның табпғи тілегіне орай бақытқа жетуге тиістілігін батыл жырлау «таза» махаббат өлеңдерінің өзіне жаңаша қуат дарытқан. Төмендегі мысалдар бұл ойымызды дәлел-дей түссе керек.

10

Намазға ұйый берген сәтте кетті
елестеп қабағың,
Сол-ақ екен қалдым ұмытып
намаздың бар сабағын.
Табиғаттың түгел ң1073 бүгін
түлейтұғын шағы ғой,

Тек сен ғана түрленбей-ақ
әдемісің қарағым.
Немесе:
Қатал қыстың қаһарынан
қорғаныш та іздемен,
Құштарлықтың қызулы оты —
менің ыстық мекенім.
Сондай-ақ:
Жәмшид патша кесесіндей қыз
жанары құдіретті,
Ап-анық қып көрсететін аспан
астын, жер жігін.
Міне, осылар тектес махаббат мисраларында оған дейінгі псэзияда ұшырайтын мистикалық ұғымдардың ұштығы да жоқ. Лирикалық қаһарманның қуанышы мен қайғысы ара-

лас, толыққанды, жанды адам болып сипатталуы Хафиз ғазалдарының сапалық жаңа айшықтарының бірі.

Гүл ашсын деп сұлулықтың
гүлзарлары сендегі,
Көктемедей көңілімнің бар
шуағын бергенмін...
Дүниеде бәрі қпрар, бәрін қаудан
шөп басар,
Құлата алар күш жоқ бірақ
махабаттың сарайын...

Өзінен бұрын сан шаир шабыттана жырлаган махаббат тақырыбын Хафиз дәстүрлі сөз кестелері аукымында отырып-ақ құлпырта толғаған, ғашықтық ғазалыпың қолы жет-

пестей мұғал мұнарасын орнатқан. Өлең кестесінің жалт-
жұлт ойнауы, қарапайым тіркестермен ұлы ақиқаттарды айта алуы оның өзгеше бітімін, кереметін көрсетеді.
Шаир суфизм поэзиясына тән терминдер мен тіркестерді жиі қолданады. Әлемге небір курделі шығармаларды берген бұл ағым әсерінен құлан« таза» ақын ол дәуірде кездеспейді. Хафиз де көптеген ойларын сол дәстүрлі поэтиканы пайда-
лана отырып жеткізген. Сонымен қатар ақын өлеңдерінің

мазмұнында софылың мистикасымен үйлеспейтін, ол ұғым-
ның мөлшеріне сыймайтын еркіндіктер де мол ұшырайды. Шаир ғазалдары бір сарынды емес, оның қаһарманы кейде тақуа, діндар, енді бірде өршіл ойлы өктем, тағы бір тұста әдет заңцылықтарымен есептеспейтін жан болып елестейді.
Басқа бір кезекте ол қаһарман асқақ әкімдер мен жалған диншілдерді аяусыз әшкерелейтін сықақшы, дүниенің баян-
сыздығып, өзгермелілігін пайымдайтын ойшыл.

Кейбір өлеңдерінде өз дәуіріндегі окімдергө ізет, мадақ
көрсете отырса да, шаир реті келгенде билеушілердің нәр-
сіздігін өткір сынға алады.
Мұндай сарынды ғазалдар Хафиз пшғармаларының ең
мәнді тобына жатады.

11

Дарынсыздық орансын мейлі үлде менен бүлдеге,
Бәрібір ол да танытып қояр өзінің жасық сүйегін...
Сүлтандардың қазынасынан артық көңіл байлығы,
Щаратңанға жалбарыну жанға араша, сеп емес...

Ғазал жанрының көп гасырлық даму тарихында опың небір шебер үлгілері, тақырыптық құрамы, бейнелеу өрнегі, негізгі сарыны қалыптасқан. Кейінгі ақындар бұрынғылардан асырып, жаңаша көркемдік өріс табуы мүмкін емес сияқтанған. Өз кезіпде жақсы атақ алып, төңірегіне белгілі болған қаншама шаирлардыц шығармалары уақыт сыпына төтец бермей, ұмыт болуы да олардың айтарлығы, тапқырлығы, қайталанбас айшығы аздығына башіанысты. Сопымен Шығыс поэзиясында бұрыннан салыпған дәстүр бір жағы-

нан үлкен өнеге болса, екінші жағыпан кейінгі буын ақын-дардың ежелден молім өлшемдерден бой оздырып шығуын
қиындатқан. Көп шаирлардың олеңдеріпдегі сарындастық кейде бір-бірін қайталау сияқтаныс елестейтіні де бұрынғы тақырыпты соңгылардың пазирагойлік жолымен қайта, «жарыса» жырлағандығынан. Шындығында осындай «да-иын» тақырыпты немесе сарыпды жаңғыртып жырлаудыц
өз қиындықтары жеткілікті болатын.

Назира табигаты мен ерекшелігі жөнінде белгілі ғалым И. С. Брагинский былай деп жазады: «Ремесленник лшпъ кодражал, более или менее пскусно. Мастер соревновался. При отом он ставил себе более трудные условия, чем если бы создавал новые самостоятельные образы, как ото делает обычно западный ппсатель. Восточный автор пазиры как бы наваливал па себя добавочный груз, он всячески стеснял себя необходимостью творить в жестко очсрчепных рамках. Победить он мог, если именно в этих рамках оп психологи-

чески, художественно углублял заданный образ...» Бұл пікір-
дің принципттік мэні бар. Бүдан Хафиздің өзінен ілгеріде
өмір кешкен ұлы шаирлардың сарынын, белгілі дәрежеде
қайталалай отырып, шығармашылық жарыста оз құлашын
таныта алғандығын ұғамыз. Кейбір белгілі көркемдік тіркес-
тер мен бейнелерді жаңа қырынан жарқырата, тапқыр, тосын
түрде апгу үшін шаир шахматтағыдай санаулы шеңбер іші-
нен тек өзіне хас жүрістер табуы керек болған.

Назирагөйлік мәселесінің қазақ әдебиетінің тарихын те-
реңдеп түсіну үшін де қатысы жоқ емес. Бізде кейде бұрын-
ғы ақындарымыздың Шығыс немесе Батыс әдебиетінде жырланған тақырыптарды қазақша қайта сөйлеткенінің бә-
рін аударма деп есептеушілік кездеседі. Анық аударма бір басқа да, белгілі бір оқиғаны, яки сарынды назира үлгісімен
қайта жазып шығу екінші нәрсе. Хафиз ғазалдарыпың түрі мен мазмұн тұтастығы, нақыл-
дай жұмыр, нақтылығы, жалпыға түсініктілігі, ой мен сезім

жарастығы, терең мәнділігі, өмірлік, діни, философиялық сарындардың бірлестігі оған әмбебаптық сипат дарытқан. Ол өлеңдерден әр қауымның, әр заманның адамы өз тағдыры-

цың көркемдік жауабын іздеген. Мұның өзі шаир шыгарма-лары әлеуметтік мазмұнға ие болғандыгын көрсетеді.

Ақын туындыларында елді адамшылыққа, қанағатқа, қайырымдылыққа үндейтін мақалдай тұжырымды бәйіттер мол. Ол көп ғазалдарында жұртшылықты дүниенің жылты-

рағына, жиһазына бола адамшылық парыздарын ұмытып кетпеуге шақырады. Лауазымға, мансапқа құныққандық арты жақсылыңқа апармайтынын әрдайым ескертеді. Өмір-дің баянсыздығып білдірсе де, достық пен нұастық парқып пайымдаса да, барлық жерде адам бақытының жаршысы болып көрінеді. Оның ғазалдарынан өмірді сүйетін, тіршілік шытырмандарын талдай білетін, кедейлер мен кемтарларға дос, дүние зұлымдарына өш, озық білімдар, адамдық, аки-

қат, теңдік ұраншысы елестейді. Зерттеушілер Хафиз газалдарының жалпы сарыны ренессанстың идеяларымен үндесетінін аңғарған.
Арада қаншама ғасырлар өтсе де, Хафиздің ғазалдарынан шаирдың өмір өткелдерінің ізі, қуанышы мен реніші, арманы мен наласы, сенімі мен үміті әсерлі қалпында сезіледі.
Оның өлеңдерінің талай заман өткеннен кейінгі аудармасының өзі осындай ойға қалдырғанда парсы тіліндегі түпнұсқасыпың кезіпде жұртшылыққа орасан ықпалы болғанып

түсіну қиын емес. Еркін ой, ресми тәртіптерге ңарсы үн көтеру жоқ доуірде Хафиздің кейде ишарамен, кейде төте-лей батылыраң айтқан лебіздерінің қарапайым халыққа ере-сен ерлік болып естілгені, сол сөздерден бұқараның рухы серпілгепі кәміл. Мұндайда ол:

Өзегімді өрт жалайды, қалай табам даруын,
Көтерісер кім бар екен мендегі жүк ауырын...
Құбылмалы қу дүниеде жоқ қой жанға тыныштық,
Одан да өзің шарап ңұйып, шапағат қыл бауырым...

Өмірдің дағдарысы мен кездейсоқтығына душар болған жандарға ақын:

Кенеттен қайғы тап болса, күйгелектенбей, шүкір ет,
Одан да ауыр бір қасірет үмітіңді сап қылар,—

деп кемел кеңес берсе, өзгеден көрген зәбірді дө ақыл таразысына салып, сабырмен көтеруді дұрыс санайды.

Қатал достың кәссіздігі налытпасын, Хафиз-ау,
Арам шөптің өскеніне болар ма бақ кінәлі...

Ал адал достықтың өмір сәні екенін ақын:

Бұл дүниенің қызығы да достық пенен татулық,
Тірлігіңнің көркі болса, өлгендегі иманың...— деп түйін-
дейді,
13
• • »
Хафиздің бізге жеткен шығармалары қазақ тіліне толық-
қа жуық бірішпі рет аударылып отыр. Бұл оқупш жұртшы-
лықтың талғамына татитын жақсы тартудың бірі болатын-
дығына күмәніміз жоқ. Жалпы бізде Шығыс әдебиетінің таңдаулы үлгілері жүйелі тәржімаланып жүр деп айта ал-

масақ керек. Бұдан жиырма шақты жыл бұрын Шығыс шаирларының бір-бір шағын кітапшасы аударылып жарық көрген еді. Бірақ, сол бір тым қораш басылымдар оқушының ескелең дәрежесіне лайық болды деп айту қиын. Бізге атағы алеыге мәлім Шығыс шаирларының негізгі пшғармаларымен таныстыра алатын көлемді кітаптар қажет. Әзірше сөтті аудармалар қатарында Омар Хайямның рубаиларын, Низамидің «Жеті аруын», Сағдидің «Бостанын» ғана атауга болады.

Өзімізге ежелден көршілес отырған тарихи, мәдени дәс-түрі жақын елдердің көркем әдебиетін аударудың үздік-соз-дық қана жүргізіліп келе жатқандығына Шығыс әдебиеті мен мәдениеті туралы қалыптасқан кейбір ұшқары пікірлер-
дің де салқыны тиген. Кейінгі кезге дейін мұндай біржақты көзқарастан толық арылып болғанымыз жоқ. Бір кезде ұлы суреткер әрі ойшыл М. Әуезов ұлы Абай поэзиясын нәрлендірген рухани көздердіц бірі Шығыстың класси-

калық әдебиеті деп аса терең де әділ тұжырым жасағаны белгілі.
Еңбекші адамзаттың дапышпан ойшылы, ұлы көсеміміз В. И. Лениннің ескі мәдени мұраның байыбына бармай, бұрынғыны қиратып, бәрін де жаңадан жасаймыз деген өсіре белсенділерге қатты тойтарыс беріп, өшпес өнегелі пікірлер айтқаны белгілі. Кемеңгер көсем өзінің еңбектерінде адам-заттың ғасырлар бойында жасаған ақыл-ой жетістігін мең-гергенде ғана жаңа қоғам орнатуға болады дегені ешқашан

мәнін жоймас қағида. Мұндай көзқарас партиямыздың түрлі қаулылары мен тарихи шешімдерінде жалғастық тауып, дамытылып келеді. Көркем аударма саласындағы істер де нақ осындай партиялық анық жетекші документтерге сүйе- нілуі тиіс. Үздіксіз өсуге қабілетті, келешегі зор әдебиеттер- дің барінде де әлем классиктерінің шығармалары алдымен аударылады. Әрбір халықтың жаһандық деңгейге шығаруга лайық туындылары аударылуы басты шарт болса лəзім. Орта қол немесе уақытша ғана азды- көпті ілтипатқа ілінген шы-

ғармаларды тәржімалау көркемдік мәдениетімізді байыта қоймайды. Бір де болса бірегей көркем сөз жауһарларьга оқушы жұртшылығымызға ұсынайық деген ой үстем болса дейміз.

Қолымыздағы жинақта Хафиздің 194 ғазалы, бірнешо рубағиы, тәржабандтары және «Сақинаме» деген дастаннан үзінді аударылып берілген. Тәржіма түпнұсқаны және оның орыс, өзбек тіліндегі аударымдарын салыстыра отырып жа-
салған. Ақын Әбіраш Жәмішев Хафиз туындыларын үлкен

сүйіспеншілікпен, ерекше ыждағатпен қазақшалаған деп айтуға толық негіз бар. Ол тәжік-парсының бұлбұл ақыны-ныц кейбір шығармаларын бұдан ширек ғасырдай уақыт бұрын аудара бастаған. Содан бері бұл жұмыстан қол үзбей, өте көп еңбек сіңіргені көрініп тұр.

Аударманы ұнамды деп бағалағанда екі нәрсені атап көрсетуді парыз санаймыз. Біріншіден, Хафиз өлеңдері қа-зақша нұсқада ана тіліміздегі шығармадай жатық болып

шыққан. Бізде әдетте екінің бірінде-ақ аударма еркін түсініп оқырлықтай болмай, жасандылау шығатыны құпия емес.
Әлем көркемсөз корифейлерінің қазақшаға аудармаларынан ұлттық көркемдік мәдениетіміздің факторы дерліктейі санаулы ғана ғой. Көбінесе «аударылды» деген дақпыртқа ғана
малданып жүре беретініміз бар. Мына тәржіма жөнінде олай деп айтуга ауыз бармайды. Ілгеріде біз мысал етіп келтірген үзінділер де, сол шығармалардың жалпы қазақша бітімі де

тәржіма қорымызға сапалы мүлік қосылғанын сипаттай ала-
ды. Екінші бір атап айтарлық нәрсе — аударманың үстінде қазақ тілінің қатпарындағы көне поэтикалық бейнелер мен тіркестердің де, рухани қазына игіліктерін ортақтаса пайда-
лану жағдайында Шығыс әдебиетінен ауыс-түйіс болған сөз-
дер де көп кәдеге асуы, уақыт табиғатына орайлас қолда-
нылуы заңды.

Әрине, аударма мүлде мүлтіксіз деп отырғанымыз жоқ. Аударманың тікелеіі түпнұсқа тілінен емес, негізінен орыс-

ша, өзбекше пұсқалардан жасалып отырганының озі тәжік-парсы тілінің реңкі қайсы бір тұста дәл көрінбей тұруына әкеліп согары белгілі де. Соған қарамастан кезінде Шираз бұлбұлы атанған, замандар бойында көркем сөзді қадір тұтқан жамағатшылықты тәнті етіп келген Хафиз шығармаларыпың қазақ тілінде осындай сәтті туыпдамасы жасалуы елеулі еңбек демекпіз.

Рахманқұл Бердібаев,
ф и л о л о г и я ғы л ы м ы н ы ң д о к т о ры

5аР

Кеше түнде таң алдында қайғы-
мұңнан
құтылдым,
Мынау бей-жай тірлік үшін қам
қылудан құтылдым.
Бір керемет киелі қол шарап берді
кесемен,
Көңлім өсіп, күшім тасып,
қаймығудан құтылдым.
Алтын арай таң самалы сергітті де
бойымды,
Хадір түні қара тастай
тағдырымнан құтылдым.
Көктен келген құдіретті үн
шаттық құйып кеудеме,
Коре алмайтын күншілдердің даң-
дұңынан

құтылдым.
Содан соң-ақ бұл дүниенің тылсым сырын ұғынып,
Қолға қонған бақыт құстан айрылудан құтылдым.
Таңданбаңдар менің мұнша қуанышты қалпыма,
Тәңірім өзі қолдаушым боп, бар қиыннан құтылдым.
Мерей өсіп, мәртебем де котеріліп кеткен соң,
Дүшпандардың алдына кеп табынудан құтылдым.
Тәтті сөзді тамылжытып тұрған болсам мен бүгін,
Шаһнабадтай ғашықты аңсап зар ұрудан құтылдым.

Жаратупш жан иеге мың рахмет айт, Хафиз,
Сылаң қаққан сұлуды енді сағынудан құтылдым.
°Ғ
2* 19
2
«Ей, сахи дос, құй шарапты, көтерейік көңілді!»
Оңай деген махаббаттың қасіреті ауыр көрінді.
Қара бұрым хош иісін әкелсе екен самал жел,
Аңсап соны арман толы ет-жүрегім егілді.
Махаббаттың құт жайлауы қашық тарта түскен-ау,

Қоңыраулатқап өмір-керуеп
«тоқтат,— дейді,—
сейілді!»
Егер саған әмір етсе ақылы терең
нірмағап,
Күнә көрме жайнамазға қызыл
шарап төгуді.
Баябанда басы айналған кілең
кезбе бейбақтар,
Махаббат пен мұхит жойлі пені
ұғып, пе білді?
Өзіп ойлап озеуреген зымияндар
қаптап жүр,
Өсек тасып, ғайбат айтыи,
сындырмақ боп беліцді.
Бір Аллаға сыйыпдағы, сайрандай
бер, Хафиз-ау.

«Дүниені ұмыт, құпттарлықпен сүр дәурендеп емірді».
V
20
З
Қаііда екен құтты шаңырағы, жарығы екен қай
үйдің?
Кім екен, барып сұрашы, сүйгені сұлу арудың?
Көрген сәтте дидарын қалмады дәрмен бойымда,
Кімге ашына құрбы екеп, танты екен ләззат бабын
кім?
Бал татыған тіліпіц кетпес ие домі ауыздан,

Биона болып шықса егер өртемек
кімнің жанын
мүң?
Бақыт шамын кімге бұл жағады
екен, апыр-ай,
Құдай үшін сұрашы, ашқалы тұр
бағын кім?
Әркімдер-ақ ынтығып қызыл тіліп
безейді,
Ал қалайша мен байғұс айтар
сөзден жаңылдым?
Жарқырайды биіктеп жарық
нұрлы жұлдыздай,
Қай қазынаныц гауһары, қайсысы
інжу-лағылдыц?
Бал дебізін сормай-ақ сорлы болар
талайлар,

Кімге үлфәт көрсетіп,
таптатпақшы арын кім?
«Апыр-ай, дедім, Хафиздың
жүрегіне дерт түсті-ау!»
Жымиып ңана деді ол: «бұл
диуапа жаның кім?»
21
Т
4
Шиpазым қандай ғажап гүл
жамылған!
Сақтасын тәңірім зауал, сұм,
залымнан.
Шипалы зәмзамынан
Руһнабадтың
Төңірекке Хызыр дарып, нұр
жайылған.

Гүл-бағын Мұсалланың жұмақ дерсің,
Орнатқан сегіз пейіш кіл лағылдан.
Шираздың көрші келіп адамдарын,
Бәрінің кеудесі асыл сырға тұнған.
Көркі артық Мысырдың да Жүсібінен,
Ширазда шипа тапқам қыз жанынан.
Тал бойы құлап-таза айықтырар
Кеудеңді кеулеп алгап мұң-зарыңнан.
Сүйгенім тым болмаса түсіме енер,
Жатқаным жақсы ұйықтап, тұрғанымпан.

Көк дөнен-көңіл солай алып ұшып,
Жалындап жүрегімнен жыр да ағылған...
Ал Хафиз, ажырасудың хаупі туса,
Жалбарын Жаратқанға тұр да жылдам!
*****

22
5

Жұпар атқан гүл болмаса, несі жақсы
көктемнің
Мөлдір шарап құйылмаған кесеңді де жек көрдім.
Миуасы болмаса егер иранбақтан не пайда?

Сайран салып, сауық құрмай одан безіп кеткенмін.
Бұлбұл қонып сайрамаған сәруде не көрік бар?
Сидиған құр бойына оның көз салмай-ақ өткенмін.
Тұрмаса егер менің айым нұрын шашып жарқырап,
Түн мен аспан, жұлдыздарды түк те керек етпеймін!
Ыстық құшақ көрмей сүрген ғұмырың да мұзбен тең,
Ләззаты жоқ ләйлімге арнап жыр маржанын
төкпеймін.
Махаббатсыз дүние тұл: онсыз рахат, илһам жоқ,

Хафиз, сен де бар өміріңді
құштарлықпен өткергін!
Т
23
6
Самал жел-ау, баршы еркелеп
үйге өзіңе белгілі,
Қақшы сол үй терезесін күнде
өзіңе белгілі.
Сен — махаббат хабаршысы,
үміттенө қараймын,
Сүйіктіме сыр жеткізер тіл де
өзіңе белгілі.
Айтшы: «Менің қымбат өмірім
барады,— деп,—
сарқылып,
Сенсіз сорлы шаир халі мүлде
өзіце белгілі».

Астарлатып айтқан осы сөздерімнің мағынасын
Көңіліңе түй, құпиямен біл де өзіңе белгілі.
Кылышсың да, баябанда сағымсың су аңсатқан,
Шөлге қама, семсер сөзбен түйре өзіңе белгілі.
Бар үмітім беліңдегі камар белбеу астында,
Сол белбеумен жасырылған дүр де өзіңе белгілі.
Парсы, түркі тілі бірдей сүйіспендік сыры үшін,
Хафиз, оны айтатының кімге өзіңе белгілі.

Сайра чанг, сыңғыр қағып —тағы, тағы, тағы да!
Жіберейік шарапты алып — тағы, тағы, тағы да!
Сүп-сүйкімді сұлуменен сүйісіп түн ауғанша,
Отырар ма ем баққа барып — тағы, тағы, тағы да!
Шарап ішпей махаббаттың дәмін қалай білерсің,
Тұрсын толып кесең анық — тағы, тағы, тағы да!
Жан сәулемнің жұпар исі, көз нұры мен күлкісі
Бара жатыр бойға дарып — тағы, тағы, тағы да!
Таң самалы, айтшы барып ғашығына Хафиздің,

Қарсы алсыншы құшақ жайып —
тағы, тағы, тағы да!
^ Шарап толы кесем менің жаңа
шыққан
күндей-ді.
Жауқазындай жан-еркешім бүрін
жарып гүлдейді.
Жел желпіген қолаң шаштың
әдемісін қарашы,
Бар төңірек хош иіске елтіп тұрып
билейді.
Кездескенде кешегі бір кейістікті
еске алма,
Ңұрғыр қасірет айта берсең
таусылуды білмейді.
Аспан сірә алдымызға алуа-шекер
тосар ма,

Қайғы-мұңың қанша болса,
рахатың да бірдей-ді.
Нух пайғамбар сияқтапып топан
судан сау қалсаң,
Бейнет бітіп, көрерсің-ау зейнет
толы күндерді.
Гауһарға да жетер қолың,
жалбарынсаң күн-түні,
Жаппар-хақтың ауар саған
рахымы мен шын мейірі.
Тәңіріменен табысудың жолы да
осы, Хафиз-ау,
Мәртебең де өсіи сонда, кеудеңде
күй гулейді.
26
9
® Махаббатым — мазһабым ғой,
қалауы осы

Алланың.
Сондықтан-ау арылмайтын қайғы-мұңға қалғаным.
Көкірегінде көзі барлар көрер оның ақ жүзін,
Бұл да менің күндіз-түні аңсап жүрген арманым.
Махаббаттың құдіретімен тіл біткелі өзіме,
Дару болар дәргаһына табынуцан танбадым.
0 тәңірім, қишы менің пешенеме жоқтықты,
Осы болсын қаһарың мен салған ауыр салмағың.
Миршаб, сен де мәз болмағын күзеткенге сарайды,

Сұлтанға мен түп-түгелдей жан-
ділімді арнадым.
Мұғылан шөбі тұрса да өсіп,
Нағба жолы бағдарым,
Солай қарай көремісің ынта-
көңілім ауғанын.
Көк аспанның көркі болып тұр ғой
айдай ажарың,
Көрші менің қарай-қарай көзімнің
де талғанын...
Қол жетпесті көп сөз қылып
зарлай берме, Хафиз-ау,
Өзге емес, шарап толы құмыра ғой
таңдауың!
27
Шираздағы түркі аруын періштеге
теңер ем,

Бір меніңе Самарқапт пен Бұхараны берер ем.
О сақи, дос, толтыра құй! Жоқ қой маған жұмақта
Мұсалланыц райхан бағы, Руһнабадтай кең өзен!
Төзім, сабыр қалдырмады-ау сылқым сұлу ерке қыз,
Түріктердей той мәзірін талап ала жөнеген.
Қайтсін менің іңкәрімді хаса сұлу қаламқас,
Зәру ме оған әдемілік әшекейге бөлеген?
Құштарлықтың қызулы отын көрдім Жүсіи көркінеп,
Ғашық болып Зылиха оған, ұят қалды бөгеген.

Сөксең де сен тілдеп мені,— тәуап етіп өзіңе,
Ащы айтсаң да, әр сөзіңді бал-
шырындай көрер ем.
Досым менің, тыңда саған айтқан ақыл-кеңесті,
Көпті көрген қарттың сөзі
жастарға үлгі демек ем.
Шарап пенен әнге мас боп, дүние қамын ұмытшы:
Ғұмыр сыры — тылсым жұмбақ, оны шешер мен
емен!
Кәне, Хафиз, ғазалыңды ақ
маржандай тізе бер,
Шоқ жұлдыздар шашу болып
тұрсын жайнап
төбеден!

Т
28
11
Махаббатқа мас боп жүрмін,
құйшы шарап тағы
да.
Құштарлықтың құсырынан у
тарады қаныма.
Жәудіреген көздерің-ақ ақыл-
естен тандырды,
Алаулаған лағыл ернің
жолатпайды маңына.
Айдай нұрлы ақ жүзіңді айқара бір
ашсаңшь.
Түсірсеңші ақ сәулеңді менің
гүлзар-бағыма!
Есігіңе ілгек болып ілінгім-ақ
келеді,

Бақталасты жібермес ем сонда
сенің жанына.
Құшағыңа алсаң-дағы, алмасаң
да ,әйтеуір,
От жанарың бір жалт етсе, ем ғой
дертті жаныма!
Ңойшы Хафиз, құр дәме боп,
алданба алыс сағымға,
Жеткенше оған шөлдерсің де,
шаршарсың да
сарыла...
*
29
Замандардан замандарға жетсін
нұрлы
жанарың,
Махаббаттың мейірімімен маған
күн боп қарадың.

Замандардан замандарға жетсін дұға еткенің,
Исаға ұқсап таптың мені тірілтудің амалын.
Замандардан замандарға жетсін жарқын дидарың,
Жалынына көбелекше өртеніп-ақ барамын.
Замандардан замандарға жетсін ыстық лебізің,
Үлбіреген еріңіңнен жанға дауа табамын.
Замандардан замандарға жетсін сол бір ғажап түн,
Махаббатқа мас болып біз сезбеппіз таң арайын.
Замандардан замандарға жетсін күміс күлкің де,

Сыңғыр-сыңғыр сиқырлы үнге
тұрсын тұнып
маңайым.
Замандардан замандарға жетсін
осы рахат сәт,
Екеуміз де емін-еркін тапқан көңіл
қалауын.
Замандардан замандарға
ұмытылмас бұл сұхбат,
Бір өзіңе теңгермеспін хор
қызының талайын...
Ақ жолынан айнымаған
жүректерді толғантып,
Замандардан замапдарға жетсін
Хафиз ғазалың!
Т
30
13

Алтын айға ұқсатамын
ғашығымның дидарын!
Сиқырлаған сұлу бұғақ саясында
тұр жаным!
Өлігім де, тірлігім де бір озінің
еркінде,
Бұйрығы не болар екен? Айтылар
ма иманым?
Гүлді айналған көбелектей көңілім
дауа таппайды,
Жанарының жалыны ертеп, үйге-
дүзге сыймадым!
Қуанышты түс корсем де мәз
болып-ақ қаламын,
Біле алмадым табындырған
қандай тылсым сыр
барын!

Таң самалы әкеледі ғажайып бір
хош иіс,
Жылы леппен желпігендеіі
емірімнің гүл-бағын!
Ей, сахи-жан, құіі шарапты,
толсып Жәмшид кесесі,
Достарымның ортасында тыншыр,
бәлкім, бұл
жаным!
Құштарлықтың құсырынап
сыздағанда ет-жүрек,
Қапдай жақсы барлығыңның
қаумаласып тұрғапың!
Армапыма ңолым жетсе, раббым-
алла қолдаса,
Шаттығыма тец келмес-ау ғұмыр
бойы жиғаным!

Амал қанша, арманым боп тұрсың ғой тым алыста,
Талай бейбақ сорлылардай мен де сенің құрбаның!
Хафиз енді дұғаңды оқы, «аумиін» деп тілек айт,
Шекер-бал боп құйылсыншы інжу-лағыл жырларың!
31
т
14
Арайлап атқан таңдайсың, мен көмескі
шамдаймын.
Миығыңнан бір күлсең, құрбаның болар жандаймын.
Көзімді ашсам алдымда тұрасың үміт отындай,

Көрінбей кетсе ай жүзің, тілімді
тас қып байлаймын.
Толқынды бұйра бұрымыц барады
бунан алқымпан,
Арасынан шашыңпың өзіме ләһат
сайлаймын.
Қайғыға батқан кезімде есімнеп
әсте шықпайсың,
Сол үшін бәрін кешіріп, өкпелей
саған алмаймын.
Көздерім қара болғанмеп мөп-
молдір аққан көз
жасым,
Күні-түні бір тынбай өзіңді айтып
зарлаймын.
0 сиқырлы періштем! Пәрманыңа
тәнтімін,

Жаныма жара салсаң да тәуіпке әсте бармаймып.
Кеудемнен жаным шыққапда самал боп желпі
Хафизды,
Кебінді сонда дал-дұл ғып, дүпиені ңайта шарлаймын!

т

15

Махаббат — түпсіз тұңғиық,
Тәңірі ғана тірөгің
Қайрымынан қашан да үзілмесін күдерің.
Мойынсұну тағдырға — мұндайда бір рахат қой,
«Не болар?» — деп ойлансаң, оп-оңай жадап,
жүдерің.

Ақылға салсаң абыржып құрыла түсер апшың да.
Кемеңгерлердің кеңесі керек те болмас — білемін.
Күнге де қояр кінәм жоқ, бәрі де саған белгілі,
Өзіңнің ғана оғыңнан жаралы болды жүрегім.
Жақсының бәрі жаппардың көре де бермес дидарын,
Орындар ол тек қана пәк-таза жанның тілегін.
Каландарлар қанық қой құпия қазына сырына,
Ал өзгеге жол жабық, аша алмас тылсым түнегін.
Көз жасын көріп Хафиздың елжірер сұлу емге жоқ,

Жаратқан ба екен, япыр-ау,
бәрінің тастан жүрегін!
ТГ
3-533 **33**
16
Ңам« көңілмін!»—дедім мен,
әурелік« басы»
дедің сен.
«Лйым болшы!»— дедім мен,
«білмеймін, расы» дедің
сен.
Қара« шашың күн жүзін бүркеп
алды»,— дедім мен.
«Түрілер тез-ақ, болмасаң аллаға
асы»,— дедің сен.
«Күнпарастардан көцілдің пәктігін
үйрен! »— дедім
мен.

«Ай дидарлылардыц бүл сөзiц
бірден-бір қасы»,—
дедің сен.
«Гүл ерніңнен бал тату —
арманым еді»,— дедім мен,
«Шыныменен сусасаң шорт
сынбашы»,— дедің сен.
Өзіңменен« келіскім келіп-ақ
кетті-ау»,— дедім мен.
«Уақыты жетпей асығып
ынтықпашы»,— дедің сен.
«Көрмес үшін көркіңді көзімді
жұмам»,— дедім мен.
рылардың? қашанда түн
жолдасы»,— дедің сен.
«Пейіштің гүл бағынан хош иіс
келер»,— дедім мен.

«Сол жақта ғой көңіліңнің шын қимасы»,— дедің сен.
«Хафиз қазір хұрсант боп шалқып отыр»,— дедім
мен.
? Ә дегеннен аптығып жұлқынбашы!»— дедің сен.
V
34
17
Махаббаттан, мастықтан да безе көрме, жүрегім.
Екеуі де жан рахаты екенін мен білемін.
Таңуалық қызықтырып, қалма айрылып бұлардан,
Кеуде керіп, көкірегіңді қага берме — тілегім!

Жанын жұтаң болса егер — үлкен күнә, сол ғана,
Құдіреттің қайырымынан үзілді онда күдерің.
Өзіңді өзің зор тұтпасаң — ақылдылық белгісі,
Несі жақсы менмендікті жеңе алмаса жігерің.
Күштімін деп күпінбе де, әлсіздік те — ізгілік,
Арам майлы апайтөстен артық жадау іреңім.
Көк аспанның күмбезіне көзіңді көп қадама,
Көтеріле алмаған соң анық налып жүдерің.
Бұл тірліктің рахатынан тауқыметі басым ғой,

Тікенекті бұтада өскен мен бір раушан гүлі едім.
0 дубаңы Хафизым-ай, ойлап тұрсам, бимәлім:
Озбырлық пен обырлыққа көніп қанша жүрерің.

ТГ

3* 35

18

Пәрәнжіңді кім ашады о сиқырлы сұлуым?
Саған кімдер жем тастамақ жұмақтағы құмырым?
Ұйқы қашты көзімнен де, алау-далау көңілім де,
Ңандай жанға нұймақшысың жүрегіңнің жылуын?

Ңұштарлықтың ңұшағынан пшға алмай-ақ мен
жүрмін,
Ал сен болсаң ойлайсың-ау құдай жолы қиынын.
Жан-жүректі жаулап алар жанарыңда бір күш бар,
Жарң еткенде-ақ жүре берер босап барлық буыным.
Кірпіктерің ңадалғанда жебесіндей садақтың,
Әулие мен әнбие де жоғалтар бар тынымын.
Ұ сынғанмен жетпейді ғой қолым саған, ңұштарым.
Күні-түні зар еңіреймін алмай көздің шырымын.

Шаһналық шамын жақпгы,
Тәңіріге де тәк тұршы,
Шомылайын шуағына пәк
махаббат нұрының.
Жын-перілер адамдарды алдап
жолдан тайдырар,
Аңдамасаң, түбі терең сұмдық
толы сырының.
Тағдыр бізді қартайғанша қоймас
тәлкек етуін,
Қысқа өмірдің қиясында салар
талай құрығын.
0 сүйіктім, не істесең де Хафиз
сенің еркіңде,
Саған деген құштарлықтың
басыбайлы құлымын!..
*****
36

19

Зүбәржаттай ақ дидарың ай нұрынан дүзілген.
Ал-қызыл гүл бояуы да солғын сенің жүзіңнен.
Қиылып тұр қара қасың , — сая менің жаныма,
Зар боп оған патшалар да көзі талып сүзілген.
Күрсіністен шыққан лебім дидарыңды тұтпағай,
Шар айнадай жарқ-жұрқ етсең, қарап қалам ізіңнен!
Бүршік атқан ақша гүлдің құбылуы-ай десеңші,
Талма бойы тамсандырып мың бұрала үзілген.

Әттең, дүние-ай! Ерке сұлу
дарытпайды маңына,
Жібімейді-ау жүрегі бір
ғашықтарға күйінген.
Бақытты екен шайхы сірә,
іздемесе ханақа
Ей, мүриді харабаттың арт қасірет
жүгіңнен!
Мұң-шеріңді шалдырмашы
құлағына қалқамның,
Шамасы жоқ зарды тыңдар
запыран боп бүлінген.
Кел жыландар, кілең бейбақ
ғашық оты өртеген,
Маңдайына Лауһылдан-ақ
бақытсыздық тігілген.
Бұйра толқын сүмбіл шашың
арбап па екен тек **мені,**

Сау емес қой сан сорлылар оған құштар үзірден.
Кінәлама Хафизды сен басын иіп келгенде,
Күнәдан пәк махаббатқа кәпір-дағы жүгінген!

37

Т

20

Көзімді дария етемін, төзімді құмға тастаймын.
Пұлпайман болған жүректі теңізге тура тастаймын.
Күнәға толы кеудемнен лап ете түскен жалынмен
Адам мен Хауа айыбын күл қылып суға тастаймын.

Зауза жұлдыз жебесі көкірегіме қадалды,
Қорамсасын мен бірақ лақтырып қырға тастаймын.
Зулаған жер тахтына бір кесе шарап бүркем де,
Чангінің сазды әуенін көтеріп шыңға тастаймын.
Сүйіктім болса қай жақта, шаттығым да сонда ғой,
Тағдырымды да өзімнің сол жерде сынға тастаймын.
Ңайырымы күндей қалқашым, бұрымыңды
тарқатшы.
Құлдық ұрып өзіңе, басымды сыйға тастаймын.

Бүгіннің ісін ертеңге
___________қалдыру қате, Хафиз-
ау,
•— Дүниенің мынау ләззатын,—
дегенің шын ба,—
тастаймын?
*
38
Таң рауанда маужыраған бардым
баққа гүл тере,
Сандуғаштар қүйқылжытты-ау
неше түрлі күй төге.
Мен сияқты бұл міскін дө гүлге
ғапшқ екен гой,
Жаны жара, көңілі нала болмаса
ол бүйте ме?!
Хош иісті сол тоғайға күнде-күнде
барамын,

Бұлбұл байғұс байыз таппай
мұңын шағып жүр
неге?!
Гүлді қоршап жатыр екен
тікенекті бұталар,
Зар болады сорлы ғашық қона
алмай ақ күлтеге.
Оның мұңы менің-дағы кетті
қозғап шерімді.
Журек жылап тұрғаннан соң көзің
жасын ірке мө?
Коп қой бақта қызықтырар қызыл
гүлдер осындай,
Әттең, анау тікенектер тесіп етер у
жебе!
Бұл фәниден бақыт іздеп әуре
болма, Хафиз-ау,

Өмір деген өксік пеиен қастық толы бірдеңе!

Т

39

Жарқыл атып жанарың жанып тұрғай, іләйім!
Гүл жүзіңнен қызыл нұр тамып тұрғай, іләйім!
Жүрегімде кіршіксіз махаббаттың оты бар,—
Лапыл атқан күйінде қалып тұрғай, іләйім!
«Нұн» иіліп сұқтанған Әліф«» бейне мүсінің,
Көрген көздің жәуін бір алып тұрғай, іләйім!
Сені біреу жылатса жас маржанын ағызып,

Онының өзін қызыл қан жауып
тұрғай іләйім!
Қапа-мұңнан сыздаған сорлы
жүрек бұлқынып,
Тыным таппай кеудемді қағып
тұрғай, іләйім!
Өзіңменен сағынып жолығатын
жақсы күн
Басқалардың басынан ауып
тұрғай, іләйім!
Лағыл ернің қалқашым, жүрегі ғой
Хафиздың,
Наркескен боп өзгені ол шауып
тұрғай, іләйім!
V
40
23

Бар мейірім, ыстық назар —
мөлдіреген көзі ғой,
Жанға дауа жақұт жанар —
мөлдіреген көзі гой.
Лебізі шырын, Сулейменнің
жүзігіндей сиқырлы,
Бар дүниенің сырын табар —
мөлдіреген көзі ғой.
Жүзі жарқын, жүрегі пәк, кеуде
толы кемел ой,
Даналар да ақыл алар —
мөлдіреген көзі ғой.
Бетіндегі меңі қандай,—
тандырады есіңнен,
Көціліме куйік салар —
мөлдіреген көзі гой.
Қара торы қаламқасым кетпесінші
қасымнан

Даруы да жаным қалар —
мөлдіреген көзі ғой.
Өзі мені өлтірсе де, Исаға ұқсап
демімен
Тірілтетін тауып амал —
мөлдіреген көзі ғой.
Хафиз, сен де басыңды иіп, пір
тұтына бергейсің,
Бар жақсылың сені аяр —
мөлдіреген көзі ғой!
Т
41
24
Ханышалардың қара толқын қара
шашы
керемет,
Мұсылман да, кәпір де оған
табынған ғой,— не

керек?!
Сұлулықтың сыры терең, сол — ұлылық, биіктік,
Сиқырлайды-ау жаныңды ол қойғандай дәл шегелеп.
Диуанамын, қайда қашам жалын атқан жанардан?
Кірпіктері қадалады оқ боп жауып себелеп.
Қасиетіңнен айналайын қара көздер ғажап қой,
Бұл дүниені ол қайғыға да, шаттыққа да бөлемек.
Махаббаттың ғылымы да тұңғиық-ау, терең-ау,
Сырын білсек, сегіз пейіш ңызығын да көрер ек.

Екі жүзді жәдігөйлер жұмақ жолын жасырған,
Аңырында өздері олар дозаңы боп жөнемек.
Хафиз байғұс, қыл арқаннан босанғанмен мойының,
Жүрегіңді ол тұзақпенен матап алған өрелеп.

Т

42

Тәтті бір қиял жеткізбей, сарыламын мен өзім,
Құдай-ау, көңілім не қалап, сағынамын не өзім?
Ғашығым — меніц шәрбатым, аңсаймын жым-жырт
түндерді,

Бір жұтсам сонда дертімнен
айығамын мен өзім.
Жүрегім, жаным ораулы
толқынды бұйра шашыңа,
Бұлбұлдай торға қамалған
қамығамын мен өзім.
Атыңды әлі білмеймін, отты бір
жырлар арнар ем,
Осыған қатты өкініп, сан ұрамын
мен өзім.
Жұрт не десе о десін,— жанымда
болсаң көңілім жай,
Сүйе білмес сөз айтса, шала
ұғамын мен өзім.
Тор құрып гүлден алдыма,
бұрымыңмен байладың,
Қалауың болсын раушаным,—
табынарым тек өзің!

Ал енді, Хафиз, ойлан да, беріле берме нәпсіге,
Достықпен ғана азаптан арыламын мен өзім.

Т

А:І

Ханзадалар жәудіреген жанарыңнан садаға,
Тас бұлақтың бал суына сірә мейрің қана ма.
Саған самал — жан рахаты, маған сор боп тиді ғой:
Құмар басқан түн ләззатын ала қашты ол далаға.
Шәрбат-шырын лебізіңе құштарлардың көбін-ай!
Көзің салпгы қолаң шашың арасынан ___________қара да.

Майда қоңыр жел болып бір
шарлап келші алқапты.
Парлап аққан көздер жасы көлге
айналып бара ма?!
Ей бақталас, жоғалшы әрман,
жуасысам қуанба!
Жалын атқан жанарларды
жырлайтын мен ғана ма.
Бұлбұлдардың бәрі де оған
ынтызар боп сайрайды,
Ал бұлбұлдың һауазына тауып
көрші балама!
Кәне, досым, барайықшы
шарапхана жаққа біз,—
Мешітті қой, кірген онда кілең
жендет бағана.
Жібек бұрым, сүмбіл шаштың
тұтқыны ғой бұл

Хафиз,—
Басқаларға бас имейді ол жүрсе де
қай арада.
т
44
27
,Әкетпесін құйын мені, шашыңды
ойнап
тарама,
Күрсінісім көкті тілер, тым
биіктен қарама.
Көрінгенмен шарап ішпе, азап
уын жұтпайын,
Түспесінші еңсем төмен, өзіңді
асқақ санама.
Гүл қауызын ашпа, жапым,
оратылып қалмайын,

Бұрымыңа шолпы тақпа,— тас
түрмеге қамама.
Басқалармен достаспашы,
ренжімеймін мен сонда,
Өзгелерге тәтті үн қатпа, тек
өзімді аяла!
Тал бойыңды тік ұсташы, иілейін
алдыңа,
Өрте мені, лапылдай бер, айналма
тек шалаға!
Бөгде жанды көңіліңе алма, сонда
мен де
ұмытпан,
Жұртқа түгел жылы қарап, бәрін
жақын балама!
Шырынға ұқсап көп назданба,
қайғырмайын
Фархадтай,

Диуана боп елді кезіп,
қацғырмайын далада.
Естимісің, Хафиз зарын, қол ұшын бер, құштарым,
Бей-жай ңарап, мен байғұсты тартпа ауыр жазаға.
Ч*
45
28
Асыл затым, менің зарым жан-
діліңе жетер
ме?
Бір алла үшін қуа көрме, мен бір жүрген әпенде!
Жалынамын: рахым айлап, жарылқашы сорлыңды,
Ағып түскен бақ жұлдызын өз қолыңмен көтер де.

Кірпігіңді ңағып қалып, жазалауға белгі еттің,
Сәл сабыр қыл, кейін өзің екінбеске бекерге!
Өз жаныңды өртеп тұр ғой махаббаттың нұр күні.
Сол шұғыла жүрегімді бір жылытпай өтем бе?!
Көз ілдірмей түнді өткерем, таң самалы әкелер
Сағындырған дос хабарын,— соны медет етем де.
0 асық жар! Өмірімнің кілті жалғыз өзіңде,—
Бар тілегім: дидарыңды тез көрсетсең екен де!
Ғашықтардың һүрметі үшін, мұң-зары үшін

____________солардың
Бал кесеңнен бір татырсаң, төбем көкке жетер де!
Т
46
Қажеті жоқ құмарлықтан құтқарыңдар
достарым!
Байламы жоқ бұлаңдықтан құтқарыңдар
достарым!
Махаббаттың мазағынан, қылымсыған күлкіден,
Қу үміттен құр албыртқан құтқарыңдар достарым!
Әйелдердің қулығынан, алдауы мен арбаудан,

Қыза?анышган түн аңдытқан
құтқарыңдар
достарым!
Жалған ықылас, сараң сүйіс,
жүздесуден сұп-суық,
өңсені езер тұман, бұлттан
құтқарыңдар достарым!
Түні бойы көрген түске мәз болып
жүр бұл Хафиз,
Жоққа жүдеп жылаулықтан
құтқарыңдар
достарым! ¥**47**
Наркескендей жарқ еткен
жанарыңа
шыдайын!
Кірпігіңді қадасаң,— бергені ғой
құдайым!

Қара қасың иіліп жай огындай атылсын!
Одан өлсем арман ж о қ , — болсын солай іләйім!
Тағдыр мені талдырып сагыныштан сарғайсам,
Мыс көзеге сүйеніп, демеу түтып тұрайын.
Айрылысу — түнмен төң, қапастамын мен де сол,
Үміт таңы тезірек атса екен, деп жылайын!
Уа, қайрымды сахи дос, құйшы маган бал шарап,
Бір ұрттамнан жасарып, кәрілікті қуайын!
Кеше түндө мен өзім хасам ішіп — ант еттім:

Мен сендікпін! Сендікпін! Аяғыңа құлайын!
Мінәжатты қой, Хафиз, жайнамазды отқа өрте,
Жалынын бас,— деп жанымның,— өзіңнен медет сұрайын...

V

48

31

Уа, сүйіктім! Коше бойлай жол сап алсам үйіңе,
Жүз мәртебе жолығар ем өзіңменен күніге!
Екі нәркес қара көзің жүрегімді ұрлаған,
Сүрме тартқан екі сиқыр қадалады үңіле.

Босағаңа таяу барып жақындауға мүрсат ж о қ ,—
Қайыршылық қанын сорған мен бейбақтың күні нө?
Дертім меңдеп, әл біткенде махаббатың дару боп,
Бақыт әкеп, нүр себелер өмірімнің гүліне.
Қайғы құсы ұя салған қаусап қалған жаныма,—
Байғүс сірә, басқа жерден жай таппады-ау түңіле.
Саған деген махаббатым — жүрегімдө ақ маржан,
Тотықпайды ол бұл дүние қызығының біріне.
0, омірім, жаным менің! Айтшы, қандай күнәм бар?

Малайымсың, құлымсың!— де, зыр қағайын жүгірө.
Қайда барам? Нө істеймін?
Айтсаңшы бір амалын!
Тағдыр мені жазалады, қайғы жетті түбіме.
Бұл дертіңе шыда, Хафиз, үндей көрме, үндеме,
Ғашығыңды, пәк сырыңды айтпа ешкімге тірідө.

Т

4-533 49

32

Саған қалай айтсам екен коңілімнің ңалауын?
Өзің ғана деп білемін өмірімнің қалауын!

Өзгелерге түк сездірмей саған құштарлығымды,
Оңашада жатсам деймін төріне үйдің — қалауым.
Тағдыр маған сыйлар болса сүйіктіммен сұхбатты,
Таң атқанша тәркі ету ғой көз ілуді — қалауым.
Түні бойы тыным көрмей тізер едім маржанды,
Табылса екен тұңғиықтан кені дүрдің — қалауым.
Таң самалы тербегенде хош иісі аңқитын
Орап қою ортасына сені гүлдің — қалауым.
Ай қалқаның жүрер жолын кірпігіммен тазалап,

Бәйек болып тынбасамшы тегі бір күн — қалауым.
Баңталас пен қаскөйлердің ішін удай ашытып,
Өлең-жырда Хафизбен тең көріну бір — қалауым.
Т
50
33
Ерке-тотай қылығыңмен өртейсің-ау жүректі,
Ол да сенің бұрымыңа оралуды тілеп тұр.
Қалқатайым, көңілімнің берер болсаң қалауын,
Сұқ көздерден сақтанайық аңдып жүрген тым епті.

Бар арманым — түні бойы май
шам болып жану ғой.
Жанып түрып еріп кетсем, берді
дер ем тілекті.
Деугаі едім ғой: «Гүлге сонша
құштарланып
ынтықпа,
Ол да сені сүйгелі де талай-талай
күн отті».
Қажет емес қалқатайға қамқа
менен әтірің,
Онсыздағы кигені оиың кілең
атлас, жібек-ті.
«Дүниені тіреп тұрған
тұтқаларда» ісім жоқ,
Іздегенім — оңашалық, табам
содан тіректі.

Хафиз тағы өртенулі
құштарлықтың отына,
Сонда да ол сынға берік нағыз
асыл сүйек-ті.
*****

4* 51

34

Тағдырдың берген ризығы аз,
қиын-ақ жүрер
жолым да.
Көкірегі соқыр күштінің мазақ та
болдым қолында.
Тек қана сұлу қыздардың қолаң
шашы қорған боп,
Көңілім сергіп серпілдім,
котерілді бойым да.
Аспанда не боп жатқанын сұрай
бер менің көзімнен,

Жұлдызды санай бастасам сан
саққа толқыр ойым да.
Шарап толы кесенің ернеуін
сүйем еміренe,
Сеземін сонда дүниенің қызығын,
бары-жоғын да.
Сүйріктей нәзік саусағым ізгілік
үшін жаралғап,
Жасай алман өктемдік кедей-
кепшік тобырға.
Тәңіріме мен ризамын, Мұсаның
бағын берсе егер,
Жанын да құрбан етпекші ол
жаратушы жолында.
Көз жасым көлдей ақса егер, сөге
көрме сүйіктім,
Жайранпан алған мүшкідей
бағасы ңымбат оның да.

Мейлі Хафиз мас болып жүрсе де басы айналып,
Саған деген ықыласы озгермес берік орында.
т
52
35
Жастық шақта кидік киім жібек пенен мақпал-
дан,
Бұл күнде оның бәрі тозып, жамауменен апталған.
0 тәңірім! Сарқылыпты-ау саулап аққан сал-бұлақ,
Һайрат кеміп, сезім сөніп, сағым болып ақты арман.
Туыстан да, достардан да бірте-бірте айрылып,

Жолдас болмай дүние-мүлік, баян таігаай бақ қалған.
Бүл ажалға ешбір дауа табылмайды әсте де,
Тек Фархадтың шоқ жұлдызы мәңгілікке сақталған.
т
53
36
Бақыт құсы қолыма кеп қонарына сенемін,
Ай қалқаның ақ жүзінен бір жылылық сеземін.
Кесе толы шарапқа егер түсер болса сәулесі,
Һуаныштан жүрек шіркін жарылар ма дер едім.

Сарайыңа адам түгіл кіре алмайды жел-дағы,
Сонда саған арнау жырын қалай барып беремін?
Кедергіге көндіктім ғой, армандауды қойдым да,
Бақыттың бал бұлағынан бос қайтқан соң зеренім.
«Тірлігіңнен түңіл,— деді, сенің қолаң шашың да,—
Бұрымыма бір оралсаң, бермес ешкім көмегін».
Ңайғылыны кері итерме, бәлкім, бағым сен шығар,
Кітап ашып тағдырымның білсеңші анық дерегін!
Арман болған алтын айым арсы-гүрсі биіктен

Лашығыма ақ сәулесін күтемін
коп себерін.
Сен тұратын махалланың тозаңы
да дару ғой,
Хафиз одан жанға шипа табар
барлық керегін.

Т

54

Менің бүтін жан-жүрегім — сенің
ғажап
жанарыңда.
Сенің ғажап жанарыңның тұрмын
түгел қамауыида.
Алаулаған ернің ғана тірілтер-ау
жанымды да,
Тірілер тек менің жаным сенің
ернің алауында.

0 перизат, ерке-назың — менің гүлстаным ғой,
Гүлба____________ғым ғой ерке-назың, салқын сая табарым да.
Жүрегім-ай, қалай ғана ңұштар едің сол сұлуға,
Сол сұлу ғой бар құштарым, сол ғой таңдап
ңалауым да.
Сұлу көркің Мысырмен тең, мен — Жүсіппін
Ханаандағы.
Ханаандағы Жүсіппін мен қалған Мысыр қамалында.
Сыланғанда сұлу бойың сәру ағаш секілді ғой.
Сәру ағаш секілдісің өскен Нілдің алабында.

Жыр ұстасы — Хафизбын ғой,
сұлулығың сый
болсыншы!
Сұлулығың сый болсыншы, саған
тарту ғазалым да.
ЧГ
55
38
Дидарыңды көрмей-ақ та құштар
жандар
хисапсыз.
Бүр жармаған қызыл гүлге теңер
тура қипақсыз.
Осыншама көп ішінде бір
дәруіштің несі артық,
Ол да саған сырғақтамай
табынады бұлтақсыз.

Харабат па, ханақа ма —
махаббатқа бәрі бір.
Түнек түнді тіліп түсер сіз бір
ғажап сипатсыз.
Тақуалықты мақтан көріп сырт-
сыпайы боп жүру —
Ғайры-діннің кәсібі ғой тарихатқа
пұрсатсыз.
Қалай ғана ықыласыңды
аударамын өзіме,
Ойлай көрме «адам еді,— деп,—
бұл не қылған
ынсапсыз?»
Хафиз сенің көл ғып төккен зая
кетпес көз жасың,
Ғажап ғазал шығады ғой
қайғылыдан шын бақсыз.
*

56

Мешіттерде мүлгіп тұрып уағыз айтқан молда-
лар,
Жұрт көзінен таса жерде сан сұмдықты қолданар.
Ғұламадан сұрадым мен: «Мұның жөні қалай?»
деп,—
— Мұны көрген өзге жандар қалай ғана оңдалар?»
Құдіреттің қаһарынан жұрттың бәрін қорқытып,
Өздері кіл қулық қуып пайда іздеп жорғалар.
0, Тәңірім, жалған сөйлер жәһілдерді жазала,

Судай сұйық суайттықпен елге
мазақ, қор болар.
Қасиетті Маг алдында арым таза
өзімнің,
Дүнием түгел: шарап толы кәрлен
кесе қолда бар.
Сорлы софы-ау, сырғақтамай
харабатқа келсеңші,
Бір тойғанның өзі мұпда бар
байлықтан мол болар.
Құдіреттің еркіндө ғой: демі бітіп
біреудің,
Біреулердің бағы осіп, дәрежесі
зорланар.
Құштарлық пен қомағайлық
бірдей емес әсте де,
Құлқынқұмар қуларыңнан жаным
шошыр, қорғалар.

Саррафқорлар шын асылдың тани бермес қасиетін,
Ғарға таққан моншақты да маржан-ау деіі ойланар.
Ей, дәруіш, харабатқа кірер жерде дұға қыл,
Сонда тәңірім сендерге де мейірі түсіп оң қарар.
Таң сәріде Мағыраждан келді ғажап бір һауаз:
«Кім Хафизды құрметтесе, шын әулие сол болар!»

Т

,г>7

40

Мына дүние татымайды бір тамшы көз жасына.

Шарап үшін тонын сатқан адам бізбен ашына.
Тақуаларға харабатта бермес сусын бір жұтым,
Бал шарапты бағалаймыз жайнамаздан асыра.
«Шаирлардың көз жасына сенбе»— дейді күншілдер,
Бұл сөзбенен тұрар олар өз пиғылын жасыра...
Билік, байлық әркімді де қызықтырып тартады.
Патша тағы тең болмас-ау қайран алтын басыңа.
Теңізбенен талай жерді араласам, деп едім,
Дауыл тұрып жолатпады мені кеме қасына.

Бар әлемді жаулап алған тах иесі әміршім
Әлек болса әскерлерің жеңісіңе тасыма!
Хафизға ұқсап қайыршы бол, қу дүниені тәркі қыл,
Алған емес, берген — ұлы, көшсек сөздің расына.

Т

58

41

Күнәлі істен күпі-түні безіп жүрген пірміз
Мәйханаға кіргенінде кетті өзгеріп түріміз.
Мешіт қайда? Мұны көрген мүридтерге не дауа?

Бүйте берсек Байтуллаға бет
бұрмаспыз біріміз.
Аллатағала сірә бізге харабатты
жазған-ау,
Көбіміздің қимайтұғын болып
алды ол үйіміз.
Осы мекен-жайымыздың жақсы
екенін көрсетіп,
Талайларды тура жолдан
тайдырармыз түбі біз.
Қайырымдылық? кереметін» көріп
жүрміз бұл
жерден,
Зұлымдықты ұмыттық та, жарық
болды түніміз.
Самаларда кілең дәруіш
сарнағанда бас қосып,

Тас жүректіерітеді әсем ән мен күйіміз.
«Адал» ,«арам» ара-жігін айыруға құштармыз,
Әттең, соны кім ұқтырар иланардай ділиміз.
Көкті тіліп өтетін де күрсініс бар, Хафиз-ау,
Соны да ойлап сақтанбасақ не болмаңшы күніміз.

V

59

42

Көктем таңы қандай ғажап, құлпырып тұр
айпала.
Самал желмен ырғалады қызғалдақтар жәй ғана.

Желпіші жел, жеткізші тез менен
ыстық сәлемді
Айтылды ол райхан-гүл мен
сәруіме арнала.
Чоуғапға ұқсас бұрымы бар ай
дидарлы сұлу қыз
Жағдайымды ұғар ма екен, жүрер
ме әлде паңдана.
Харабатта сайран құрып
отырғаннан қорқамын,
Күлер болса қасіретіне жүрген
жанның зарлана.
Тоңірі өзі қолдаған соң, кемесіне
Нуһінің
Мұхиттан да жер табылған, берме
бұгап таңдана.
Бір үзім нан сұраймын део кокке
қарап қол созба,

Нан орнына жаза шегіп қаларсың
құр сандала
Қасиетті Маг алдында орқашан да
бас иіп,
Кірнігіммен шаңын сүртіи бәй.ек
болам қаііда да!
Дүниенің тылсым сырын білемін
деп ойлама,
Басындағы аз ақылға қаларсың тек
алдана.
Ең ақырғы мекен-жайы қабыр
болар адамға,
Сәулеті асқан кең сарайдаи көрмес
ешбір паііда да.
0, Мысырдың падишасы, жарық
айы Ханаанныц,
Шықсацшы тез тар зынданнан
жолын тауып қамдана.

Айдарыңды неге сонша тас ңып жінпен өресің,
Қандай айла, сиқыр күшке қалып едіц арбала?
Хафиз, сен де масаңдықпен сауық-сайран құра бер,
Құран сөзін ңылбұрау ғып қолдануға барма да!
Т
60
43
Е) Шыға берсін мінберге де мұхтасибі қаланың,
Ңұрғақ сөздің құны канша қырнағанмен тамағын.
Лдам шықпас айуапнан шарап ішпеіі жургенмен,

Қайырыммен коріктенер басқан әрбір қадамың.
Інжу-маржап барша жұрттыц игілігі болмаса,
Анық-ақ қой шын асылды айыра алмай қаларың.
Ұлылықтың сын-сипатын соз емес, іс танытар,
Сүлеймен деп атаған жоқ диюды егпкім, қарағым.
Махаббатты мадақ етем, бағытымнан таймаіімып,
Тірі пәнде бұза алмайтын бұл бір мықты қамалым.
Құдай озі қолдап мені айнытпасын сөзінеп,
Аіі қалқашым деп еді гой: Қалауыңды« табамын».

Сеп — олемнің тәжісің ғой,
тілеймін мен Тәцірден:
Бостан боска қатуланып
түймесін,— деп,—
қабағын.
Хафиз шаир айтқандан-ақ:
жылтырамас құм әсте
Адам қанша қулық жасап
қолданғанмен амалын.
61
Намазға ұйый берген сәтте кетті
елестеп
қабағыц.
Сол-ақ екен қалдым ұмытып
намаздың бар сабағын.
Сабыр, тозім, ақыл мен күш
қалмай қойды бойымда,

Жалын жалап тұрғандай-ақ күйіп-
жанып барамын.
Шарап дайын, махаббат пен
сауық-сайран туды айы,
Бұлбұл үні бүйықтырған
ғашықтардың талайын.
Махаббаттың хош иісі келіп
жатыр жан-жақтан,
Гүл басында шықтар тұнған бір
рахат жай маңайың.
Жас жұбайлар отаулары
шаңырақтарын көтерсін,
Сүйіспендік гауғыласы токсін
нұрлы арайын.
Табиғаттың түгел бүгін
түлейтұғын шагы ғой,
Тек сен ғана түрленбей-ақ
әдемісің ,қарағым.

Бүршік жарып, жапырақ жайып
жатыр жеміс ағашы,
Сәру ғана бойын сылап өзгертпей
тұр ажарын.
Мүтриб досым, саз-сырнайды
қолыңа енді ал-дағы,
Айтып жібер Хафиздың бір ең
тамаша ғазалын!
V
62
■* Сүмеңдеген софылардан
аулағырақ жүргейсің.
Сері көңіл азаматты жанға жақын
білгейсің.
Ақылдысың, биязысың,
сондықтан да сен қазір
Жанда киген жұтаңдардың
сыпсың сөзін

сүймейсің.
Тақуаның шапанынан патастықты
көп көрем,
Қыл көпірден өткен кезде одан
бұрын күймейсің.
Риндтердің өмірінде күнәкарлық
жоқ мүлдем,
Шарап тамған шапанын да
құрметпенен ілгейсің.
«Шүрек қаныш» жұтады олар,
бәрбат сыңсып күй
салар,
Бұдан өзге бұйырмаса не жетісііі
жүр дейсің.
Маған шарап құйып тұрып ішіне у
тамызба,
Меніменен бір жүргеннен жаман
атақ ілмейсің.

Отыр кәне, сақтан бірақ, мінезі өрт қой Хафиздың,
Құштарлыққа толы жаны мұңлы зармен
күңіренсін.

63

46

ЕУ Тәуіптерге қанша айтсам да көңілімдегі
мұңымды,
Біреуі де жасаған жоқ бойыма ем жұғымды.
Раушан гүлі ұялғаннан ал-қызыл боп құбылса,
Айналаға махаббаттың ыстық лебі құйылды.
Өз жайымды айттым сонсын жандай жақын досыма,

Айықтыр деп, қиял-дерттен меңзең қылған миымды.
Тәңірімнің рахымы түсіп таланыма жазғай да
Таң дидарлы сүйіктімді көріп күнде тұруды.
Махаббат бір күміс құты, құлып оған салынбас,
Тек сүйіскен жүректерге оның мәні ұғымды.
Заманның заң-жоралғысы болса кілең қайырымды,
Қайыршы да құшар еді-ау қиялдаған сұлуды.
Хафиз, сен де көп тыңдасаң ғұламалар өсиетін,
Құр-биһуда қасірет шегіп айтпас ең зар-мұңыңды.

64

47

!) Мұхтасибқа белгілі ғой менің қандай екенім:
Шарапқа да, сауыққа да кірісіп-ақ кетемін.
Күнәкармын, өкінем де, бірақ, баһар күндері
Шалқып жүрмеу, сұлу сүймеу — білем мүлдем
бекерін.
Көктемеде бақ ішінде не бар кітап ашардай,
Ал раушан гүлдеріне қарай-ңарай өтемін.
Байлығыңның батпағына былғамаймын пейлімді,

Әбден көріп жүрсем"дағы
кедейліктің не екенін.
Тағдырға да тізе бүгіп
жалбарынар жайым жоқ,
Жоқтық иттің зары өтсе де,
мұратыма жетемін.
Қатал қыстың қаһарынан
қорғаныш та іздемен,
Нұіптарлынтың қызулы оты —
менің ыстық
мекенім.
Күнәкарлық көп қой менде, шарап
көрсем
шаттанып,
Тақуасыпған тақсырларды сайқы-
мазақ етемін.
Көз жасымнан інжу төгем... Бар
байлығым сол

ғана,
Мен бе екенмін баюды ойлап
байыз таппай
кетерің?
Шарап толы кәрлен кесе жұмаң
жолын көрсетер,
Керегі жоқ бұдан өзге маған тура-
төтенің.
Хафизбенен қалжыңдаспа,
қулықты да ойлама,
Арбауға ерер жан емес ол —
сүймейді ешкім
жетегін!
5-533 **65**
48
Чанг мен уд зарын тыңда, олар
бүгін не
дейді?

«Жасыр,— дейді,— сүйгеніңді, біте,— дейді,—
көмейді».
Махаббаттың мәні кетті ,үрей кеулеп жүректі,
Озбырлықтың опат күші бізді мықтап тежейді.
Шарап ішкен зардушт ңария күстәнаға айналды,
«Жастар жетер, сол шалдарға тимейікші»,—
демеііді.
«Іпгу — күнә, сүю — күнә. Күнә, күнә — бәрі де...»
Чанг мен уд міне осылай мұң мен зарға бөлейді.
Даналықтың дару кілтін талай ғалым таппаған,

Енді бүгін тыраштанғап білгіштер
де көбейді.
Есік жабың, есеңгіреп,
қаңғалақтап біз қалдық,
Сыртта тұрып сығалаймыз, түйіп
ішке шеменді.
Қай байлығың қымбат түрар бір
жалт еткен
жанардап,
Сырға қанық сұлулар жүр білер
парық, өреңді.
Не амал бар? Біреу мұқап, демеу
көрер біреулер:
«Шыдам менен ецбек бәрін
реттейді»,— дегенді.
Е, пенделер! «Мына дүние берік
тұр»,— деп
ойлама,

Бәрі өзгерер, үзер уақыт
шырматылған көгенді.
Шайхы, мүфті, мұхтасиб та —
жалғаншыл ғой,
Хафиз-ау,
Шарабыңды ішіп ал да, шалқыта
бер өлеңді!
86
Т
49
Қара мына екі достың мәз
болысқан күйіне —
Жайғасып-ақ алыпты ғой саялы
ағаш түбіне.
Шаттық толы бұл ғажап сәт артық
қой бар
қазынадан,

Тең келе алмас күш пен даңқтың,
бақ-дәулеттің
бірі де.
Ағалары күндеп құртқан кері
келер Жүсіптің
Бұл ләззатты берер болсаң қазына-
пұлдың біріне.
Екеумізге қарап тұрған түк те жоқ
бұл жалғанда,
Тақуаси бермесеңші менен сонша
түңіле.
Құйын соғып құртып кетті
жайқалған гүл бағымды
Иісі түгіл зар боп қалдым жүз
құлпырған түріне.
Жұрдай боп тұр қуаныштан кесесі
де Жәмпшдтің,

Көз көрмеген қасірет-қайғы жетер
ме екен түбіме.
Дүлей дауыл тұрды-дағы астан-
кестен болды маң,
Төңірек түгел тып-типыл боп,
қалмағандай түгі де...
Шыда жүрек, сабыр етші, Аллам
өзі қолдаса,
Ахриманның әлі құрып, өшер
әбден үні де.
Менің адал көңілім үшін тәңірім
тартар сый қандай?
Қайда қимас қара көзім қасірет
шеккен бүгіле?!
Бұл заманда тағдырың да тараң
тартқан, Хафиз-ау,
Дана да жоқ, ғазал да жоқ. 0,
опасыз дүние!

Т

5* 67

50

Ей тақуа, риндтерге тиісіп не
табасың?
Саған ешкім жаппайды ғой
күнәкарлық жаласын.
Жақсымысың, жаманбысың —
бәріне айғақ өз
ісің,
Арпа сеуіп алма алам деу таппас
ешбір жарасым.
Мешіт үйі махаббатқа бола
алмайды мекеп-жай,
Мастық пенен құштарлықтың
парықтай біл
арасын.

Мәйхананың маңдайшасы михрабым ғой тәу етер,
Мұның мәнін ұқпайтындар тартар зауал жазасын.
Қорқытпа сен мені әсте жазмышымен тағдырдың,
Кімнің жақсы, кім жаманын қалай біле аласың?
Тақуалықты тәркі еткен талайлар бар тарихта,
Адам-ата кеткен тастап жұмақтың да саясын.
Мінәжатшыл мінезіңе мақтанбағын ей софы,
Тәңірінің қалауы не, сезе де алмай қаласың.
«Асыл заттан жаратылдым» деп жүрсең де өзінше,

Табиғаттың таразысы айтар тура
бағасын.
Жопнат бағы жанға жайлы
болғанымен қаншама,
Дей алмаймын: «рахаттана бал
шарапқа қанасың?.
Өлер әлет келген шақта кәрлен
кесе қолға ұста,
Сонда, Хафиз, іркілместен
жұмаққа да барасың.
Т
68
51
Көктем ғажап, шараптан да көңіл
шалқып
тоғайған.
Әттең, еркін іше алмайсың: қысым
әбден зорайған,

Мұхтасибтың заңы қатал, туды ғой зіл зобалаң,
Ішер болсаң жасырып іш, шықпай аула-қораңнан.
Софысынып сүмірейе бер, көлегейле кесеңді,
Қазір дүние шарапқа емес, қызыл қанға боялған.
Жайнамазға жұққан дақты көз жасыңмен тазала,
«Жаңылғаным ж о қ , — деп,— әсте жүз қайталар
тобамнан»,
Аспан қазір түбі тесік тор қалтадан аумайды,
Кей-Хұсрау Парвиздің де басы тұрмай жоғалған.

Кок күмбезі төңкеріліп, дүние жатыр дүрлігіп,
Осы күні төңірек түгел мұң мен зарға оранған.
Не бар мұнда Хафиз саған?
Бағдат, Тавриз тұр
күтіп,
Таңғажайып парсы жыры жан-жүрекке жол алған.
V
69
52
Көктемеде өзен бойлай өскен баққа не жетсін!
Шарабыңнан құйсай досым, кімді күтем демексің!
Мәңгілік су, жұмақ жайлы ертегі көп, аңыз көп,

Сопың бәрі дегендік пе: «бізді өмірден тез өтсін».
Ажал айтып келмейтіні әлімсақтан белгілі,
Қас қағым сәт қуаныш-ай, бізге сонша керексің!
Анық-ақ қой өміріміздің қыл ұшында тұрғаны,
Тататұғын дәм мен тұзды тәңірім өзі көп етсін!
Жазмыш сырын ешкім білмес, ол бір терең тұңғиық,
Ғайыптан-ақ болжайтұгын Расул-Алла емессің.
Тақуа да, маскүнем де —
Тәңірінің пендесі,
«Бұл екеуі бір атаның бел баласы» демес кім?

Пәруәрдігар күнәмізді кешер болса түбінде,
Керегі не қазір бізге пәтуәсіз егестің?
Хафиз көңілі шарапқа ауар, софы тілер кәусарды...
Ал Язданның қалауы не,— білмес оны тегі ешкім!
V
70
53
Мұхтасиб та кетті өтіп мынау фәни дүниөден.
Тыншу тапты-ау көңіліміз көрген көптен дүрбелең.
Харабаттың күні туды, құштарымыз қансын бір,

Өзіміз де боп бітіп ек әбден үркек-үргелең.
Шираздағы махаббаттың жыршылары жиналсын,
Көптен бері ерініне қызыл шарап тимеген.
Ей тақуа, жеті мәрте қайнатсаң да тазармас
Ақ көйілегің аңдаусызда шарап тамып кірлеген,
Қауышудың қызыл гүлі ашты әсем қауызын.
Сандуғаштар сайрасыншы шаршауды әсте білмеген.
Байқа Хафиз, асып-тасып тым шалқи да бермеші,
Патша ағзамға ғайбат айтар қаскөй доңыз күндеген...

*****

71

54

Оразада ауыз тұтып жүрген
күндер өтті ғой,
Көлгірсіген күйкі өмірді сүрген
күндер өтті ғой.
Әкел бері мыс көзені, толтыра құй
шарапты,
Қапалықтан іш ортеніп күйген
күндер өтті ғой.
Ішелікші масайғанша, әцкі-тәңкі
болсын бас,
Жақсы, жаман дегенді әбден
білген күндер өтті ғой.
Ұмыт болған хош иісті қайта еске
алайық,

Құшырлана, құмар қана сүйген
күндер өтті ғой.
Бар бәданым мұздап қапты
ақпаған соң қызу қан,
Аш озекті шарап оты тілген
күндер өтті ғой.
Тақмезешіл тақуалар бізден аулақ
жүрсінші,
Риндті олар күстәналап күлген
күндер өтті ғой.
Бойымдағы бар асылым шарапқа
ұқсап сарқылып,
Көңіліме қазына сырын түйген
күндер отті ғой.
Кәне досым, құй шарапты,
қандырайын шөлімді,
Тағдыр зары таңдайыма тиген
күндер өтті ғой.

Хафиз бүйтіп сайрай берме,
адасқанның алды жар,
Бір Алланың мейірімі иген күндер
өтті ғой...

V

72

Бұл жаһаннан бақыт іздеп байыз
таппай
сарылам.
Табар оны жар жағалап, баз
кешкендер жанынан.
Өкініш пен өксік толы өмір сүрген
халім бар,
Зар еңіреп, күйіп-жанып, қайғы-
мұңға малынам.
Бұлбұл байғұс түні бойы гүлге
айтқанда арманын,

Өзімнің де ет-жүрегім елжіреген,
налыған.
Қой көңілім, қапаланба, хошуақ
боп жүре бер,
Сенің қадір-қасиетіңді жұртыц
анық таныған.
Мейлі, мынау жер-жаһанды қатал
тағдыр
тарылтсын,
Сескенбе оның сұстынан сен, айт
сөзіңді ағынан.
Тіліңді тый ең әуелі, десең өзің
егерде:
«Бұл дүниенің азабы мен
механатынан арылам».
Е, Хафиз-ау, орындала берсе
пенде тілегі,

Жәмшид сірә түсер ме еді
алтындаған тағынан.
>
73
56
Кеттім елден, бездім сенен сағым
сынып
жығылған.
Қан жылаған қайран жүрек
тілкемделіп
жұлынған.
Алыс жерде аңсап елді
жүргенімде сағынып,
Қуанамын қандай хабар келсе-
дағы қиырдан.
Адалдықтың ақ жолында мені
тәңірім қолдасын,

Осы тілек қашанда да шықпас әсте
миымнан.
Кінәласар күн туса егер,
пәктігімде шүбә жоқ,
Ал өзің не айтар едің мінезіңе
құбылған?
Менің жуас жүрегімде
құштарлықтың оты бар.
Өшіре алмас оны бар күш
шартараптан жиылған.
Кок құрсауын быт-шыт қылып
үзермін де
тастармын,
Келмесін деп ғашықтарға бәле-
жала қиыннан.
Көрген кезде алаулаған менің
отты жүзімді,

Раушан гүл де өңі солып,
сабағынан қиылған...
Шираз жұрты сұрар болса: Хафиз
қайда кеткенін
Дерсің өзің: «жылай-жылай
қаскөйлікпен
қуылған».
V
74
Мен емеспін жолаушыға ақ
тілеуден жалықпақ.
Өзім де бір кезбемін ғой, қарар
болсаң
байыптап.
Досым еске түскен кезде көзден
жасым саулайды,
Бұл күйімді өз басынан шын
өткерген жан ұқпақ.

Туған жерім жүрегімнің ең
төрінде сақтаулы,
Оны ұмыту болар еді кешірілмес
айып нақ.
Өзгелердің харабатын қоныс етіп
күн кегаем,
Үйге оралар жолды маған кім
көрсетер анықтап?
Қашан қоям пір тұтуды ары патас
жандарды,
Коктен неге келмейді һауаз жөн-
жосығын
парықтап?
Түн самалы, таң арайы таянышым,
мұңдасым,
Бақ жұлдызым бағдарымды тұрар
тура бағыттап.

Шираз жаққа қарай-қарай көз
талады ңарайып,
Біле алмадым тағдыр мені енді
қанша сарылтпақ.
Қоштасарда көп жыладым,
кінәратқа күйініп,
Қазір кімге мұң шағамын, кім
құрсауды ағытпақ?
Кеше маған Зуһра жұлдыз
жарқырап-ақ қарады,
Сірә, Хафиз, кетер болар даңқың
биік шарықтап!..
т
75
Ханаанға қайтып Жүсіп те келер,
жылама.
Гүлістан сынды лашығын көрер,
жылама.

Қасірет шеккен сенің де жаның
жай тауып,
Алланың өзі рахымын төгер,
жылама.
Көктем де шығар, қонарсың гүлге
бұлбұлым,
Көкорай шалғып нуына бөлер,
жылама.
Көк-зеңгір аспан қашангы теріс
айналар,
Ол-дағы бір күн еміреніп өбер,
жылама.
Келешек сырын қараңғы перде
бүркеген,
Жадырап әлем қайғыпы жеңер,
жылама.
Дүниені мынау топан су басып
кетсе де,

Нуһ пайғамбарға үмметі сенер, жылама.
«Меккенің жолы баябан шөл» деп қорықпа,
Ықылас-пейілің күш-қайрат берер, жылама.
Мұғылан шөбі кедергі-кесір бола алмас,
Жаратқан алла қолтықтан демер, жылама.
Қағбаға жету қаншама қиын болса да,
Тоқтамасаң жүрісің онер, жылама.
Хафиз-ау, сен де түн бойы оқып дұғаны,
Отырсаң егер аударып Құран, жылама!
Т

76

Жап серігім, ұзақ жолға шыққан бүгін қалпың
бар.
Мен дө нағыз сорлымын ғой соцыңа еріп салпылдар.
Бұғағыңда бір иірім бар, иіріміпдей дарияпың,
Талай ақымақ Жүсіптер де сол иірімге тартылған.
Сол Жүсіптер бүгінде де құрбапдығың жолыңда,
Сұлу тұлғаң — сүйеніш те, лебің — самал салқындар.
Егер сенің бұйра шашың арман болса көктегі,
Кінәлі оған жүрегім ғой қол ұсынсам қалтылдар.

Сән-сәулетті сарайыңда сауық-
сайран сала бер,
Тек күзетшің мен келгенде боп
жүрмесін алқымдар.
«Шаршап, жүдеп, арып-ашып
келсе-дағы сол сорлы,
Мепің жаным, —дерсің,— оған
шар айнадай
жарқылдар».
Дерсің оған: «Хафиз келсе
тоқтатпай-ақ қақпаны
аш,
Жаны таза адам ғой ол ақ
көңілмен аңқылдар...»
т
77
60

Удодым менің, самал боп ұшшы,
Сабейге сені
жіберем.
Табылсын Деп қасірет жеген
жанымның емі —
жіберем.
Асыға көрші, кідірер не бар сірә
да саған бұл жерде,
Қуантсыншы сол жақтан айтқан
хабарың мені —
жіберем.
Сағынған жерім күн-түні тұр ғой
көзімнің ғана
алдында,
Махаббатты бөгер жоқ қой,—
деп,— жолдың ылди
мен өрі — жіберем.

Дұғай да дұғай сәлемді жолдап
жүргеніме де
талай жыл,
Досыма айтар сөздерімді
____________жеткіз деп тегі —
жіберем.
Өзіңе арнап шығарған осы
ғазалыма қарап
жанымды ұқ,
Айнадай айқын көрінер,— деп,—
коңілімнің төрі —
жіберем.
Жан дегендегі жақыным сенсің,
тек қана қазір
жырақсың,
Сондықтан, бәлкім, болса да
мадақ созімнің
көбі — жіберем.

Сырнайға қосып шығардым ғазал
ақ жүрегімнен
досыма,
Шалқысын деп кеудеңде сенің
сезімнің селі —
жіберем.
Күтемін жауап, күтемін сенен
пейліңнің біраз
кеңуін,
Келетін болса сол жақтан маған
мейрімнің желі —
жіберем.
«Той-думанның қызығы едің,
қымбатты Хафиз,
орал тез!—
Десеңші,— саған наз бедеу жүйрік
күмістен ері —
жіберем».

78

61

ЙГ Әзиз досым, өмірбақи
қарыздармын өзіңе,
Кеттің неге менен жырақ жаттан
бетер безіне?
Сандықшамда сақтап журген
маржан тастың бәрі де
Тең келмейді жан-жүректі жарып
шыққан сөзіңе.
Кешегіден қалған шарап бар ма
екен көзеңде,
Қажет кезде тұрсаң болды хал-
жайымды сезіне.
Моз боп қалам, масаң досым келіп
тұрса күттірмей,
Бірақ, ондай сәттер маған
бермейді коп кезіге.

Шайхы, өзің ойлап көрші,
риндтерде айып не?
Қашанғы олар отырады тар
құжырада езіле?
Барады ортеп өзегімді іштегі бір
жалын дерт,
Отқа өртермін шекпеніңді, түсе
берме көзіме.
Хафиз, сенің ғазалыщдай көргем ж
о қ , — деп,— ғажап
жыр
Құран ұстап, хасам ұрттап,
ант та айтармын өзіңеі
79
Удодым менің оралды бүгін,
рахымы жауды
тәңірінің!

Сабейден жақсы келді де хабар
құйғандай болды
таң нұрын.
Лүпілде жүрек, Дәуіттің тәтті
әуезін төкші көмейім,
Сүлейменнің де ықыласы ауып,
арылсын бойдан
бар мұңым.
Қайғыны ұмыт, шипасын тауып
жаныңның емдө
жарасын,
Шараптың исі аңқиды қырдан
самал тербеген
шалғынын.
Не үшін кеттім? Оралдым неге?—
Біле алмай
қалдым өзім де,

Қасиетті әулие қайда, ұғатын
сұлтан жарлығын?
Алдамшы жолдан бетімді бұрып
түсірген тура
бағдарға,
О, мейірбан медеушім менің,
молынан болғай
қайрымың.
«Тағы да сол бір тас жүрек
жанның еситу ____________үшін
дауысын
Оралып әлде келем бе?»— деп те
ұялайды ойға
қайғы-мұң.
Қойсаңшы Хафиз, өршіте бермей
өткеннің өкпе-
кінәсін,

Қайрымды патша қабағы жылып,
кеңір-ау енді тар
күнің!
°Г
80
Құштарлықтан өзегім өртенген
екен бекерге.
Алаулап жанғап мазасыз өр
кеудем екен бекерге.
Көңілімнің құсы шарықтап көз
жетпес қиыр,
қиянға
Шапанымның шалғайын жел
керген екен бекерге.
Баға жетпес қазынаға қол
жеткізем деп жүріп,
Сары жезді алтынға теңгерген
екем бекерге.

«Мәжілісіңе бас болып отырамын»— деуші едің,
Құр сөзіңе хұрсант боп желденген екем бекерге.
Сайрапшыл, сері жап болып көрінгенмін-ау сұлтанға,
Қолтығыма су бүркіп, дем бергеп екен бекерге.
Көк кептер сынды жүрегім еркіндіктен айрылып,
Торға түссе алданып, жем көрген екен бекерге.
Құштарлықтың құсырып қаншама көп тарттым мен?
Енді аңғардым: сол күндер — сергелдең екен
бекерге.

Лағыл ерін алаулап ақыл-естен тандырды,
Азапқа салып жанымды сенделген екем бекерге.
Өзгелерді де өзіңдей періште санап жүргенде
Хафиз-ау, сенің жүрегің шерленген екен бекерге.
Г
6-533 81
«Неғып тұрсың? Гүлдерді үз, шарап судай
ағылсын!» —
Десе раушан таң алдында, бұлбұл қалай аңырсыи?
Жастық шақта ойна да күл, гүлзар толсын
шаттыққа,

Нәркес, лала, райхан гүлдер алқа
болып тағылсын.
Жұпар исің аңқып тұрсын,
самшитке ұқсап бойі
түзе,
Ақ балтырлы ақ қайыңның іші
күйіп тарылсын.
Үлбіреген қызыл ернің қызыл
гүлдей бүр ашып,
Оны кімдер сүйер болса, сол
бақытқа малынсын.
Бүгін — нағыз ханбазар күн,
бағың, бәлкім,
жанар-ақ,
Бойыңдағы бар байлығың жаймаға
әкеп салынсын.
Сұлулық та жел сияқты шоқты
үрлеп жандырар,

Сұлулықтан шырақ алғап талант шамы жағылсын.
Той-думанның көркі бүгін келісіп-ақ тұрар да,
Коңілдерде көк кептердей жыр қанаты қағылсын.
Патшаның гүл-бақшасында әнші құстар бас қоспақ,
Кәне Хафиз, ғазалыңды айт, бәрі есінен жаңылсын!
___________**Т**

65

Таң самалы, жетші тездеп сағындырған
сәулеме.
Тау мен тасқа қуған сол ғой салып мені өуреге.

Бәлкім, сенен сұрар да ол: «Тоты құсым қайда!»—
деп,
Тоты білгір болса-дағы құмар тәтті әрнеге.
Мен-мендігіп қойып, әлде бұлбұл жайын сұрар ма:
«Ол өзі әлі тірі ме еді?»— деп, қас-қабағын сәл керө.
Ақылды құс құрған торға түсе қоймас әсте де,
Ұстар оны алдарқатып алақаннан дән бере.
Өзгелермен сауық-сайран құра берсін, мейлі ғой,
Анда-санда есіне алып тұрсыншы тек әлде де.

Түсінбей-ақ қойдым-ау мен
сылқым қара көздерге,
Неге назар салмайды екен біздей
пақыр пәндеге?
«Тек қапа мен мін табамын
сұлулықтан сендегі»:
Баян таппай, жүз құбылып, коз
саласың әмбеге.
Көктегі коп періштелер билеп
кетсе несі бар.
Хафиз айтқан ғазалға да, Зуһра
салған әнге де?
1Р
6* 83
66
«Уа сұлтаны сұлулардың, рахым
етші!»—
дедім мен.

«Кезбе байіұс алжасты-ау» деп, тұрдың мысқыл
бейілмен.
Жалындым меп: «бірге бол!» деп, сен: қайыр« қош!»
дедің де,
Кері итердің көкірегімнен керден тартқан көңілмен.
Ңұс мамықта жатқан жандар қайдан білсін халімді,
Өтті күндер маған шеңгел мақпалдай боп көрінген.
Бұрымыңның бұраулары қандай зілдей, тәйір-ау,
Түсімде де көз жазбадым бетіңдегі меңіңнен.
Сендегі әсем түбіт иек өзгелерде жоқ тегі,

Сыландаған сұлулардың көріп
жүрмін көбін мен.
Нәркес гүлдің бүршіктері
айналғандай раушанға,
Шарап буы қызыл нұр боп ақ
бетіңө төгілген.
Қара« шашы қара түндей сұлуым-
ау, сақтанғай,
Таң-азанда тап төбеңнен қайғы
бұлты төнуден».
Хафиз,— деді ол маған қарап,—
мезі қыла
бермесей,
«Жүрекке әмір жүрмейді» деп
айтылмаған тегіннен».
V
84
67

Мәйпарасныз, жүрегіміз енді бізге көнбейді.
Шарап пенен махаббаттан өзгені көз көрмейді.
Жай оғындай қиғаш қастар көкіректі қақ тіліп,
Жанға салған жарақатын жазғысы да келмейді.
Раушан гүл-ау, жапырағыңнан шарап исі аңқиды,
Біз әншейін ____________көкнәрмыз ғой, нашадан түк өнбейді.
Саңилардың жомарт қолы жайландырар жаныңды,
Олар сені қайғы-қамның қамауына бермейді.
Қасиетті қарт әулием, түзу жолдан тайдырма,

Өзің бізді қолдамасаң бойды ауыр дерт меңдейді.
Шарап толы кесеге емес, бетімізге қарашы,
Біздей болу басқалардың түсіне де енбейді.
^Қүсшының құр қиялына, деді ол, Хафиз елікпе,—
Жоқ нәрсеге ешкімнің де коңілі иланып сенбейді».
Т
85
68
Саған әсем қызыл гүлдің көркін берген кім еді,
Сол маган да дерт дауасын табу жолын біледі.

Ңара шашың қыларқан боп шығар мені шыңыраудан,
Нақ өзіңдей періштенің қажет демеп сүйеуі.
Фархад пенен Шырын жайлы хисса қалды ұнамай,
Тау қопарған қаһарманның кеткен зая тілегі.
Бар мәзірді қанағат қып жүре берем бұл күнде,
Біреулер — бай, біреу — жарлы: пешенеге тиері.
Дүние деген бір сұлу қыз, қалыңмалы қисапсыз,
Оны айттырған адамдардың қалар қурап сүйегі.
Бар сыбағам — бақ ішінде өсіп тұрған көгал-жай,

Онда сәру сыбдыр қағып, бұлақ сылқ-сылқ күледі.
0, Хажы Хауам! Айрылысу қасіретін шектім ғой,
Содан-дағы қан жылайды бұл Хафиздың жүрегі.
т
86
Бүкіл Шираз дейді сені «Жүсіптен де көрікті».
Ол да бекер, саған қандай сұлулар тең келіпті!
Хұсрауды да, Шырынды да саған балай алмаймын,
Тәңрім саған теңдесі жоқ сұлулықты беріпті.
Қырмызы гүл — раушан да солғын сенің ерніңнен,

Бар ғаламның гүлбағынан табу қиын серікті.
Сәру ағаш сені көріп сұқтанады бойыңа,
Саз-сырнай да сырлы үніңе құмар болып елікті.
«Менің ернім көңіліңнің бабын табар» дедің де,
Қоздырдың ғой кеудемдегі құштарлық пен желікті.
«Бір сүйгізсем бүкіл өмірің қолда болар» деп едің,
Соган сепіп мен де өзіңе берген ем бар ерікті.
Жанарыңның жебелері жан қалқанын шұрқ-шұрқ
қып,'

Тынышы кетіп жүрегімнің
алабұртып бөрікті.
Егер сәулем, сен біздерді қуар
болсаң қасыңнан,
Дей бер онда: барлық ғашық көл
ғып жасын төгіпті.
Аяғыңның астындағы кілемдей
гөр хатымды,
Хафиз сорлы сен не айтсаң бәріне
де көніпті.
*****
87
70
Ғұмыр бойы ұмыта алман сенің
сұлу бейнеңді.
Сылаң қаққан жүрісің де
таңдандырар көргенді.

Саған деген құштарлығым жан-
жүректің түбінде,
Бас кетсе де босатпас ол менің
сорлы кеудемді.
Әңкі-тәңкі болып жүрмін сені
ойлаумен күні-түн,
Жүрек байғұс байыз таппай
тыпыршумен сенделді.
Болады ғой бәрі де ұмыт, айықпас
тек құштарлық,
Сүйіктіме деген сезім салған
мықтап жөргемді.
Ет-жүрегім бүлк етпестей
бұрымыңа шырмалған,
Ақірет күні жеткенше одан
босанбаспын мен де енді.
Көз жанарым, көңілім де құлай
ауған өзіңе,

Тәңірім саған тапсырғандай бар дертімді емдеуді.
Хафизге ұқсап кезбе болып кеткілерің келмесе,
Пәруәрдігәр паң-кербезге пенде етпесін сендерді.
Т
88
71
Ей, тақуа, келсей бері, тұр ғой шарап кеседе.
Мөлдір таза сусын-ау бұл, жұрт мәкіру десе де.
Мәйхорлардан сұрай қойшы тіршіліктің қызығын,
Жан рахатын білген солар жатса да аунап көшеде.

Анка деген аяулы құс көнбес торда ұстауға,
Айни қоймас қалыбынан талай опық жесе де.
Есті сөзге елігуден ада-жүдә бездім мен,
Махаббат пен сұлулық тек — маған жазған
пешене.
Софы-сынған сабаздарға қарайлаумен жүргенде
Бұл дүние қызығынап кетті-ау талай есе де.
Тәңірі берген тамашаны көріп қалу керек қой,
Дей алмаймын: «пейіште әсте көгереді көсеге».

Қайран жүрек, сайрандаумен откіздіц жас
ғұмырды,
Қартайғанда сабыр тауып жатсай мамық төсене.
Қағып тастап тез-тез ғана бірер кесе шарапты,
Тайып тұрсай мәйханадан қалса да ақың нешеме.
Хафиз өзің мүридісің даңқты Жәмшид патшаның,
Олай болса сенсіз, сірә, сөз мерейі өсе ме?!
Т
89
™ Жан-сырымның құпиясы да сол баяғы
қалпында.

•Өмірімнің хиссасы да сол баяғы қалпында.
Көңілді арбар қос бұрымның шырмауы да сол
күйі,
Достарымның ықыласы да сол баяғы қалпында.
Осы күні інжу-маржан дәметпейміп ешкімнен,
Сараңдардың бұқпасы да сол баяғы қалпында.
Сенің ернің қып-қызыл ғой, жүрегімнің қаны ол,
Тағы да оны жұтпа асыға сол баяғы қалпыңда.
Менің дінім — махаббатым, айныта алмас әзәзіл,

Көл боп аққан көз жасы да сол
баяғы қалпында.
Үміткермін әлі өзіңнен, жетсе-
дағы зейінім
Сенен қайырым шықпасына сол
баяғы қалпында.
Бұрынғыша бұрымыңды бұғалық
қып сен жүрсің,
Жолай алмас жұрт қасыңа сол
баяғы қалпында.
Е, Хафиз-ау, талай әлі ағар қанды
кез жасың,
Бақыт, қасірет тұтқасы да сол
баяғы қалпында.

73

Сам жамырап, күн батып, қас
қарайған

шағында,
Тақуаны көрдім меп мәйхананың
жанында.
Шарап ішіп отырып қалғып кетті
ол сорлы,
Түсіне еніп жас кезі балқи берді
бабында.
Сылқым күлкі, сәру бой,
дөңгеленген қос алма,
Ерке қылық іштi өртеп, от
ойнатты қанында.
Кеудесіие сыймады тулап кеткен
жүрегі,
Кобелектей айналды махаббаттың
шамыпда.
Кеше ғана мардамсып сыпдырып
еді кесені,

Бүгін міне өзі отыр мәйпарастар жайында.
Масаңдықпен мәз болып көңілі өскепі сонша ма,
Сағдидың да сөзіне құнтсыз құлақ салуға.
Қасиетіп-ай шараптың, қапелімде күш бітіп,
Қунап ала жөнелді-ау бұл бишара шалың да.
Таң шығы да, жүзім де мөлдіреп тұр төңіректе,
Айналып-ақ кетердей інжу-маржан, лағылға.
Падишаһтың сарайы сенің де үйің Хафиз-ау:
Сонда барып саялар жүрегің де, жаның да!

V

91

74

Бұл заманда бір міні жоқ достар
әстө
табылмас —
Ғазал менен шарап қана бір
туғандай бауырлас.
Жақсылықтың жолы тараң,
жалғыз-жадау жүре бер,
Шарап толы кесең болсын,
сүрлеуің сол жаңылмас.
Жалқаулық пен сауыққойлық сор
ғой жейтін
жегідей,
Іскерлер де осы күні ізгілікке
жарымас.

Әуреліктің әуселесі бесенеден белгілі,
Ақылы зерек адамдардың бұлталаққа жаны қас.
Мәңгі-бақи дидарыңды көріп жүрем деуші едім,
Ажал — қақпан бір сарт етсе сепен әсте айрылмас.
«Тағдыр-кебін тігілсе егер шымқай қара матадап
Зәмзәммепен жусаң-дағы сол бояуы арылмас».
Одан-дағы сұлулармен аз да болса сұхбат құр,
Пенде бар ма жазмыштағы тәңірі ісіне бағынбас.
Бұл дүниеде өзгермейтіп, өшпейтұғын нәрсе жоқ,

Тек махаббат — берік қамал
ғұмыр бойы алынбас.
Шалыс басар қадамы көп шалқып
жүрген Хафизбын,
Мәңгіліктің шарабынан хұрсант
болған жаным мас.
Т
92
«Сайрангердің бәрінен де мен
екем-ау
төменің ? ,—
деген сөзді қырық жыл бойы
қайталаумен келемін.
Содан ба екен, шарапшылар етіп
маған мырзалың,
Қашанда да кесем толып
тұратынын көремін.

Бұған қарап маскүнемге балай көрме мені әсте,
«Киімде дақ болғанменеп жаным таза»,— дер едім.
Сұңқар едім, тоятымды тауып жүрген биіктен,
Қазір опдай қадірім жоқ, білмей қалдым себебін.
Қиын-ақ қой бұлбұл ңұстың ңамалғаны қапасқа,
Тор ішінде тұрып қалай көрсетер ол өнерін?
Бұзықтарға жағып тұр-ау парсының бар ырзығы
Оп-оңай-ақ иемденіп алған барлық керегін.
Енді маған сарайларда сая болар түк те жоқ,

Сайранқұмар серілерге серік болып еремін.
Тықпа Хафиз, шапаныңның шалғайына кесеңді,
Пәруәрдігар ықылас-мейірін төгеріне сенемін.

-т

93

Көрдің, міне, патша үкімін, қаталдығын өзінің,
Уәдесінің бәрі ұмыт, байламы жоқ созінің.
Көк кептердей жүрегімді қиып түсті-ау, карашы
Бұл не деген қатыгездік білмес аяу сезімін.
Өктемдіктің құрбанымын, қайда мейір-шапағат!

Табынғаным тас-метін бон,
таусылды күга, төзімін.
Осы мазақ-қорлауына қалай ғана
шыдарсың —
Табалаушың тағы тұр ғой деп:
«мұнынңның өзі
кім?..»
Ей, сақи дос, рахмет жаусын!
Деші анау күншілге:
«Мұндай гаәрбат Жәмшидтің де
отын алған көзінің?.
Мәйқор үшін білесің бе қандай
рахат екенін —
0 дүние мен бұ дүниені ұмытатып
кезінің.
Тарихаттың жолын ташіаіі жүрсің
софым адасын,

Айтшы кәпе, тақуалыққа болды неден сезігің?
Ал, Хафиз, сен сөзге келсе, алдыңа жан салмайсың,
Күншілдерге көңіл бөлме, қ___________ор болмасын лебізің!
Т
94
77
іэ Түсімде көрдім: жарқырап жаңа ай туғанын.
Айы жоқ кезде қара түн көкте тым қалың.
«Алыста жүрген аяулы досым келер»,— деп
Жорыдым түсті, тәңірім білер шын мәнін.

Сол үшін кәне шалқып бір бүгін ішелік,
Құмырандағы шараптың түгел нұй бәрін.
Сағындым сондай, көз тала күттім досымды,
Күтер ем тағы ішсем де «мәңгі суларын».
Күтер ем оны хабарын тосып асыға,
Отырар едім болса да тіпті түн жарым.
Келсеңші қайтып! Аңсаған елің күтеді,
Жұртыңның көрші жетімсіреп-ақ тұрғанын.
Қаталдық канын кім нұйса сенің бойыңа,

Нақ соның езі кісәпір пағыз, сұм-
залым.
Жоғалсып олар, қытымыр заман
құрысын,
Ізгіліктің де көрейік дәурен
құрғанын.
Тас жүректерде болар ма мейірім,
құштарлық?
Махаббат пенен Шындықтың
көтер туларын!
Хафизден өзге шаирлар сірә бар
ма екен,
Патшаға ұнар жазатын жақсы
жырларыні
95
Тақсыр тәуіп, әуре болма, жаны
дертті
пендемін.

Қайырым ңылмай кетті менің сүйенгенім, сенгенім.
Рас болса егер маған жаның ашып тұрғаны
Дәріні қой, кесе толы шарappенен емдегін.
Қасіретімді бөліссең сен, қайғы айналар шаттыққа,
Сонда ғана мүмкін, бәлкім, жағдайымды жөндеуің.
Барлың жұртты алтынға орар бар ғой сенің
байлығың,
Мен байғұстың сезден басқа жоқ қой түк те бермегім.
Ұнамаса ғазал саған, зорлап мені жырлатпа.

Қуар болсаң босағаңнан, гүлдей
солып семгенім.
Жәй айтамып, құйма шарап, онсыз
да әбден
масаңмын,
Жалғыз жүрек жатсын тыныш,
болмай
тәлкек-ермегің.
Патша қатал деген сөзді неге
айтасың, Хафиз-ау,
Сені ңолдап, «патша айыпты»
дейтін бір жан
көрмедім...
Т
96
79
и Хабар күтіп жүрген кезде
досымнан

Қуанышты жетті сөз де досымнан.
Қайғы-мұңның қамауында қалып ем,
Өмір лебі есті лезде досымнан.
Сәлемінен жаным пида-садаға,
Керек емес бұдан өзге досымнан.
Дүниенің бүкіл кілті өзінде,
Неге айрылам көрер көзге досымнан.
Орындаймын көңілінің бар қалауын,
Жақсылығым көрген кем бе досымнан?
Күн туғанда аумалы да төкпелі,
Іргені аулақ салу жөн бе досымнан.
Есігіне тұрған тозаң бальзам ғой,
Тобәріктей табам ем де досымнан.

Қол қусырып тұрам босағасында,
Сағы сынар, сірә, мен бе
досымнан?
Түк те емес сөксе жауы Хафизді,
Тек жамандық, деші, көрме
досымнан!
7-533 97
80
Келді Ьауаз: енді менде қайғы-
уайым да
болмайды.
Құбылмалы қу тірлікке таңдануға
болмайды.
Қазір маған падишаның ауып тұр
ғой қаһары,
Бақталас-ау, мұны саған
малдануға болмайды.

Патшамысың, софымысың,
Әзірейілге бәрі бір.
Бақ-дәулеттен дәрмен күтіп
қамдануға болмайды.
Жазмышыңда талаыңа не
жазылса, соны күт,
Даңқ пенен дақпырт қуып қармону
да болмайды.
Біз түгілі, Жәмшид-тағы: құй«
шарапты!»— депті
ғой,-
Құдіреттің құрығынан жан бағуға
болмайды!»
Ей көбелек, шырағданды шырқ
айналып ұша бер,
Таяу қалған таң рауанға ңайранының
да болмайды.

Жан дүниең ізгіліктен құр алақан ңалса егер,
Алтын, күміс көптігіне паңдануға болмайды.
Жұртқа істеген жақсылығың шығар әркез алдыңнан,
Одан өзге ешнәрсеге арбалуға болмайды.
Тәңірімнен келді һауаз: таңда-махшар күнінде
Қақпа алдында тосып тұрар сайдауыл да болмайды.
Кілең кәссіз залымдарға жалбарынба Хафиз-ау,
0 дүниеде зұлымдық та, алдану да болмайды!
Т

81

Харабаттың қара шалы не десе де хақы бар.
Шарап қана емес онда,— түпсіз терең ақыл бар.
Күнәкар деп жібермей-ақ қойсын мені жұмаққа,
Одан өзге тірі жан жоқ сірә маған жақындар.
Оның ыстық ықыласынап от тұтанды кеудемде
Қара түнді қақ айырып сәуле шаша лапылдар.
Көрсең-дағы маскүнемнің топыраққа аунап жатқанын,
Дәлелің жоқ оны әсте де күстәналап тақымдар.

0 дүниеден қуанышты хабар алып тұрмыз біз:
Бұл дүниенің бар қызығып бопты Тәңірім мақұлдар.
Тақуалық пен күнәкарлық болмайды Алла еркінсіз,
Олай болса, софы мепі түк жөнің жоқ алқымдар.
Тақуалық дегеніңе зауқым әзір соқпайды,
Бірақ, Тәңірім керек етсе дайып тұрған қалпым бар.
Шарап үшін шапаныгі да тастап кетер бұл Хафиз,
Харабаттың топырағынан жаралған-ау ақындар!..
Т
7* 99

82

Жаным сені сағындым-ау, білесің гой
өзің де.
Көрегенсің: тап басатын жұрттың
ойын, сөзін де.
Ғашықтарды айыптайды ақылы аз
адамдар,
Қандай құдірет құрсау салмақ
көкіректегі сезімге.
Бір Алланың атыменен
жалынамын жан сәулем,
Салмақ сала бермесеңші мендегі
аз төзімге.
Тәуап етіи табаныңнан сүюгө де
әзірмін,
Дүниенің бар сұлулыгы тұнып тұр
гой көзіңде.

0 Тоңірім, бұл көркіңе түспесін еш
көлеңке,
Бұйра шашың толқығанда тапам
естен өзім де.
Өкінемін, тац алдында қалғып бір
сәт кеткепге,
Жүрегім-ай тулап неге оятпадың
кезінде.
Өзек күйер құм-пюлейттен өтер
едім окінбей,
Бір сен үшін әзірмін гой бар
азапқа төзуге.
Бұйра шашың көзді арбайды,
емексітіп Хафизді,
«Бұл бұраудан бақыт тауып мәз
болмассың
өзің де».
100

83

Һу тірліктің әуресінен тынықпақ
боп бір ауық,
Шарап толы қыш көзеге бар
аңсарым тұр ауып.
Баһрам жұлдыз арамдарға айқара
ашып құшағын,
Мүсәпірге бал орнына қойған
қасірет, у алып.
Құй шарапты, көңіл шалқып:
Зуһра күйі құбылсын,
Көлгірсіген көк күмбезі жатсын
жайрап, құлазып.
Баһрамның дұзағын қой.
Жәмшидтің ал кесесін,
Бұл дүниедеп Баһрам дерлік
таппадым бір із анық.

Не сыр барын көрсетейіп
кесесіпде Жәмшидтің,
Бірақ оны пасық ниет, арамдардан
тығалық.
Жоқ-жітікке мейірім-шафғат
ұлылыққа тән сипат,
Сүлепменнен құмырсқалар мәз
бопты үлкен сый
алып.
0, гашық жар, Хафизға сен коз
айырмай қарайсың,
Қызық көрдің несіне оныц
жүдегенін қуарып?
т
101
84
Егерде дұға, тілегім Тәңіріге болса
баратын.

Тастамас едім аузымнан
Құранның сурә-аятын.
Шақырыңдар тәуіпті, жүрегім
қатты жаралы,
Қасірет пен дерт күші орнатты
басқа қара түн.
Шаттығым ____________әбден
сарқылды, харабатқа асығам:
Ол жерге барсам бұтақпын
қайтадан бүршік
жаратын.
Жазығым жоқ болса да жанымды
алмақ кім еді?
Ренжімен оған, бәрібір, көңілімді
сол ғой табатын.
Шарапқа әбден қанайын, қателік
әсте кетпесін,

Тыңдасам риндтің сөздерін
жадырап жаным
қалатын.
Хұмай құс қопса бақыт боп, игілік
ере келер ед,
Рахымы түсіп ол бізге жаіiса екен
мейірім қанатын!
Күрсінгенде кеудемнеп
құштарлық оты лапылдар,
Сүйіктім, сені ойласам, қалмаіiды
сабыр, тағатым.
Кеудеме сыймай жүрегім, аңсайды
әсем бір әнді,
Қайда екен Хафиз жез көмей,
құбылтып сазды
шалатын.
V

Зор ғанибет — көру күнде әзиз достың
дидарын.
Мен бұл сәтті дүниедегі бар байлыққа қимадым.
Қымбат досты қиын-ақ қой көңіліңнен шығару,
Қызғаныш пен күйкілікке күйінеді бұл жаным.
Ашылмаған гүл қауызы болғым-ақ бір келеді,
Ең зор бақыт — достарыңмен жұбың жазбай
тұрғаның.
Бұлбұл гүлге, гүл самалға сырын ашқан сияқты.
Достарымнан жоқ қой әсте бүгіп қалар сырларым.

Айрылысқан асыл досқа
жүрегіңнің құлпын аш,
Түк білмейтін түйсіксіздей
меңірейіп тұрмағын.
Бұл дүниенің қызығы да —
достық пенен татулық,
Тірлігіңнің көркі болса ол,
өлгендегі иманың.
Патша менен жеріп жүр ғой,
ұмытты ғой Хафизды,
Алла-тағала өзің оған қайырым,
мейірім сыйлағын!
<■
103
^ Шәрбәтіне мейірімді
қандырмастан кетті ол.
Айдай нұрлы дидарына шаң
тұрмастан кетті ол.

Тастап артқа махаббатын ата менен ананың,
Басқан ізін көзіме де шалдырмастан кетті ол.
Бес уақыт намазымды қаза қылмай тіледім.
Сонда-дағы алды-артына қайрылмастан кетті ол.
Үмітімнің бәрі үзілді, қан жылайды жүрегім,
Қызық-қызық мінезіне таң қылмастан кетті ол.
Бақ ішінде балғын жүзі бал-бұл жанып тұратын
Өмірінің гүл-бүршігін жардырмастан кетті ол.
Құран ашып, құлдық еткен Хафиз деген

мұңлымын,
Көңілімде түк қуаныш қалдырмастан кетті ол.
104
87
Таң самалы, айтшы маған, досым қайда жүр
екен?
Ай сәулесін тұмшалаған қандай бұлтты түн екен?
Тур тауында жанған отты көре алмай-ақ келемін,
Мені алған бағдарымнан адастырған кім екен?
Харабатта кездескеннің бәрінен де сұрашы,
Қайғы жеген мүсәпірдің көргені не күп екен?

Астарменен айтқан сөзге жұрт
түсіне берер ме?
Ақылы кәміл дана қайда, кімге
ойымды жыр
етем?
Екеумізде ешқашан да
ашылмайды ара-жік,
Мен сенімен тәніммеп де,
жаныммен де бір екем.
Қайда досым, қайда жүрек
құштарлыққа
кіріптар?
Қалай оны жадыратып, қалай
қайта түлетем?
Бұйра толқын қара шаіптар қайда
кеткен
көрінбей,

Ай дидарлы ақ сәулемді қашан
қатар түнетем?
Әншілер де, гүл, шарап та,— бәрі-
бәрі дайын тұр,
Тек досым жоқ, сосын-дағы үрейлі
ойды үдетем.
Хұжыралардан болдым мезі,
маған керек мәйхана,
Шарап ішіп шалқып жүру — сегіз
пейіш бірі екен.
Күз келді,— деп күңіренбеші,
коңілің босап
Хафиз-ау,
Тікенексіз раушан-гүл жоқ, бұл да
тағдыр сыйы
екен!
*

Бұл міскінің құптанда да саған
құлдық ұрады.
Таң намазын оқырда да сені ойлап
тұрады.
Көл боп аққан көз жасымнан аз-ау
топан суы да,
Жүрегімде махаббаттың ауыр
таты тұнады.
Ет-жүрегім от боп жанып
кеткенменен өртеніп,
Жүз мың тілла құны барын естіген
жұрт құлағы...
Қашанда да қамқорлықтан
мақұрым, қағыс
қалдырып,
Аулақтатып жібердің-ау мені
өзіңнен сынайы.

Кейде көңілім: «сол досыңнан,—
дейді,— мейірім
күтпеші,
Белгісіз ғой қалай болып
шығатыны бұл әлі».
Тілейтінім: Асаф енді
Сүлейmендей болсайшы,
Құмырсқаның тілін-дағы әділ
патша ұғады.
Арайлы таң түре келер қараңғы
түн пердесін,
Қайырымдылық кімнің-дағы
көңіліне нұр құяды.
Қатал достың кәссіздігі
налытпасын, Хафиз-ау,
Арам шөптің өскеніне болар ма
бақ кінәлі?..
ТГ

89

Сұсы қатты сұлтаныма жеткізер кім зарымды?
0 ұлы шаһ, біз пақырың қайырымыңды сағынды.
Ай жүзін де тұтады ғой сепіц нұрлы дидарың,
Сәру сынды сымбатыңа көрген жандар табынды.
Қызғаныштан іші өртенген күншілдерден қорқамын,
Тірек көрем сенің ғана алтын тәж бен тағыңды.
Қорғаным да, қорғаушым да мәртебең ғой өзіңнің,
Сол үшін де тым қатал боп сындырмашы сағымды!

Кірпігіңді қағып қалып жазалауға бұйырма,
Өкінерсің кейін біліп менің таза арымды.
Үмітпенен түнді өткізем күтіп жылы бір хабар,
Хұзырыңа шақырсаңшы шаға бермей тауымды.
Құдай үшін құйттай ғана рахымыңды түсіргей,
Сонда саған тақтан тұра арнаймын жыр-назымды.
V
107
90
© Жомарт болсаң, қайырымыңмен әбден разы
ет мені.

Ңуғындасаң, қақпа аузынан кетем аулақ шеткері.
Тіл жетпейтін сұлулың бар сенің сәру бойыңда,
Оны айтуға менің-дағы еш дәрменім жетпеді.
Ңұштарлықтың көзі, бірақ, өтер қалың перделен,
Ғашықтардың жанарыпан жасырын сыр жоқ тегі.
Оның жүзі парағындай қасиетті Құранның,
Түп-түгелдей көрінетін фәпи дүпие өтпелі.
Хафиз жырын ұңпағандар ойлансыншы еске алып
Ңарлығаштар нұмай құстай қорғаганып Меккені.

91
Ғазал айтсам сергір ме екен азап шеккен
көңілім?
Ңаііталан бой көтерер ме қасірет жеген өмірім?
Лағыл-маржап жүзігіңді жіберсең де сес қылып,
«Бүл патшаның сыйы-ау» деген кетпес ойдан
сезімім!
Ңызғаншақтар не демейді, қапаланба жүрегім,
Даттағаны — мақтағаны, берік болсын сенімің.
Манидың да мәнді сөзін үқпаііотын жан боларсың,

Мепің ғажап ғазалыма ұйымаса
көңілің!
Қызыл гүлді қызғылт судан айыра
алмау күнә ғой,
Гүл бақта осер, ал қызғылт су
қолында
«жын-періпің?.
Жүректегі ыстық қан мен кеседегі
бал шарап —
Тағдыр сый ғып тартқан маған
мәңгі айнымас
серігім.
Хафиз әсте опасыздық жасап
көрген жан емес,
Пүрсат берсең қыздырар ол
шарапхана көрігін!
Т

Жүрек шіркін құмартады дүние сырын ұғуға,
Сиқырлы бір шар айнадан бәрін көріп тұруға.
Бұлқып соққан бұл жүректің қалауы ____________осы қашан да,
Ңашан да ол ұмтылады қияндарға, қиынға.
Харабатта ойымды осы сыр ғып айттым қарияға,
Өзгелер де тыщдай қалды келген сұхбат-жиынға.
Данагөй қарт коп отырды көзін алмай кеседен,
Дөңгеленіп жатты онда тау мен дала, қиыр да.
«Зеңгір аспан қаланғалы дүние осылай зырлаған,

Оның сырын білу қиын»,— деді ол мүлгіп тұғырда.
Он сегіз мың ғалам түгел еркінде бір Алланың
Өзіңше ойлап тапқан айлаң тіреледі тығырға.
Жазаланган құдай« — менмін» деп агынап айтқандар,
Күнокарлық саналады тым батылсып тұру да.
Сақтаса кім жүрегінде Алла берген аянды
Түгел біліп алғаны ғой ақиқаттық сырын да.
Егер Тәңірім мейірі түсіп оның ісін оңдаса,

Исаға ұқсап өлікке де жан бітірер шынында.
Сеніміңді сөзбен емес корсет пағыз ділiңмен,
«Алла, Алла!»— дей бергеннің түйсік болмас миында.
Хафиздың да махаббаты қыл бұғаудай мықты ғоіі,
Ақыл-естен айрылғанша ол тоқтатпайды жырын да.
Т
110
93
Зар жыла бұлбұл, жылаумен мен де өткеріп
күнді жүремін.
Ңасірет-қайғы екеумізге де екенін ортақ білемін.

Сүйіктімнің бұп-бұйра шашы
самал боп бетті
желпісе,
Татар мүшкісі таңдандырудан
үзер-ақ әбден күдерін.
Қатігездіктің қара шапанын қызыл
шарапқа
малайық,
Сол кезде, бәлкім, табармыз біз де
қинаған дерттің
бір емін.
Өзіңде жоқты түсіңде кілең
көретін кезің көп-ақ қой,
Сондықтан өзім осындай түсті
мадақтауды да
сүйемін.
Сұлу көркіңді сипаттап айту
қолынан келмес

әркімнің,
Шаирлардың шаиры ғана ағытар
жырдың тиегін.
Інжу де емес, лағыл да емес тең
келер сенің көркіңе,
Адамзаттың ақылы жетпес
ғажайып дүние-ау ірецің!
Тұрмын ғой шыным: біле алмай
сырын осынау
жұмбақ тылсымның,
Есімнен танып, дал болып санам,
өртеніп өзек
күйемін.
Ұсынсам қолым, сөйлесем тілім
жетпейді биік
тұлғаңа,
Боларсың-ау сірә сен сәулем
суреті Тәңрі — иенің.

Дарынсыздық орансын мейлі үлде мен бүлде асылға,
Бәрібір ол да танытып қояр өзінің жасық сүйегін.
Табалау емес табыну ғана сақтар-ау сенің
жаныңды,
Жылама Хафиз, қинай да берме сәулемнің нәзік
жүрегін.
т
111
94
Айнымайтын адал дос бол — осы менің тілегім.
Сонда ғана тыншу табар алабұртқан жүрегім.

Келші маған айқара ашып
көңіліңнің пердесін,
Менің жүдеу лашығымды
құлпыртсыншы гүл өңің.
Көк шалғында емін-еркін
аунайықшы екеуміз,
Ажырамас болсай мәңгі айқасқан
ақ білегің.
Жанарымпың оты болшы түн
бойы бір сөнбейтін,
Шарапқа үқсап шаттық құйсьш
мөлдіреген іреңің.
Ер жігіттің есін алар хаса сұлу
сылқымдар,
Сеи де мепің патшам болшы, құл
боп саған жүрейін.
0 тәкаббар ерке сұлу, жараладың
жанымды,

Енді маған дару-дәрмен —
алдаркқатып сүйеуің.
Мен өзімнің елігімді берер едім
сауғаға,
Білсем егер атқан жебем
ақмаралға тиерін.
Өзіңе адал қызметімпің ақысы
үшін, аяулым
Үш-ақ рет сүйсең болды — осы
ғана тілерім.
Бар аңсарым, бар арманым,
жанымпың бар
қалауы —
Құшақтасып жатшы бір түн
лүп~лүп соғып жүрегің.
Хафиз деген атақ-даңқым
көншітпейді көңілімді,

Сенің таза достығыңа ол
татымасын білемін!
т
112
Көз жұмарда көрдім айдай
жарқыраған
жүзіңді,
Махаббаттың ыстық оты тұрды
емдеп үзірді.
Аспандағы періштенің өзі саған
қызығып,
Қызғанышпен күйіп іші, көзін
қадап сүзілді.
Ақыл шамын жаққым келді сол
періште отынан,
Бірақ оның семсерінен қыл
мойыным үзілді.

Бұл дүниенің тылсым сырын келіп еді-ау білгім-ақ,
Әттең, ажал тап берді ғой аңдып тұрып ізімді.
Жан дауасын іздеп сонда келді алдыңа жығылғым,
Саудыраған саусақтарым бұрымыңа жүгірді.
Кейбіреулер оп-оңай-ақ кенеледі шаттыққа,
Жеңілдетпей қойды-ау тағдыр менің ауыр жүгімді.
Махаббаттың мәңгілігін Хафиз сол күн жырлады,
Дәл сол күні ұлылықтың туы да оған тігілді!

Т

8-533 113

96

Ш. Һайран зәйтуп ағашы-ай,
бойыңа қуат
беретіп.
Арамшөп біткен құрысып араға
жаулық егетін.
Шат коңіл шарапқорлар-ай,
жүректері тап-таза,
Сайраншыл сері солар ғой
жаттықты жек көретін.
Досыңмен өткен әр сағат —
тәңірінің сыйы ғажайып,
Басқаның бәрі алдамшы аямай
басқа тебетін.
Ләйла болса сүйгенің, Мәжнүн
деп білсін ол сені
Екеуің де қалтқысысыз бір-біріңе
сенетін.

Аңсаймын гүлзар аланды,
бәйшешекті де құлпырған
Төңірекке ғажайып жұпар исіп
себетін.
Жүрегім менің шырмалған
сиқырлап алар бұрымға,
Тәтті еді-ау шіркін сол ерін
аймалап сүйіп өбетін.
Тәңірім сенен, бұл Хафиз әлі де
әлі уміткер,
Құштарымды құшақтап күн туар
нұрға бөгетін!

97
С9 Қүй шарапшы, ауып тұр-ау
саған қазір бар
іңкәр,

Сенен өзге кім бар дейсің көңіл кірін арылтар.
Кәрлеп кесем толып тұрсын молдіреген даруға,
Софылықтың сарсаң жолы болды естен жаңылтар.
Керек емес маған даңқ та, керек емес мадақ та,
Айтатынын айтсын жұрттар, не бар пейіл тарылтар.
Құй шарапты, оның ыстық қызуы мен қуаты
Менмендіктің өкпесіне оқ боп тиіп қабынтар.
Көкірегімнен жалын атып сыртқа шыққан сезімім
Дүмше, сорлы софыларды сарсаң қылар, сабылтар.

Жүксыздарға жағу қиын, жалғыз қалдым бұл күндө,
Күшім де жоқ, зауқым да жоқ жұртты жасқап
бағынтар.
Бойдан қуат, жүректен от кеміп кеткен келді шақ,
Сүйгеніммен бірге өткізген күндер ғана сағынтар.
Сандал терек саясында сауық құрған сері едім,
Жол жағалай өскен сәру, дей алмаймын, табынтар.
Шыда Хафиз, қатігездік қинар дерсің қашанғы,
Көнбіс, жуас пенделерін тәңірім өзі жарылқар!

Сәулем менің ай жүзінен түре
қалса пердесін
Алабұртып кетер жүрек,
жасырайын мен несін.
Ұқсаймын ғой адамға да
кәріліктен жасарған,
Қайта жанған шамдай болам, енді
авықтай
сөнбесім.
Кәрі кеуде кетерілсе дос пейілдің
күшімен,
Өшкен шамды лаулатататын
махаббат қой деу де шын.
Шырын сүлу, шырыв лебіз, бал
еріндер балқытар,
Тәттіліктің таланы әсте кермек
тата көрмесін!

Көктен ___________түсіп
кереметін көрсетсе Иса
пайғамбар,
Шарапаты шарпып бізді қам-
қайғыдан емдесін.
Тәңірі алдында теңдесі жоқ
көрінгендер сұлу боп,
Сен дегенде іші күйіп
қызғаныштан өлмесін.
Аспандағы жеті жұлдыз жүйкені
жеп жымыңдар,
Ақын тұрар амалы жоқ тіл
жетпесін сезгесін,
Айтшы Хафиз, сөз сиқырын
үйрендің сен кімдерден?
Әр ғазалың иман-нұрға толтырар
жұрт кеудесін!
Т

И6

99

Жаныма рахат құятын нұрыңды сәулем,
доғарма.
Өзіңсіз сірә, айым-ау, бір сағат тұру оңай ма?
Ғашықтар жүр ғой жете алмай шалғайыңа да бұл
күнде,
Күйдіріп өзің барасың өрт болып түсіп оларға.
Сақтасын деймін Тәңірім көз-тілден сенің көркіңді,
Саған берген бұл бақыт өзгеге әсте қонар ма?
Мұхтасиб мені айыптап салды ғой талай талқыға,

Ал егер сені көрсе ол тіл-ауызын
тасқа қояр да.
Құштарлығы үшін Хафизды
кінәлады ғой досы да,
Ғашыңтықты күнә деп айтуға,
сірә, болар ма?
*

117

100

Қасіретім қандай, құштармын
кімге?
Тілегім — әсте сұрама!
Не күйде екен у ішкен менің
жүрегім —
әсте сұрама!
Махаббатымды іздедім қалай
шарқ ұрып мынау
жер-көкті,

Кім қазір менің өміріммен де
артық тілерім —
әсте сұрама!
Ңұштар көңіліммен қайғылы
қанша жас төктім
екен апыр-ау,
Босағаңнан өзге не екен менің
білерім — әсте сұрама!
Періштем кеше қаншама тәтті
сөздерді маған
айтқанын
Ңайталамайын, кеудеме берік
түйейін — әсте сұрама!
Менімепен сейлесіп тұрып
тістелей берме ерніңді,
Ңанша еріннің бал дәмін мен де
білемін —
әсте сұрама!

Қалайша озім қайыршы болып,
батты екем қанша
күнәға,
Жүрегімнің қанымен оны
қаншама жуып жүр едім —
әсте сұрама!
Бақталастардан бұл Хафиз көрді
екен құқай
қаншама,
Мүшкіл боп халі қаншама әлі
жүдерін —
әсте сұрама!
118
*
101
Махаббатқа маспын ғой мен,
мазалама
бекерге.

Бұл ғаламның барлық сыры тұр-ау
түнып көкейде.
Құштарлықты күнә деме, ол да
сыйы тәңірімнің,
Махаббатты тәркі еткендер
дүниеден тұл өтер де.
Сұлулардың ыстық демі қыр
гүлінің исіндей,
Лебізі де ұқсайды ғой ғажайып
бал, шекерге.
Жәудіреген жанарымен арбап алар
жаныңды,
Сухаибтың өзі-дағы сүқтанбай бір
кетер ме?
Ақ көңілді азаматтың аты арымас
ешқашан,
Күйкі мінез күдікшілдің тұғыры
оған жетер ме?

Арафаттың алқабында хауіп-қатер
жоқ қазір,
Шүғайыптың тұр ғой өзі сыңай
бермей бөтенге.
Мынау фәни дүние жайлы айтса
Хафиз ғазалын,
Кәрі мен жас көзден жасын
ағызады екен де.
*
119
102
(В) Алып-ұшып жүрек тұр,
жасырын онда сыр
бар ма?
Бір құдай үшін сұраймын: қатігез
болып
қыңырайма!

Қираған кеме ішінен сау қалған жанға ұқсаймыз,
«Табаным тисе жағаға көңілім де тыншып
тынбай ма?»
Тым құрмаса бір рет ықыласым үшін өзіңе
Сұрасаң етті: «сол,,кезбе бұл кезде,— деп,— жүр
қайда? »
Мынау фәни дүниеде тапшы ғой Тәңірім рахымы,
Құрбылардың да қайрымы тым сирек келер ыңғайға.
Жақсылық жаса дос үшін, ал жауыңнан абай бол:
Екі дүние шындығы екі сөзге осы сыймай ма?

Әкеліңдер« шарапты, мәйхананы қыздырып »,—
Деп жырлайды ақындар пәк көңілімен мұндайда.
«Алқымынан да сұлудың кесенің дәмі сүйкімді»,—
Дейтіндер бар-ау кейде бір, олар да өзін бұлдай ма?
Іскендірдің айнасы — шарап толы кесе ғой,
Патшалығы Даридың көрініп одан тұрмай ма.
Зілзала мынау заманда шарап қой шаттық әкелер,
Кедей байғұс бір тойса сауық-сайран құрмай ма.
Тас жүректер де балқиды бал шарап құйған кеседе,

Аңқау болып кетеді алаяқ қу мен сұмырай да.
Күткеніме көп болды ханзаданың қайырымын,
Мен сияқты ғаріпке мейірімі түсіп тұрғайдаі
Парсыша айтқан ғазалым құлағына жеткенде,
Софылардың өзі де қосылып кетер сырнайға.
Махалласына даңқтың жол түспей тұр-ау бұл күнде,
Қолдайтын болсаң сен мені бетімді солай бұрғайда.
Шарап тамған шапанды әдейі Хафиз киген жоқ,
Етегін сәжде еткендер иманды маған қимай ма?

103

Көптен бері-ақ несиеге **шарап ішіп жүриін мен.**
Талайдан-ақ мәйханаға әзиз басты идім мен.
Мәйханашы — дарқан көңіл нағыз магтың өзі ғой,
Өзгелерден өзгеше ол бізге ықылас білдірген.
Дәптеріңе шарап құйып еріктісің шайқауға,
Көкірегінде көзі барлар оқи алар шын ділмен.
Махаббатта төреші тек жүрек қана бола алар,
Ақиқаттың айнасы да сол шығар деп түйдім мен.

Қайран жүрек қашанда да адалдықтан таймаған,
Сескенбейді ол қулық, сұмдық, қиянат пен сүргіннен,
Махаббаттың жыршысы айтқан асыл сөздің құдіреті
Қалпенің де кокірегін шоқ түскендей күйдірген.
Бақыт құсы басыма кеп қонғандай бір күйдемін,
Шабытыма сияқтымын қиядан құс ілдірген.
Тақуаларға тиісуден тыйылғалы қай заман,
Шарап әсте мінезімді емес менің бүлдірген.
Хафиз деген қай кезде де ашық-жарқын бір жан ғой,

Қараңғы іздер қылмыскердің ішкі сырын кім білген?
Т
121
ы Мәйханада шарапшы қарт маған жылы қарады,
-«Міне кесе,— деді ол сосын,— ішсең құмар қанады».
ч<Қорқам,— дедім,— абыройымнан айрылармын құр босқа»,
«Гүлді уақытыпда,— деді ол,— иіске, сосын солып
қалады».
.Дүние — базар, қолдағыңнын ешқайсысы тұрмайды:
Біреу арбап, біреу алдап сенен бәрін алады.

Жүрегіңнің қалауып да істей алмай өтесің,
Патша отырған тақтардың да болмас ұзақ баяны.
Шарабыңды сімір Хафиз, жұрттың сөзін ңайтесің,
Екеуміздің егесіміз тым созылып барады...
122
* *т*
и Мені айыптап, кінәраттап жүрсіцдер-ау
күн-түні:
«Жан болды,— деп,— мәйханаға байланылған
кіндігі».
Рас, рас, қара күйе — қалың күнә батқаным,

Бишарамын басқа жақтан
бұйырмаған тірлігі.
Мәйқорлар мен ғашықтардың пірі
мағап әмірші,
Мен де оған мүрид болып, алғам
барлық үлгіпі.
Мейлі, менің маңдайыма мөр
басыңдар шыжғырып,
Ақ жолынан тайғандығым
сілкіндірсін күлліні.
Көлгірсімей кетіңдер тез
барлығың да қасымнан,
Тақмезешіл тақуалардың еңсемді
езіп тұр зілі.
Олеңімніц өзегінен қап ағызып
жылаймын,
Өсек, пітнә сөздеріңнен ет-
жүрегім жидіді.

Маспын ба мен, әлде жоқ па —
кімнің қандай ісі
бар?
Құпия мен Ақиқаттың Хафиз —
анық білгірі!
123
106
Әлсіздіктің әлегінен құрып бітті-
ау дәрменім.
Күштілердің қаһарынан құтым
қашар пәндемін.
Сүйіктімнің сүмбіл шашы орап
мені алар ма,
«Сәулем үшін басымды да құрбан
етер халдемін».
Кекті шарлап, ондағы бар
жұлдыздарды санаймын,

Әрқайсысын атап берер кереметім бар менің!
Кесе беті дөп-дөңгелек көк аспанға ұқсайды,
Содан да ғой менің оған құштарлана дәндеуім.
Тәнтімін мен тәрбиелі қолыма да өзімнің:
«Ешкімге обал жасамадым, мүммин үшін қам
жедім».
Мәйпарастық мінім бе екен, шарапшыға разымын,
Маған деген ықыласы үшін заң тұтам әр пәрменін.
Ащы жасты көл ғып төгу кінәм емес сірә да,

Мүшкіменен емдер мені
мейірбанды дәрігерім.
Жерде жатсам көтергің де
келмейді ғой әсілі,
Жас орнына төксем де інжу
болмас әсте жәрдемің.
Масаңдықтан миы айналғап
Хафиз деген міскінмін,
Өзгелердің мойнында енді тірлік
етіп, нан жеуім.
*
124
107
Ы Уа, тыңдашы! Бұл өмірде,
ойлап тұрсаң, баян
жоқ,
Үміт үйі жел өтіндө,— тағдыр
солай шамаң жоқ.

Кімнің көңілі саф ауадай, сол маған дос қашан да,
Шаны жарқын, журегі пәк, айнымас ол адал боп.
Көше маған қиян шетте шарапхана ішінде
Соруш келіп айтты һауаз, тыңдамасқа амал жоқ.
«Ай дидарлы сұлу көрсең, айқара жан ашылар,
Дару табар даналар да көңілі оған алаң боп.
Саңқылдаған ақ сұңңар құс қонар қиян тұғырға,
Қайдагы бір қапасқа кеп ұя салма, залал көп.
Нө бар мұнда? Одан-дагы құлақ түрші көкке сен,

Қасиетті ғарыш жақтан тұр гой
саған аян кеп.
Тыңда кәне, өзіңе бір өмір жолын
сілтейін,
Тәңірім маған тапсырып ед айт
осыны саған деп.
Таланыца шүкірлік ет! Бәрімізде
бір нәубет,
Тағдыр сірә қыса бермес бүйтіп
зілдей зауал боп.
Әділдікті іздей берме! Жатыр
мынау жер-кемпір —
Талай жанға қалыңдық боп,
талайға ажал — аран
боп».
Гүл құлпырса сенбе оған, сайра,
зарла, бұлбұл құс:

— Тырнады,— деп,— тікенегі,
пана тұтар саям жоқ.
Күйкі сорлы-ау, негө сонша
күйінөсің тарылып?
Бұл Хафизге дарын отын тәңірім
берген, дауаң жоқ!
125
108
Таң атқанша төңбекшумеп
кірпігімді
ілмедім.
Қиялымда қашанда да өзіңменен
біргемін.
Алыстан-ақ ақ жүзіңді аймаладым
көңіліммен,
Ай дидарың төңірегімді
нұрландырып тұр мeніц.

Шекпенімді дал-дал қылып қақ айырып тастадымт
Тілегенім сенің ғана бақытың ғой, сүйгенім!
Әнге балқып, шарапшыпың пейіліне тойыпдым,
Тәңірім өзі табар, деймін, пепде ісінің бір жөнін.
Сенің сұлу дидарыңнан құйылады қуаныш,
Лашығыма әкеледі жан рахатын күлгенің.
Ғазалымның қанатында қиял құсым ұшқанда
Қос бұрымың торға айналып шырмап алып
құрмедің.

Саған дегеп сағынышым сырлы саз боп төгілген,
Дүниеде бұдан асқан ләззат бар ма,— білмедім.
Жақсы күпді аңсауменен зар жылайсың,
Хафиз-ау,
Достарыңа ғанибет қой сенің осылай жүргенің!
Т
126
109
Келші жаным! Қан қыздырар қуат құйшы
бойымаг Тәнім өлі, тірілте гөр, дару алып қолыңа.
Айрылысу азабынан түнек тартты жанарым,

Айқара ашып құшағыңды сәуле түсір жолыма!
Зәңгілердің әскеріндей қара қайғы шегінсін,
Келсін Румның сарбаздары оңым менен солыма.
Осы күнде көңілім нала, жаным да әбден жаралы,.
Тек өзіңнің сұлу көркің сүйеу болар ойыма.
«Таң нұрына буаз болған түн толғағы жақын тұр»,
Тағдыр нені берер екен бағыма, әлде сорыма?
Келші жаным! Сайрасыншы сорлы Хафиз
бұлбұлы,.

Сағыпышпен сарғайтып ол жүр
ғой қарап жолыңа..
ТГ
127
110
Жаратушым жарылқады:
шарапхана ашылды!
Ол жабықта тау мен тасқа ұрып
едім басымды.
Мәйқорлар-ай, бәріңнің де жолың
болып қалды-ау
бір,
Көріп тұрмын айналамнап кәріңді
де жасыңды.
Мақтаныш та, батырлық та — бал
шараптың күші
ғой,

Ол болмаса көңіл шіркін су сепкендей басылды...
Оұлуларды___________ң сымбатына сұқтануды тоқтатпа,
•Сен ғана емес, талай бейбақ сұлулыққа бас ұрды.
Мәжнүнді білемісің, Ләйла деумен зар жұтып,
Ұмытқан ғой біражола ұйқы, күлкі, асыңды...
Откен күнге өкіне де, өзеурей де қараймын,
Ханзадалар қолындағы ақ сұңқардай ашулы.
Дұшпаныма сыр ашпаймын, жүрек мықтап жабулы,
Сақи досым, саған гана сүйем шалқып тасуды.

Мекке қандай қашық болса,
сондай алыс сүйіктім,
Сонда-дагы, тәуап етіп, көл ғып
төгем жасымды.
Е досым-ай, біле білсең, бұл
Хафиздың жүрегі
Ңайғы-шердің қамауынан жол
таба алмай жасулы...
т
128
111
Түрік қызы түнде мені тастап тура
кетті ғой,
«Жазаң осы» дегендей-ақ қас
қақты да кетті ғой.
Содан бері сорлы көңілім сергіп
әсте көрген жоқ,

Сеніп жүрген серіктер де бас
бақты да кетті ғой.
Шала жапған білте шамдай үміт
оты көмескі,
Қалың қайғы түтініне тастатты да
кетті ғой.
Сәулемді аңсап, көз жасымды көл
ғып жүрген
жайым бар,
Топан суды тағы да бір қаптатты
да кетті ғой.
Айрылысу-қандай азап,
қасіретімніц емі жоқ,
Дерт уыты жүрегіме ас баттырмай
кетті ғой.
Қашан« қайта кездесем!» деп қан
жылайды жүрегім,

Ем қонбайтын бір қиын дерт
бастатты да кетті ғой.
Әулиелік неге керек, айрылған соң
асылдан,
Қатал тағдыр таяғымен жасқап
жүдә кетті ғой.
Көзқарақты бір тәуіпке айтып едім
жайымды,
Дауа таппай бұл дертіме, бас
қатты да кетті ғой.
Асыл досым, қайта айналып
Хафизыңа келсеңші,
Демесін жұрт: «Бұл дүниеден тас
қапты да **кетті**
ғой! »
V
9-533 **129**
112

Шарап үшін үстімдегі шапанымды
берер ем,
Көңілім шалқып, көк шалғынға
ғазал айтып
келер ем.
Пұрқылықпен өтті өмірім, сонда-
дағы өкінбей,
Харабатты пейіштен де артығырақ
көрер ем.
Бұл дүниенің кем-кетігі толып
жатыр ойласам,
Бұдан-дағы тоғыз дозақ азабына
көнер ем.
Софылар мен тақуаларға айта қояр
сырым жоқ,
Ал чангіні қолыма алсам
құбылтып күй төгер ем.

Аспандағы жұлдыздардың
өзгергенше жүрісі
Басылмайды менің-дағы қызып
алған делебем.
Құштарлықтыц ңұшағынан
шыққым келмес әсте
де,
Бұдан артық сый-сияпат болса-
дағы елемен.
Қартайғаның рас болса,
харабаттан кет, Хафиз,
Сақалдыға жараспайды жас кезгі
бұл өнегең!
130
т
Қайғы менен қарттық, сірә,
таланыма телінген.

Өзің еске түскен сәтте
жасарғандай көрінгем.
Қартайғанда құдіретке өкпелеуім
күнә ғой,
Не қаласам соның бәрін аямады ол
беруден.
Алған беттен айнымауым —
болар, сірә, бағым да.
Кезім жоқ қой қиғаш тартып
достарымнан бөлінген.
Сенің айдай дидарыңды көрген
күннен бастап-ақ,
0 дүниенің қызығынан біржолата
безінгем.
Алаулаған ал қызыл гүл,
тағдырыма айналшы,
Сен дегенде бұлбұлға ұқсап үнім
еркін төгілген.

Құштарлықтың құжырасында
ашылды әбден
сауатым,
Оған дейін сөзім жоқ еді
кестеленіп өрілген.
Тағдыр мені харабаттың қарауына
берді де,
Шарапппшлар ңошеметтеп ұсынды
орын төр үйден.
Енді, міне, еңкіш тартып, сақал
мен шаш ағарды,
Сауың-сайран құратын кез бізден
аулақ шегінген.
Мәйханадан мекен тауып мәз
болғаннан беріде
Бұл өмірдің тылсым сырын
айқынырақ сезінгем.

Кәйіп болып отыр едім, естілді
һауаз аспаннан:
«Хафиздің бар күнәлары
кешірілді»,— делінген.
Т
9* 131
114
Құдауанда, қартайғанда келді
қайдан
құштарлық,
Бұған дейін білдірмеуші ем,
қалмады енді ұстам түк.
Сорлы бұлбұл сайрап жүріп
байқамай да қалған ғой,
Тор құрулы тұрғандығын тырп
еткізбей ұстар нық.
Көкірегім қарсы айрылып
жуылғандай қанменен,

Мүшкі исіне елтігендей
маужырайды тұс барлық.
Сіздің үйдің төңірегі тым-тырыс
боп мүлгіп тұр:
Сыбдырламас жапырақ та,
бұтақтарда құс қалғып.
Сүйіктімнің қиғаш қасы қиғыр
қылыш секілді,
Толып жатыр құрбандығы көрген
одан қыстаңдық.
Масаңдықтан мәңгіп жүрген
менен нені сұрайсың,
Бұл тірліктен аз көргем жоқ
озбырлық пен
дұшпандық.
Ңайырымды кісі болып көрінгің-
ақ келгенмен

Қадірім мен қасиетім жоқ сен
үшін бір мысқалдық.
Қолаң шаштың құлы болған күні
қараң Хафиздың,
Төңірегін торлап алған қызғаныш
пен іштарлық.
Т
132
115
Құйшы досым! Кесеміздің
толылығы мақұл-ау.
Көңіл шіркін күмбез көкті
төңкермек боп жатыр-ауі
Ішейікші емін-еркін, гүлзар
жайнап құлпырсын,
Бір хош иіс келіп-ақ тұр:
шарапхана жақын-ау.

Қан аңсаған тағдыр маған тақаса да қанжарын,
Қарсы үмтылар қайратым бар менің-дағы, батыр-ау.
Қалағаның пейіш болса, мәйханаға біргө жүр,
Шарап толы қыш көзелер бар жұмаққа татыр-ау.
Біреу — ақымақ, біреу — дана, онда қандай ісіміз?
«Тәңірім өзі анықтар»,— деп жүре беру ақыл-ау.
Ән айтылып, күй тартылсын, шалқи түссін көңілдер,
Шарапхана кетсін кеңіп бейпе шалқар атырау.
Көрсін бізді әрі қатал, әрі жайсаң патшамыз.

Әттең ғана дастарқанның үсті
мүлдем тақыр-ау.
Е, Хафиз-ау, бұл Ширазда сөз
қадірін кім білер,
Басқа жақтан бағыңды іздеп
кетермісің, апыр-ау!
V
133
116
Ңұмыраң толып тұрған кезде
айтар саған
ақылым:
Өзің де іш, өзгенің де ңандыр
мейірін ақырын.
Жасы үлкенге жарасады кеңес
беру жастарға,
Кәрілік ит меңдеткен-ау өзіңді де
пақырым!

Құштарлықтың құшағына енгің келсе еркіндеп,
Бойыңды да, ойыңды да билемесін ақылың.
Қуаныш пен шаттық бүгін шарапхана ішінде,
Жайнамазды жинап таста, жетсе егер батылың.
Достарыңнан барыңды да, жаныңды да аяма,
Сонда олар ең сүйікті болар қимас жақының.
Ахриман сүм алдымыздан талай-талай тор құрар,
Соруш сенің қорғаушың боп, жауың қалсын
мақұрым.

Ңайран дүние-ай, ңайрат қайда кешегі жас күндергі,
Бастан асып жатыр қазір мұлтың мен ңапылың.
О сақи дос, кесем құрғап қалмасыншы шараптан,
Жанарыңнан нұр құйылса пшғар шалқып шат үнім.
Жібек койлек киген сәулем, бір сүйгізсең ңайтеді,
Жыртық шекпен ішінде де дүр ғой Хафиз ақының.
*****

134

117

Сеніменен оңаша бір отыратын күн қайда?

Шарап ішіп, шаттық кернеп
шалқыр ем-ау мұндайда.
Тақуалардың тақмезесі көтере
алмас көңілімді,
Ып-ыстық от лебің ғана өртеп
мені тұрғай да.
Бал ернің мен мөлдір көзің
маскүнемді мәз етер,
Мен де сондай болсам деймін,
ретін өзің ыңғайла.
Құштарлықтан естен танып,
тыншу көрмей түн бойы,
Телміремін айға қарап, батып
терең мұң-зарға.
Кебісіңе жұққан шаң да сенен
қайырым күтеді,
Мен сыралғы қызметші ем, шала
көрме құрбанға!

Асыл сездер — қырғауыл ғой,
шаир — сұңқар
құспен тең,
Шын асыл сөз ілінбейді тұзақты
құр құрғанға.
Менің айтңан ғазалыма құлақ
ңоймай барасың,
Ал Манидың өзі де оған әзір
барын сыйлауға.
Хафиз емес, мен болармын сірә
сені үйретер
Жұлдыздармен сұхбаттас боп,
айдың сырын
тыңдауға!
*
135
118

Хадір түні екен бүгін, қарандаршы аспанға!
Жарық жұлдыз төбеде тұр: жақсылыққа бастар да.
Сүйгенімнің сүмбіл шашын кірлетпесін кісәпір,
Күні-түні тілегім сол, жұмысым жоқ басқанда.
Бұлықсыған бұғағында тылсым тұнған сырлар бар,
Жарасып тұр мойынына небір лағыл тастар да.
Мықты болсаң шыдап көрші сиқырлы осы сымбатқа,
Күн де күңгірт көрінер-ау сәулесін ол шашқанда.
Құмырсқаның қыбырындай қауқарым бар бір

жанмын
Шапанының шалғайына
жарамаспын астарға.
Ай дидарлы асыл жанның
құлаққесті құлымын,
Табанының тозаңынан аяр менде
бас бар ма?
Қолымдағы қарға-қалам қасиетті
атын жазғанда,
Оны ұстаған бағым менің шырқап
ұшты-ау асқарға.
Шарап пенен гүл еріннен қол
үзуге құлқым жоқ,
Бұдан өзге не байлық бар мендей
бейбақ қасқанда.
Білдірсе екен бір емеурін, көтерем
бар азабын,

Оқ кірпік пен от жанардап Хафиз сірә қашқан ба!

V

136

119

Ңайран жүрек дауа таппай дал болар да,
қамығар,
Бұл сөзімді махаббаттың уын жұтқан жан ұғар.
Өмір бойы құлы болып қызмет етсем арман жоқ,
0 құдірет, не жазып ем мұнша жүдеп зарығар!
Қам көңілді ғарып жанды жұбататын ____________кім бар-ау,
Құдай дегеп пенде қайда! Қайыр кімнен табылар!

Тез өтіп кет, тұрғанда әзір жылан
бұрым оралмай,
Қарашы әне, қанша адамның
бейкүнә аққан қаны
бар.
Көз қиығың арбап алып,
емексіткен өзің ең,
Алданудың азабынан жаным
қашан арылар?
Баябанда бас айналып, адастым
ғой жолымнан,
Жарқ етші бір бақ жұлдызым!
Дертім, бәлкім,
айығарі
Жапан дүзді жалғыз кезіп, үрей
болды-ау серігім,
Өмірдің құм шөлейтінде жүрек
жадап сарылар.

0 сұлулық шұғыласы! Рахымыңды түсіргей!
Саяңа алып сақтамасаң,—
кеудемнің құр жаны бар.
Мен бір жүрген жолауілымын
ұзын жолдың үстінде,
Үміт-сағым алдымда ойнап,
алдарқатып ағылар.
Қорласаң да каншама енді, орпым
мепің — босаған,
Дос зәбірін көтере алмай мен бе
жатқа жалынар.
Хафизға ұқсап өзің де әлі жардың
зарын тартарсың,
Он төрт түрлі мақамдатар құран
сөзін жадыңа ал. Ұ 137

Өзегімді өрт жалайды, калай
табам даруын?
Көтерісер кім бар екен мендегі
жүк ауырын.
«Мульяннның өзенінен салқын
самал соғып тұр»,
Көргендеймін содан өзім
Самарқанттың аруын.
Құбылмалы қу дүниеде жоқ қой
жанға тыныштық,
Одан да өзің шарап құйып,
шапағат қыл бауырым!
.Дүрбелең мен дүмесіннен дем ала
алмай тұр жаһан,
Ақылды мен ақындардың
жаздырмай-ақ адымын.
Керек маған айдай нұрлы ару
қызы Шығылдың

Рүстем жоқ, ал әмірші тыңдар
кімнің зар үнін?
Махаббаттың жолы ауыр, табу
қиын емін де,
Сүйіспендік сырқатына
шалдыққанның халі мұң.
Мүддәйімдер қосыла алмас ер
көңілдер тобына,
Бойды кернеп тұрсын-дағы қанды
ысытқан
жалының.
Мынау дозақ дүниені ңайта жасау
керек-ақ,
Сонда, бәлкім, тазаруы адамның
да арының.
Хафиз сенің көз жасыңды
көлдеткеннен не пайда?

Оңай емес кеңейту де қыспақ
заман тарынын.
V
138
121
Сәл масаңдау, албыраған жүзіне
ай нұр құйып,
Қасыма кеп күлім қағып, алма
мойнын тұрды иіп.
Кесе толы шарабы бар ұстай
келген қолына,
Абыржытып тастады әуел мені
тосын бұл қылық.
«Сүйіктім-ау, қалдың ба ұйықтап,
қарашы, мен
маспын ғой»,—
дсді-дағы тұрып қалды көңілінде
бір сыр тұнып.

Қыз қолынан шарап ішпей сүрген өмір құрысын,
Махаббат та мансұқ етсін ондай жанды тым суық.
Шарап қана тәңірінің бізге берген бар сыйы,
Ей тақуа, әрман кетші, тұрмай мұнда қылқиып.
Қалқатаймен кезек-кезек көтердік бал кесені
Екеуміз де балбырадық, қызыл гүлдей құлпырып.
Кәусар ма екен пейіштегі, әлде бұлақ суы ма
Арнасында қайғы мен мұң толып аққан бұлқынып?
0 Хафизім, мұның сырын сұрай беріп қайтесің;

Шарап пенен қыз бұрымы — әлем ғой бір тұңғиық.

Т

139

122

Тақуалық қайда? Кіл масаң жүрер мен
қайда?
Екеуіне бірдей тура жол түсер жер
қайда?
Мінәжатшыл мен сауыққой ңатар тұрар ма?
Бастарын қосар бір жаға, бір жең
қайда?
Құжыраңа да, жайнамазға да
зауқым жоқ,
Бал шарап қайда? Харабаттағы
төр ңайда?

Ңуанышпен ңауышар күндер кетті өтіп,
Әзіл-қалжыңы жараса қалар тең қайда?
Дұшпаның кімдер, достарың кімдер?— белгісіз,
Жүрегі жарқын, көңілі көлдей ер қайда?
Сүйгеніңнің сиқырлы жүзі алаулап,
Көзіңді арбар, қызыға қарар мең қайда?
Босағаңның тозаңы көзге дару ғой,
Адасқан жанға сілтейтіп дұрыс жен қайда?
Сорлы Хафиз айрылды ұйңы, күлкіден

Тыныштық қайда? Дертіпе дауа ем қайда?
т
140
123
Гүлге ғашық бұлбұл байғұс депті бір күн
күйініп:
«Сенен де артық әсем гүлдер жатыр бақта
үйіліп».
Райхан-гүл жауап қатты: «шын сүйгендер
ешқашан
дәл сендей боп ғашығына көрсетпеген ірілік».
Күні-түні көздің жасын төгеді інжу-маржандай

Қатал тағдыр қармағына қалған
жандар ілініп.
Мәйхананы сақалымен
жүрмегендер сыпырып,
Махаббаттың алдында да
тұрмайды ғой жүгініп.
Сүйгенімнің көңілінен қашан,
қалай шығам?—деп,
Бұрымына оратылып, бәйек болам
жүгіріп.
Жұлдыздар не айтады?— деп
сұрап едім кәриядан
«Сөнген сенің жұлдызың ? , —
деп жауап берді
түйіліп.
Оңай емес махаббаттың мәнін
ұғып сөз айту,

Сақи досым, құй шарапты,
отырмайық түңіліп.
Хафиз деген қашанда да бүге
алмайды қасіретін,
Көздің жасын көл ғып төгіп жүрер
жүдеп,
бүгіліп...
"Т
141
Ей шарапшы, құйшы кәне, тұрсын
кесем
мөлдіреп!
Ән салынсын, ол болмаса көңіл
қалай сергімек?
Сәулешімнің жүзін көрем мөлдір
жүзім суынан,
Шарап ішпес шайхыларды
айтармыз «не көрді?»—

деп.
Махаббаттың шипасынан
тірілгендер қайта өлмес,
Сол шипадан ішкем мен де
«тәңірім дауа берді!» —
деп.
Қанша сұлу қара көздер жылу
құйды жаныма,
Сәрулердің саясында салқын
самал келді леп.
Есіңді алар еркелердің көзқарасы
мас қылып,
Бойың балқыр, көңілің шалқыр,
ет-жүрегің елжіреп.
Шайхы сорлы-ау, Мүңкір-Нәңкір
төніп келген
кезіндө

Дұғаңнан да мәкіру сусын
әлдеқайда жөндірек.
0 самал жел, қанатыңмен желпі
сәулетайымды,
Айтшы оған ғашықтықтан
кеткенімді көп жүдеп.
Өтер уақыт, өтер өмір, болар ұмыт
бәрі де,
Ал тірлікте пенделергө керек
мейірім, кең жүрек.
Хауам-Хажы жомарттығы телегей
көк теңіздей,
Тұрады оның пейілінен аспан
жайнап, жер түлеп.
Хафиз, сен де көз жасыңды дән-
маржан ғып төге бер,
Аңсап жүргеп арман құсың қонар
қолға жем тілеп...

142

125

Оңашалық — дәруіштердің тапқан таңдап
жұмағы,
Имандылар дәруіштерге сый-сияпат қылады.
Талай ғажап тамашаны, бойтұмарды көресің,
Пана болса дәруіштердің қара лашық тұрағы.
Сегіз пейіш сарайларын күзетіп тұр ризвандар,
Бұйырган ғой дәруіштерге даланың ақ бұлағы.
Әбден тас боп қатып қалған жүректі де жібітер,

Дәруіштердің елді кезіп айтқан мұңлы жыр-әні.
Ұлылықтың алтын тәжін шын іздеген адамдар
Дәруіштермен бірге жүрсе мұратынан шығады.
Бақыт болса ғасырлардан ғасырларға жететін
Ол тек қана дәруіштерге бұйырған-ау сиягы.
Сұлтанның бар күш-билігі — табындыру жұрттардыг
Дәруіштердің бар сенері — Ақиқаттық құралы.
Бар әлемнің әміршісі айтатұғын дұғаға
Дәруіштердің от сезімі өіппес жалын құяды.

Қараңғылық қалың қолы қаптап
кетті дүниені,
Оны енді тек дәруіштер
ығыстырып қуады.
Ей дүниеқор, дірілдемей жаңалай
бер тәубаңды,
Бар дәулетің дәруіштердің
қайырымымен тұрады.
Қарынбайдың қазына, малын қақ
жарылып жер
жұтса,
Мұса менен дәруіштердің
қарғысыпан бұ-дағы.
Серпіл Хафиз! Қайнап шыққан
киелі су қайнары —
Дәруіштермен бірге құрған сұхбат
болар, сыңайы!

Мен өзім де шәкіртімін кемел ойлы Асафтың,
Дарығап ғой содан мағап асыл сөздер дуалы.
*

143

126

Есігіңнен енгенімше тұрамын ғоіі асыға,
Ұйықтайыншы сүйеу етіп босағаңды басыма.
Қылыштарын жалаңдатып қоршаса да жауларым,
Қасіретіммен қарсы тұрам, жолатпаймын қасыңа.
Харабаттан басқа менде баратұғын жер бар ма?

Мен сорлының сонда ғой бар папасы да, асы да.
Тал бойың мен от жанарың алған мені тұтқын ғып,
Халайыққа айтпай мұны қалай тұрам жасыра.
Сенсіз менің өмірімнің қара бақыр құны жоқ,
Жайдың оғы жайратса да жығылармын асыла.
Ғашықтарды әуреге сап ренжітпеші сарсылтып,
Махаббаттың киесі ұрып, күнә артылар басыңа!
Қаншама жұрт саған қарап қолын жайған, қарашы
Е сұлтаным, кеудең өсіп, көкірек кере тасыма!

Тор мен дұзақ торлап алып жатыр
менің жолымды,
Құтқар соның бәрінен де
мәрттігіңді асыра.
Хафиз, сен де жүрегіңнің сақта
қымбат қазынасын,
Қыз меңі мен бұрымы үшін берме
босқа шашыла!
*
144
127
Мен бір дәруіш. Ойын-сауық
дегеніңде ісім жоқ.
Көңілім сендө, бар ғаламның
көлемінде ісім жоқ.
Жан шіркін-ау, саған осы не
керек?— деп сұрасай,

Жәннат-жайдан өзге нені
берерiңде iсiм жоқ.
Сұлулықтың падишасы-ау! Мен
қайыршы,
дәруiшпiн
Қандай қазына, сый-құрметке
бөлерiңде iсiм жоқ.
Тәңiрi алдында айта алмасам
iшiмдегi арманды,
Таңда-махшар күнiнде не
көрерiмде iсiм жоқ.
Қан құмартқан құлқыңменен бiздi
тоз-тоз етпексiң,
Сорлы мүлкiн қайда ала
жөнерiңде iсiм жоқ.
Дос ақылы — айна бейне кесесi
гой Жәмшидтiң,

Осы сөзге зейінің жетіп сенеріңде
ісім жоқ.
Інжу-маржан терушіге дән
разымын қашан да,
Теңіз қайырын құммен қашан
көмеріңде ісім жоқ.
Еіі гайбатшыл, әрман жүрші!
Төңірегімдө достарым!
Жауларыммен бірге үстіме
төнеріңдө ісім жоқ.
Мен махаббат Мәжнүнімін,
Ханша білер жайымды,
Жаппар хаққа жалынудан не
өнерінде ісім жоқ.
Мен — Хафизбын, қайсар
жанмын. Жалақорлар
жабылып

Өсек айтып, гайбат сөйлеп не дерінде ісім жоқ.
*
10-533 145
128
Сүббі-салих атса да әңкі-тәңкі бас әлі.
Шарап әкел тезірек, ауруын сол басады.
Толтырыңдар достарым кеселерді қолдағы,
Мөлдіреп тұр шық тұнған ал-қызыл гүл шашағы.
Салқын самал соғады Кәусар бұлақ суынан,
Мұндай рахат мәһуадан қай мүсәпір қашады?

Қырмызыдай құлпырған қызыл шарап құйыңдар,
Көңіліңді көтеріп, баһарыңды ол ашады.
Құштар қылған сұлудың лағыл тісі, гүл ерні
Жан жарамның аузына күйік тұзын шашады.
Қасақана бұл кезде қақаңдаған қақпашы
Харабатқа құлып сап бір қырсықты жасады.
Таң атып та болмастан жапқан неге есікті?
Кілең осылай етеді-ау адамның ең нашары.
Тағдыр-сұлу тар пейіл ашар, бәлкім, пердесін,

Хафиз, әсте ренжіме, бағың әлі тасады!

Т

146

129

Тула журек, от болып жан!
Шыдай алсаң —
ерлігің!
Құптандағы намазға да
құлықсызбын мен бүгін.
Сұлулардың көзқарасы сиқырлы
да сынағыш —
Бір жалт етсе-ақ танытатын
дүниенің тар, кеңдігін.
Жәмшид патша кесесіндей қыз
жанары құдіретті,
Ап-анық қып көрсететін аспан
астын, жер жігін.

Сүйіктіңнің ыстық демі —
деміндей ғой Исаның,
Ол болмаса қысқа өмірдіц кім
толтырар кемдігін?
Ғайбатшылдың назары ауыр,
Тәңірім өзі қоргасын,
Ізгілікпен жеңген жақсы
кесірлердің кергуін.
Қуанышым, қуатым ең, кеттің
алыс бүгінде,
Таң намазын меніменен бірге
оқиды енді кім?
Хафиз сені алған арбап арулардың
айласы,
Жүгіре бер соңдарынан, не керек
құр өрлігің?!
т

130

(П) Көктем келді, серуен құрып көтерейік көңілді.
Ұстаздардың өсиеті жол ғой бізге сенімді.
Жайнамазды сатып жібер, пұлына оның шарап ал,
Кәйіп қылып, қызық қуып сүрейік бір өмірді.
Сұлуларды әкел мұнда көркі болсын думанның,
Сұлу менен шарап қана қандырмас па мейірді?
Ән мен күйдің құдіретіне батырлар да бас иген,
Неге ендеше құрмаймыз біз сауық-сайран, сейілді?

Раушан-гүлге шарап құйсаң
ажарланып өседі,
Сол шараптан өзіміз де білмейміз
ғой жеруді.
Ән-күйсіз де, шарапсыз да өмір
сүру қиын-ақ,
Қызғалдақтың қаушағыпан
мөлдіреп нәр көрінді.
Хафиз, бізге не боп қалды? Гүлгө
ғашық бұлбұл ек,
Енді міне сайрай алмай
абыройымыз төгілді.
148
131
Бір заманда дос дегенге еш
мәләлсіз сенгенмін.
Барлығын да өзім санап,
өзгерместей көргенмін.

Бекер екен сол сенімім мәуесіз бақ секілді,
Секілді екен ұрығынан көктемей-ақ семген гүл.
Өзіңменен бұл жайында сөйлескім-ақ келеді,
Не шығады дейсің бірақ пәтуәсіз сөзден құр.
Жанабыңнан жақсылықты күтуші едім үмітпен,
Олай болмай шықты бәрі, жылы қабақ көрмеймін.
Гүл ашсын деп сұлулықтың гүлзарлары сендегі
Көктемедей көңілімнің бар шуағын бергенмін.
Талайларды білесің ғой, елпектемей бірі де,

Тек мен ғана сергелдең боп сарай
маңын кезгенмін.
«Е, Хафиз-ау,— дедің маған,—
зорладым ба мен
сені,—
өңмеңдеген өзіңдейге орын берер
төрден кім?»
ТГ
149
132
Бауырларым, кім ашады
мәйхананың есігін?
Шиеленген шытырманның кім
табады шешімін?
Өзеуреген өзімшілдер бар бәленің
басы ма?
Кім жөндейді сонда олардың бізге
істеген кесірін?

Таңсәріден тәңіріге жалбарынған жандарға
Болу керек емес пе екен кең пейілді кешірім.
Әулиелер, әнбиелер, бізге өздерің жар болып,
Жеңілдетіп жіберсеңдерші тағдырдың зіл кесімін.
Чанг зарлап, қаралы бір күй кернейді кеудені,
Ана мұңлық қалғандай-ақ құшақтап қу бесігін.
0 тәңірім! Жалғандық пен жауыздық бел алғанда
Харабатта отырудың болмақшы екен несі мін?
Күні ертең-аң күйкі жандар кулкі етер-ау Хафизды:

«Зуннарменен жамап жүр,—
деп,— шекпенінің
тесігін».
Т
160
133
Ай қалқаның асыл жанын аялайды
кеудесі.
Жанарымда жарқырайды нұр
ойнаған бейнесі.
Осыншама ғұмыр сүріп бас имеп
ем ешкімге,
Шаһнабадтың бұл дүниеде жоқ
екен ғой теңдесі.
Қымбат маған қалқам демі
миуасынан жұмақтың,
Алты қабат аспаныңнан жұмыр
жердің кем несі?

Мәжнүн көрген көп азапты мен де көріп жүрмін ғой,
Табындырған тағдырына көнеді екен пендесі.
Ғашықтардың көкірегі — қазынасы бар ғаламның,
Керек емес оған әсте сүйгенінен еңгесі.
Аузын ашқан ажалдан да қорқа қояр жайым жоқ,
Ауса болды ай-қалқаның маған ықылас-зердесі.
Гүлзардағы әсем гүлді ұқсатамын сәулеме,
Бар тілегім — қонақтауға басқа бұлбұл келмесі.
Сырт коздерге корікті боп тұрмаса да бұл Хафиз,

Кеудесінде күмбірлейді пәк сезімнің пернесі.
т
151
134
Дүние толы қызыл гүл ғой, бірі маған
жетеді.
Жалғыз сәру ағашының түбі маған жетеді.
Пірәдарлар менен аулақ, мен де оларға жуыман,
Шарапшының шаттық шалқыр үйі маған жетеді.
Мынау өмір толып аққан толқынды өзен суындай,
Жан-діліммен ұққан оның сыры маған жетеді.

Бұл тірліктің қуанышы қайғы боп та оралар,
Сәтгті күннің сәні ауған түні маған жетеді.
Қасымда ғой асыл қалқам, өзге тілек менде жоқ,
Ып-ыстық леп соғып тұрар үні маған жетеді.
Босағасы тисе болды, керек емес жұмақ та,
Қоламтасы бой жылытар күлі маған жетеді.
Қапаланба Хожа Хафиз, ғазал айтсаң қосылар —
Күмбірлеген көңіліңнің күйі маған жетеді.

V

135

Сорлы софы-ау, мәйханадан басқа жердің мәні
не?
Һуанғайсың раушан-гүлден кірсе тікен тәніңе.
Иланымсыз сөзден гөрі қымбат үні чангінің,
Тәсфиғыңды пұл ғып төлеп, қансай жүзім нәріне.
Бар дұғаңнан мәнді болып тұр ғой қызық мұндағы,
Өзгені қой, ерке көктем айналсын жыр-әніңе.
0 жүректің әміршісі, қызыл шарап бойды алды,
Бетіңдегі меңің үшін төзермін-ау бәріне.

Тәңірім, өзің кешіре гөр күнәкар боп қалсам мен,
Бал бұлақсыз, гүл-құрақсыз дүниенің сәні не?
Арманымның асқарындай асылзадам қайырымды,
Мен сорлыңа аз да болса айтсай жылы мәміле.
Бұған дейін көрмеген ем сұлулардың сұлтанын,
Жаппар-хақтың рахымынан дәмелімін әлі де.
Ерке сұлу ертелетіп ішер кезде бал шарап,
«Түні бойы жырлап еді»,— деп, шақыр мені дәміңе.
Т

136

Достынтың ексең ағашын, игілік күнде әкелер.
Қаскөйлік құлны құрысын жүз қайғы үйге әкелер.
Шарапхана ішінде шалқып-шалқып кеткенде
Шамаңды білмей шалыңпа, шарасыз күйге әкелер.
Дүниеден біз де өтерміз, шырқ айналған сұм тағдыр
Кейінгі талай ұрпаңқа ұйқысыз түн де әкелер.
Ләйла менен Мәжнүннің махаббаты ғажап қой,
Олардың асыл арманын енді өмір кімге әкелер.

Қайран жүрек, ңашан да күткепің
сенің көктем-ау,
Бұлбұл сайрап, жер жайнап,
жайқалған гүл де
экелер.
Бұрымында сұлудың жан жарасын
жазсам мен,
Балдай тәтті сөздерді төгілтіп тіл
де әкелер.
Қартайған шаңта бұл Хафиз
отырар бұлақ басында,
Біле де алмай дағдарып ертеңгі
күн не әкелер.
т
154
137
Қурап қалған басымыздан
жасалғанша құмыра,

Ішіне оның қызыл шарап тұрсын
толა құйыла.
Фәни дүние оте шығар, меңірейіп
құр жатар жер,
Сол үшін де бөлейік біз оны
думан дуына!
Сүйіктімнің сұлу жүзі тым
алыстап кетсе де,
Көңілімнің айнасымен көп
қараймын қиыла.
Сәру, сен де сұлумын деп тым
бәлдене бермегін,
Мен олген соң сүйегімді комсін
сая, ығыңа.
Қара шашың жылан болып
оралғанда мойныма,
Бар уытын ерініңмен сорып ең-ау
сұғына.

Бидай басы секілді ғой адамның да өмірі
Дем таусылар шақ келгенде құлап түсер қиыла.
Өз тәнімді өзім жуам көзден аққан жасыммен,
Күнәдан пәк кім шомылса қайғы-қасірет суына.
Діндарлардың дағдысы ғой «күнә? дейтін ңит етсең,
Тәңірім өзі жүрсін бізді алып көздің қырына!
Төсе, Хафиз, шапаныңды сұлулардың жолына,
Көңілің шалқып тұрған шақта мас боп шарап буына.
^

138
Кеше маған сырнайшы кеп сырлы бір саз
шертті ғой
Сонда менің ет-жүрегім елжіреп-ақ кетті ғой.
Қасіреттінің шерін айтып сарнағаны ауыр-ақ,
Тұла бойды шымырлатып сай-сүйектен өтті ғой.
Содан кейін шарапшы кеп тола кесе ұсынды
Ішіп едім, ағзам босап, жан рахатқа бөкті ғой.
— Тағы, тағы құйшы!— дедім, шалқи берді
көңілім,—

— Сенің мына бал шарабың бақыт болып жетті ғой!
Тәңірім саған мейірін төгіп, әрңашан да аман жүр,
Сенің жұмсақ лебің келіп маңдайымнан өпті ғой.
Хафизға енді өзге түгіл Кейлерің де түк емес:
Көңілі тасып отырғанда өзі де асыл текті ғой.

Т

156

139

Ақ жүзіңнің нұр сәулесі тұнды шарап бетінде.
Ариф сонда өрт қызыл боп тұрды шұғыла өтінде.

Кеседегі кескініңнен көрдім отын көзіңнің,
Толқып сонда қайран көңілім түсті-ау дейсің не
күйге!
Сақи досым, сол бір сәуле сенің кереметің ғой,
Сен ғанасың әзір тұрар жұртқа қайырым етуге.
Менің ыстық махаббатым талайларды өртке орап,
Достарымның пейілі аумады жүз тасалап кетуге.
Мәйханаға өз еркіммен келгенім жоқ мешіттен,
Пірмаган да айтқан сонда деп: «мұныңа өкінбе!»

Тағдырдағы жазмышың да дөп-
дөңгелек кеседей,
Шыр-көбелек айналғанмен жол
таппайсың өтуге.
Қыз бұғағы бұғауынан
құтылғанмен бұл жүрек,
Қыз бұрымы құрған торды хал
жоқ сөгіп-сөтуге.
Тас қараңғы құжырадан шығып
кеткем, пірім-ау!
Қыз бен шарап — ендігі бар
пиғылым мен ниетім де.
Билеп жүрмін сағыныштың
семсерінің жүзінде,
Ол қадалса, түсер сәті бақ-мұратқа
жетуге.
Сағат сайын жүрем осылай
сергелдең бір сезімде,

Сүйіктімнің сый-құрметі
махаббатпен бекір ме!?
Софы біткен серуен құрып, қызық
қуып мәз-мәйрам,
Болмайды енді: «Хафиз ғана
жаман-ақ ? , — деп
көкуге.
Т
157
140
Т!) Тәңірім маған рахым етіп сұлу
сырлы сөз
берген.
Тақуалар шарап корсе түсі суып
өзгерген.
Шарап деген сан заманнан ризығы
ғой адамның

Неге софы қорқытасың махшар күнгі безбеннен?
Судыраған сұғанақ-ау, айтшы кәне мойындап,
Жалмаңдайсың неге сонша боқ дүниеге кез келген?
Жаратқанның ақ жолынап адастырып өзгені,
Мүләйімсіп жүргеніңмен былғаныш қой өз кеудең.
Ал мен болсам масаң жүріп дән ризамын өмірге,
Екі дүниең бір-ақ қадам, бұл қалпымнан өзгермен.
Мешіт пенен медресенің құжыралары тар, қапас
Шынымды айтсам, соның бәрін харабатқа теңгермен.

Имансыздан иман сұрар Хафиз ба екен, тәйір-ай,
Менің аппақ ниетімді Тәңірім өзі жон көрген.
158
141
Бұрымыңның хош иісін әкелді таң самалы.
Жылуыңнан жүрегімнің оты қайта жанады.
Күндіз ойдан, түнде түстен шықпай қойдың,
сәулешім,
Сағыныштың салмағынан бойым бор боп барады.
Айдың аппақ сәулесін де тұтар сенің ажарың,

Күн нұрындай құдіретті екен
көзіңнің от жанары.
Бір өзің деп лүпілдейді кеудемдегі
бұл жүрек,
Тамырыма сыймай толқып ып-
ыстық қан ағады.
Алабұртып асықтым да, қақтым
түнде қақпанды,
Күзетшің кеп зәрлі көзбен зілдене
бір қарады.
Сен бұйырсаң зуннар байлап,
тәсфих тартпай кетер
ем,
Өмірім меп жүрегімнің өзіңсің тек
табары.
Ңабағыңды түйер болсаң, еңсем
төмен түсер де,

Жылы жүзбен бір қарасаң, көңілім көкті шалады.
Хафиз шаир қашанда да шалқып жүрер шарапқа,
Сонда оның қиялы да самғап қанат қағады.
V
159
142
еГ Бұл жерге мен қу нәпсімді ірку үшін
келгенмін.
Қайғы ағызған көз жасымды сүрту үшін келгенмін.
Махаббаттың мәзһабында мейірім бар, шуақ бар,
Мұздап қалган бәданымды жылыту үшін келгенмін.

Сегіз пейіш босағасын ашсын
маған айқара,
Бойымдағы бар күнәмді
___________сілку үшін келгенмін.
Ақыл-ойдың қазынасы көкірегіме
құйылған,
Пендешілік перделерін жырту
үшін келгенмін.
Шапағат пен қайыр-сахуат
қанатын кең жайсын
деп,
Жамандықтың қан мен селін
сырқу үпгін көлгенмін.
Пәк жүректі жаралайтын сұмдық
пенен құлықты
Жаһаннамға лақтырып құрту үшін
келгенмін.

Хафиз кімнен қаймығады?
Шарпып жалын сөзіммен
Екі жүзді суайттарды үйту үшін
келгенмін.
160
143
Қайғы« шегіп, қапа болар кезің
енді бітті!»—
деп,
Жылы хабар жетті маған
жүргенімде күрт жүдеп.
Шоқпыт-шоқпыт шекпенімді
сүйіншіге берейін,
Қалып еді көңілім де әр норсеге
күпті боп.
Сегіз пейіш ризвандары-ау,
хабарыңа көңілім хош,

Бұл бақытың көрінеді мен сорлыға
тіпті көп.
Тәңірімнің рахымымен келем
қайтып Ширазға,
Панасынан падишаның тоңған
бойға ық тілеп.
Теңемекші болыппын-ау
далбайымды тәжіңе,
Қалай-қалай құтырынғап
кеудемде бұл ит жүрек?
Кешірімшіл кең пейліңе тәнті
болып бас ием,
Асқар тауым озіңсің ғой төбең
тұрған бұлт тіреп.
Таиқанпан соң таянышты
пайтахтыцнан, әміршім,
Хафиз көңілі хұрсант болып,
дауысы да шықты үдеп.

144
Жүректе — гүл, ерінімдө бал шараптың шекері.
Мұндай кезде Тәңіріні де көзім көрмей кетеді.
Сөнсін шамдал! Онсыз-дағы жап-жарық қой айнала,
Ай қалқаның ақ жүзінен түскен сәуле жетеді.
Шарап мәкіру деген сөзді көргенім жоқ Құраннан,
Ғашық жарсыз ішсең, бірақ, рас құнсыз екені.
Сүйіктіңнің сұлу жүзі тұрар болса алдыңда,
Сегіз пейіш секілді ғой шарапхана мекені.

Хош иісті жұпарыңды
жақындатпа жаныма,
Бәрібір ол бола алмайды
қоланқшаштың өтеуі.
Бал шарап та, шекерің де қажет
емес дәл қазір,
Ерініңнің тәттілігі-ақ дуылдатар
шекені.
Жүрегімнің түкпірінде жатыр
қасірет маржаны,
Сенсіз сәнді сарайлардың көп қой
кетік, кетеуі.
Мен — дәруішпін. Даңқым менен
сорлылығым
бірдей ғой,
Олай болса күстәна ғып
күлмесеңдер не етеді?

Мұхтасибқ____________а шағым
айтып қайтесіңдер әуре боп,
Құдайды алдап жүрген оның
тақуалық не теңі?
Шарап пенен махаббатсыз күн
өткізбе, Хафиз-ау,
Гүл-бәйшешек құлпыратын
күндер де тез өтеді.
162
*

145
Жоқ болса егер жаны менен
жүрегінде
жылулық
Неге керек сырғауылдай сидам
тартқан сұлулық?
Сылқым жүріс, сырт құбылыс
көздің жәуін алғанмен

Қылығымен күйдірмесе, пайда жоғын ұғындық.
Көктем гүлі-ау, бойымдағы бар қасиетті ашсаңшы,
Үмітім мен арманыма тұтпай қара шымылдық!
Өзге түгіл күннің өзі сенен гөрі күңгірттеу,
Шұғылаңа көз шағылып, жол таба алмай жығылдық.
Екі қасың садақтай боп иіліп-ақ тұр екен,
Талайлардың талапына туар одан қиындық.
Махаббаттың тылсым тілі өзгеше ғой бәрінен,
Деп тұратын: өзге« емес тек жүрекпенен сырымды

ұқ! »
Ғашықтардың құпиясы болар ма екен досқа айтпас,
Сүйенішсіз, тілектессіз тым ауыр ғой тұру нық.
Харабатқа кіргендерге мақтанбай-ақ қой досым,
Әркімнің өз орыны бар, өз пірі бар ұйырлық.
Ақылды құс сірә-дағы шалғынға ұя салар ма,
Бойындағы жұмыртқасын бостан босқа шығын ғып.
Ей қызғаншақ, екі ауыз сөз тапқаныңа тасынба,
Хафиз айтқан ғазал тілі жұрт жүрегін тұр үйіріп.
*

И* 163
* *ш*
№ Қой мүхтасиб, тәңірім білер, кембағал жан мен
емес.
Бал шарап пен сұлулардан бас тартпағым жөн емес.
Таң самалы әкелгенде қызыл гүлдің хош исін,
Сұқ көздердің қадалғаны сүр жебеден кем емес.
0 раббым-ау, сепен қалай күтермін мен кешірім,
Масаңдық та, пасықтың та аң жолыңа тең емес.
Шараптың мол дариясынап дүррі-гауһар табардай

Босағасын күзетемін, орным мепің
төр емес.
Тәңірінің бар игілігін тәркі етемін
түгелдей,
Байлық, бақыт дегепдерің болса-
дағы көп емес.
Сұлтапдардың қазыпасынан артық
коңіл банлығы
Жаратқанға жалбарыну жанға
арагаа, сеп емес.
Ғашық жарым жанып түрған отқа
мепі тастаса,
Дән ризамын, кәусардың да
мұздай суы ем емес.
Асылында, шарап толы кесе ғана
берік-ау,
Жүз құбылып тұратып ол сонау
зеңгір көк емес.

Кембағалға ай сәулесі әрқашан да
аз түсер,
Көніп жүрміз, күннің-дағы пейілі
оған кең емес.
Риндтің сиқын өзім-дағы онша
ұнатып жүргем
жоқ,
Епді, бірақ, бұл қалпымнан безем
дерлік кез емес.
Айыптаушы ем озім бұрын
сәждеге бас қойғапды,
Гүл мен шарап ләззатынан ешкім
де әзір мезі емес.
Молдір моншаң көз жасымды кол
ғып тоге берейін,
Мұным әсте опық жеген
осалдықтың кері емес.

Сүйіктімнің сұлу көркі —
баспанам да, бағым да
Мәжнунге ұқсап зар жыласам,
жұрт көрмейтіп жер
емес.
Айнала гүл, жүрегімде — ай
қалқаның дидары,
Тақуалық әрі тұршы, аңсайтыным
сен емес.
0 Хафизым, құштарлықтың
уақыты өтіп бара ма?
Өзгеше бір толгапысқа түсуің де
тек емес.
165
147
Сәру ағаш көкорайды ұмытты
екен неліктен?

Жасмин менен раушан-гүлден
безгендерді көріп пе
ең?
Жан-журегім бұрымыңа байланды
ғой көп уақыт,
Бүйтіп ұзақ ұстайтындай
меншігіңе теліп пе ең?
Қасыңа еріп қошаметті етсем-дағы
қаншама,
Сөзге құлақ аспай қойдың бардай
біреу елірткен.
Сенің осы қылығыңа қиналын-ақ
қалсам да,
Бүгежектеп бұға берем, көңілім
әбден көніккен.
Хош исіңе елтіп тұрам таң-тамаша
қайран боп,

Хотан жұрты мүшкісінен тал бойыңа сеуіп пе ең.
Бұйра шашың желмен ойнап желіктіріп барады,
Бас айналмай қалай тұрам мұнша ғажап көріктеп!
Сен айтты деп егер сақи шарап емес у берсе,
Ңылғытып-ақ жіберер ем қалтқысыз-ақ сеніп мен.
Бұйра шаштың бунауына реніш айтқым келгенде,
Мырс етіп сен күліп ең-ау: «кез ғой,— деп,— ол
зеріккен».
Сен бұлайша мені мазақ етерліктей, жарқыным

Көз жасынан сірә Аденнің дүр-
жауһарын теріп пе ең?
Бұл Хафизға айтқан ақыл бір
қонбай-ақ қойды ғой,
Тура ажалдың өзі жақсы-ау
мұндай ауыр дерттен.
166
Т
148
Жүрегің — тас, тұнған сиқыр
құлақтағы
сырғаң да,
Түк қалмады-ау бойымдағы
сабыр, ақыл, мидан да.
Атлас-қамқа оранғаның,
перизатсың бір сылқым,
Жүзің — айдай, демің ыстық, тілің
өткір удан да.

Сені ойласам алау сезім тұла бойды жандырып,
Ұқсап кетем отты суды өзегіме құйғанға.
Атлас көйлек сияқтанып орап сені жатсамшы,
Сонда менің көңілімдегі түк ңалмас еді мұңнан да.
Қара жердің мұз құшағы тартса-дағы бауырына,
Жаным елмес, саған деген құштарлығым тұрғанда.
Ділімді де, дінімді де тонап алған өзіңсің,
Кептер иық, аршын төсің шалды мені құрбанға.
Е, Хафизым, бал татыған, бал татыған ерін ғой —

Дертке дауа дару егер, тыншу берер бір жанға!
т
167
'•' Қара түндей қалың қайғы басты бүгін кеудені.
Осы күні болдым-ау мен ерке сүлу ермегі.
Қара нәркес көздеріңніц от жанары жанды ортеп,
Сабыр, төзім сарқылып-ақ бітті түгел мендегі.
Қызыл арай таң шығындай жас парладьгау козімнен,
Қайран жүрек қаталдықтың қай мазағын көрмеді?
Жай отындай жарқ еткенде Ләйланың жанары,

Мәжнүннің қайғы-дерті одан әрі меңдеді.
Сақи досым, құйшы шарап, қызу тарап бойыма,
Алабұртқан әзиз көңілім кок аспанға өрледі.
Жаратушы кітабында тағдырымыз жазулы,
Бірақ, оны оқитындай бізге ерік бермеді.
0 достарым, Хафиз енді бұрынғыдай жырламас,
Қасірет оты жанын өртеп, кокірегін кеуледі.

150
(!) Жүректе тұнған зар-зафыран қозғалса кенет

атқылар.
Қам көңілімніц пердесін
жұлмалап әбдеп тартқылар.
«Сабыр түбі — сары алтын» депті
ғой бұрын
даналар,
Езіле берсе ет-бауырым көз
жасымнан қақ тұрар.
Кәйіп қып тұрғап кезімде айтайын
арыз-датымды,
Кеудем бір, бәлкім, тазарып
жаныма дамыл
таптырар.
Сұқтандыра бермесей сәрудей
түзу бойыңа,
Токаппарлығың тежеу боп, қол
жетпей зар қақтырар.

Дәулет пен сәулет сарайын
нұрлантып тұрса ай
жүзің,
Босағаңдағы мен баіiғұс болғаны
дей бер бақтияр.
Күні-түні өзіңді дуалап тұрам
ішімнен,
Соның бірі кор қылса жарылмай
жүрек шақ тұрар.
Зафырандай жүзім сарғайды,
мейірім етсей сорлыға,
Жеткен шығар уақыт та көңілімді
бір шат қылар.
Ей самал жел, сәулеме айтып бар
осы зарымды,
Күтемін талмай күні-түн,
қайраным бар ма аптығар?

Кенеттен қайғы тап болса
күйгелектенбей шүкір ет,
Одан да ауыр бір қасірет үмітіңді
сап қылар.
Сабыр мен төзім әманда жеткізер
арман-мұратқа,
Түннен соң күн бар, қыстан соң
жаз келер жайнап
шақ туар.
Анау бір нәмәрт немеге несіне
қарай бересің,
Қызғаныш өртеп ішімді, қан
тамырларым қатты ұрар.
Сұлулыққа мастанба, адамдық
қасиет ақылда.
Естілерді ел сыйлап, алдында
жұрты тәк тұрар.

Мейірім мен құштарлық сіңеді ана сүтімеп,
Халыққа қалай жақпақшы рахымсыз діні қаттылар?
Ынтызар жанпың аяғын сүйгің келсе Хафиз-ау,
Қабырыңнап тұрып кеп жырыңнап жақұт тақ тұмар!
169
№ Ей, мәруан, білмейсің ғой көңілдің хош
сырларын,
Өсек, пітнә бар айтарын. күймейді ме иманың?!
Салих кәміл тарихатқа, көңілімде түк мәлал жоқ,
Сырат көпір жолы түзу — ақиқатқа бұл қайым.

Тағдыр, қанша тәлкек етем десе-
дағы еркінде,
Не көрсем де таланымнан, жүз
құбылып тұрмадым.
Дүние — бір сиқыр сарай, нелер
тылсым сыры бар,
Біле алмадым ішіне оның қандай
жиһаз жиғанын.
Пәруардігар, неге ұмыттың!
Жазмыш маған осы
ма?—
Ңыңқ етерге түк мұршам ж о қ , —
от боп күйіп тұр
жаным.
Тәңірімiздей тәнті ете алмас
патша мөрі қалайда,—
Пенде ақылы ұға бермес, сірә,
мұның шын мәнін.

Кім келсе де бізге еркі! Не айтса
да ықтияр,
Күзет қою намақұл ғой, езімізге
сыр мәлім.
Шарапхана босағасын пәк
пенделер аттайды,
Жолай алмас мұнда, әсілі, арын
сатқан мұндарың.
Мүкәбаша, біз өзіңе қарыздармыз
әманда,
Дәргаһіңа мүтиғы боп бас иеді
құлдарың!
Лашығымыз сараймен тең,
шарапшымыз — піріміз,
Шайхыны қой, сылдыр сөзбен
алдап жұрттың жүр
бәрін.

Дастарқанның төрағасы болмай
қойды бұл Хафиз,
Керегі оған мөлдір шарап, қайтсін
қазна-пұлдарын?!
170
152
& Сергі, көңлім! Ораза өтті,
көктем туды елжіреп,
Көзелерде тұнып қапты-ау қайран
шарап мөлдіреп.
Көлгірсігөн сиқырлардан аят-
хадис тыңдамай,
Софылар жүр сайран құрар кезіміз
бір келді деп.
Айшу ишрат, қызықпенен
көңілдерін көтерген,
Шарапқордың жазығы не,
күстәналар кергілеп?

Мүләйімсіп отыратын анау қара ниеттен
Ары таза маскүнемнің өзі қайда жөндірек.
Тақуалық бізден алыс, софылармыз ақ көңіл,
Шындық сырын білсек-тағы, босқа әуреміз ем тілеп.
Залалымыз жоқ қой жұртқа, ықырармыз Язданға,
Бірақ, «шарап ішпеі» десе, төңкереміз «мейлі» деп.
Шарап ішкен қан ішкеннен әлдеқайда жақсы ғой,
Жүзім суын мәкіру деп айтар қандай көр жүрек.
Күнәсіздер бар ма қазір? Кінәлі ме мәй шафхат

Олай болса бар зарарын мен көтерем енді тек!
171
153
В Көрінді ғой ұяң маған күн көтерген аспандай,
Сен де келіп қоншы менің тар үйіме жасқанбай!
Жаппар хаққа жалбарыпам, күндіз-түні күңіренем.
Сырлы үнің мақпал болып айнала орап тастардай.
Таң бұлбұлы, сайра-сайра, сайра үнсіз гүлге сен!
Жаңғырығып жатыр тоғай тәтті ұйқысы қашқандай.
0, періштем құдіретті, лағыл-маржан төктің ғой,

?Кан жарама дару етіп асыл дәрі басқандай.
Той-думанда өзіңменеп бірге отырар күн қайда...
Түнде үяңа таяу келіп жатармын мен тас маңдай.
Ңұмарлықтың құрбанына қымбаттымды қия алман,
Бір ғапа сен жақынымсың жүрек кілтін ашқандай.
Мүсініңде бір мінің ж о қ , — қандай ғажап сұлу ең!
Қамшың тисе қатал тағдыр жуасиды жас тайдай.
Сиңырласа сап жүректі сепің сырлы әуезің,
Кок пырағы қия жолда сүріншектеп сасқандай.

Сен сайрасаң, аспан жерге
айналып кеп түсердей,
Хафизға да жыр тәңірісі өлең
дүрін шашқандай.
172
Пір тұтарым өзің ғана, еркімді
алды құштарлық,
Ңуаныш сол жүрегіме, сол сүтінім
— ұстар нық.
Сұлулықтың кереметін ділмен,
жанмен ұқпаққа
Көз керек ңой сыртын емес,
сырын танып нұсқарлықГ
Ғашығымның нұр дидары, мөлдір
жасы Хафиздың —
Көк жауһары, жер баһары ңойған
жұртты құштар
ғып*

Махаббаттың құдіреті мені шаир еткелі
Даңқым артып, жүрмін шалқып, біткендей бір күш,
байлық.
Әсілі маған марапаттан көңілі қымбат дәруіштің,
Бер тәңірім, жарлы бақытын — шырағым сол
ұстарлық.
Имам, неге қорқытасың?
Жүрегімде зар толы —
Ол баянсыз салтанатты сарайлар мен іштарлың.
0, қадыр һақ, Кағбаға үміт көзім жетер ме?
Онығ жолы ұзақ-ау тым, көп қой қиын-қыстаңдық*

Хафиз енді айта берме ұлылығын Парвиздың,
Шырын десе, озінде де қалмайды ғой ұстам түк!
т
173
155
Қос бұрымың қара арқандай оралса егер мойныма,
Көз жанарың кетсе шарпып,— қиын нәубет болды да.
Патша ағзам дәруішті жазаласа,— еркі ғой.
Ал құштарлық оты өртесе, келе коймас орнына.
Қой, жүрегім, шыда, шира,— көнбесе ышқың ырыққа

Тәуекел, деп күтесің ғой тағдыр тосқан торды да.
Қылыш жүзді қара көздер қиып түссе қайтерсің —
Қайран бар ма, құтылар жол қайда сендей сорлыға?
Достарынан айрылған кім жала жауып нахақтан?
Қайтып олар табысар ма, табар ма ақ жолды да?
Ей, қария, күстәна етпе, Хафиз да бір құйын ғой,
Ол сірә да құм далада қолға ұстата қойды ма?!

V

174

156

Жүрегімді тұтқын етіп ала кеттің, сүйіктім.
Көріпбейсің, цайда жүрсің, қалай ғана үмыттың.
Тас қараңғы түн ішінде мені өлімге қисаң да,
Өз көңілінде мол шапағат бергендейсің үйіп тым.
Келші бермен! Бара жатыр жүрегіме қан толып,
Қайғысы ауыр, қасіреті ащы кеуде өртеген күйіктің!
Дерт жандырып, жан тәсілім әлетінде жатқанда
Бәлзам бермей, у цұйдың да ет-жүректі іріттің.
Күзетімде тұрды кезе, бәрбат сыңсып егілді,

Көріп менің күйгенімді
тамтығындай біліктің.
Ей, самал жел, әлемге жай менің
мынау халімді:
Қайырымы жоқ қаталдықтың
қармағына іліктім!
Кімге шағам мұңымды мен? Кімге
барып айтармын,
Солқылдаған жас шыбық ем,
шипая ғып иілттің.
Қас істемес қатігездік Хафиз
сенен көрді ғой,—
Кірпігің оқ, қасың жайдай,—
шыбын жаннан
түңілттің.
*

Талай күндер хат келмеді-ау өзіңнен,
Содан бері жоқпын мен де көз ілген.
Егер өзің маған рақым етпесең,
Өртенермін оттай ыстық сезімнен.
Құмырада күрең қызыл шарап тұр,
Сені күтіп ол да айрылды-ау төзімнен.
Ешбір дәрі дару болмас дертіме,
Жарқ етіп бір нұр құймасаң көзіңнен!
Еіі, мәруан! Кетсей әрі бұл жерден —
Түніменен шарап судай төгілген.
Сен жүзімнің қанына тіл тигізбе,
Ол адамның пәк терімен егілген.

Диуаналар, тәңірім тек жар болғай!
Сенбе, достар, бай сыйына берілген.
Ей, ғашық жан, шарап іш те, шалқып жүр,
Өз қайғыңды айтпа адамға көрінген!
Мен — Хафизбын, күн жүзіце көп қарап,
Күйіп-жанған, дәргәһіңа еміпген.
V
176
158
Егер, достым, көңіліц хош, болса бірге сүйгенің,
Оңга басып өмірің онда тағдырдың біл игенін.

Махаббаттың ақ сарайы ақыл-
ойдан биікте,
Кім жетсе оған керегі аз мынау
тәркі дүниенің.
Қызыл ерні сиқырлайды-ау,—
жүзігі мө Сүлеймен?
Бар ғаламды баурап алар лағыл-
маржан, гүл ерін.
Тал бойында мін болсайшы,—
жаралғандай
мәрмәрдан,
Бәрі ғажап, ей жігітім, бүл
ғашығың — бір керім.
Сол кезде сен сорлы кедей
софылардан шошынба!
Бір әулие дәруіш тұрып басқарар
той дүрмегін.

Тіршілікте бұл дүниенің бар қызығын базарла,
Өлгеннен соң тәңірім саған не берерін білмедім.
Егініңді жинап алсаң, нұма аңыздан пақырды,
Масақ теріп олар-дағы етсін тірлік тірнегін.
Таң самалы! Ғашығыма жеткіз менің сырымды!
Хұсырау мен Жәмшидке ұқсап аңсап сені жүр,—
дегін.
Кезбе Хафиз керек емес,— дейтін болса, айт оған:
«Ханышалар дәруіштөрмен бірге өткізер түндерін!»
ТГ

12—533 177
159
Жалғыз жүріп шарап ішу ерсі!—
дейді дұрыс
та,
Кілең мойңор енді маған жолдас-
жора, туыс та.
Кедейліктің сырын іздеп
кемеңгерлер, балгерлер
Сан замандар сарсаң болғап... бұл
бір бітпес жұмыс
та!
Пенделердің пешенесі — алай-
түлей тылсым ғой...
Сонда да көп сақтаулы ацыз талай
ел-жұрт, ұлыста.
Жэмпшд, Баһымен, Кей-Қуат та
топыраққа

айналған,
Кәне софы, шарап толы қыш көзені пық ұста!
Қауыс қайда? Қайда тағы, ауазалы Кейлердің?
Барлығы да қалған құм боп шолде, қиян-ңуыста.
Қайда Шырын? Қан аралас коз жасынан Фархадтың
Қып-қызыл боп гүлдер оскен қырда, тоғай-жыныста.
Бұл дүпиенің құбылмалы құлқын жалгыз гүл білген:
Ә дегеннен рахат пәрін келеді ұстап уыста.
Шарапхапа ішінде біз ессіз-түссіз жатайық.

Әп мен күйдің әлдиімеп
кенелгендей ырысқа.
Қаңғырып-ақ өтер едім мынау
фәни жалғаннан,
Мұсалла мен Руһнабадты қиып
кету дұрыс па!
Хафизға ұқсап іш шарапты,
құйқылжысын
шаңқобыз,
Тарқатылған жібек жіптей кеңісіп
дем, тыныс та!
178
160
Ғашығына қарасын деп тәңірім
маған көз
берген,
Уа, асыл дос, рахмет саған: сенсіз
теңмін өлгенмен!

«Сүйгеніңнің аяғынан жұққан тозац ем!»—деіні,
Ңасірет жұтқан бишараға тартып азап-сергелдең.
Ңой, жүрегім, қорықпа әсте қасиетті өмір жүгінен:
Жолаушы жан өтер талай ылдилардан, орлерден.
Ей, ғашықтар, жүрегіңніц қанымененен дәрет ал!
Түк пайда жоқ әйтпесе қүр намаз оқи бергеннен.
Бұл алдамшы дүниеде жалған сөзге құмартпа,
Шарап қана жұбатады коцілімізді шерленген.
Еріңнің ұшы тисе,— болды, мағап сол пана,

Сағат сайын сансыз бәле төніп-
топіп келгенмен!
Бағдатта да, һыжазда да шер
тарқатқан жігіттер,
Созі шырын Шираз шаиры —
Хафиз жырын
коргенпен!
12* 179
161
Кайғы жұтып қан жылаған Жақып
атты
пайғамбар;
«Жан ұлынан айрылмаған,—
депті-ау,— тартсын
қайдан зар».
0 молдеке, дозақты айтып
қорқытасың несіне?

Ауыр ма ол айрылудан! Менде өкініш, арман бар.
Сүйгенімнен айрылдым мен, ізсіз-түзсіз жоғалды,
Самал ғана сыбыр етіп айтты қайда ол мәруан-хар.
Тұтылған ай жарығындай сөнді де ол, серт бұзды,
Ән орнына азап тастап алдап кетті-ау жалған жар.
Тағдырға мен мұңым шақпан, таланымнан көрермін,
Дертіме де дару іздеп, дәлбіректеп салман зар.
Әкеліңдер шарапты мол, жеңілдетсін ___________қайғымды ол!

— Бақыт нәрі сонда екен,— деп
айтқан бағы
бағбандар.
«Желді байла!»— десе жынға,
«жел байлауға
тұрмас»— деп,
Сүлейменге жауап берген —
желге қандай қайран
бар?!
Қысқа өмірде бұл дүниенің қуа
берме қызығын!
Зеңгір аспан — залым бүкір,
арбауына нанбаңдар.
Мынау қалай, бұл несі?— деп
сұрамаңдар менен түк,
Көкірегіме қалды ұялап тәңрім
айтқан фәрмандар.

— Дүниеауи Хафиз сені
ұмытты,— деп жүр өсек...
Жанымды ұқ! Мұны айтатын
маған дұпшан
хайуандар.
Т
180
162
Мен бір дәруіш, үрей кеулеп
билеп алған
кеудені.
Сорлы жүрек бөденедей
қорғалайды әр нені.
Қорқамын өз жүрегімнен, тал
шыбықтай қалтылдап,
Менің жаным — қиғаш қасты бір
сайқалдың ермегі.

Ойым менің мұхиттарды орап
жатсам дейді ғой,
Бірақ өзі — тамшы ғана, гүл
шығындай шөлдегі.
Нұр шұғылалы кірпіктер-ай,
тынышымды алып
біттіңдер,
Көздеріңде тұр-ау жайнап өмірдің
бар өрнегі!
Дерт даруы — тәуіптердің
алақаны аялар,
Тым болмаса сипаңдаршы қор
жүректі мендегі.
Кінәлімін, қиналамын, тірлігімнен
ұялам,—
Шарапхана есігінде зар илеген
көр, мені!

Дәруіш өзің, көп ойлама мынау жалған дүниені,
Хызыр менен Іскендір де одан опа көрмеді!
Ей, Хафизым, еңірей бермей ғашығыңа қолың соз,
Қарынбай да көре алмаған бұл қазынаны сендөгі!
ТГ
181
163
Рахат лебі келер бақтан, көлеңкелі саядан,
Қасымдағы хор қызынан жапыма нұр тараған.
Мен пақыр ем! Ұлылығым бүгін бірдей патшамен,

Кең сарайым — кумбезді аспан,
тәж бен тағым бәрі
аман.
Сыбырлайды жасыл құрақ — ерке
назы көктемнің,
Жұмақ маған керек емес, көңлім
жерді қалаған.
Мейлі дүние қаусап түсіп, қараң
болсын һэммасы,
Бал шараптың буынан да жанға
пана таба алам!
Ңұжырамызға әкелме сен май
шырағын софының,
Жауың хасам ішкенменеп ұстар
бір күн жағадан.
Шарап құмар мен байғұсты күпір
десіп кінэлар,—

Өзің, жапым соге көрме! Лл тағдырға қараман...
Хафиз өлер, зиратыпа барып-келіп жүргейсің!
Мұнда — күпір, ал махшарда Расул қорғап аяған.
Т
182
164
Уа, тәңірім, гүл ұстаттың, озіңе оны қайтарам,—
Қайтейін мен, далапың да ңызғаныіпып байқағам.
Досым менен кетсе де аулақ, кетсе де ұзап алысқа,
Тілеймін мен: қайғы-уайым көрмегей, деп жан саям.

Ей, самал жел, солай қарай жолың түсіп барсаң сен,
Мен сияқты адал құлдан ыстық сәлем айт оған.
Сүмбіл шашын желпіп өтші,— тұр ғой онда жүрегім,
Сипа да қой, ұйпалама, өйтсең менде хал қараң.
Аііт сәулеме,— жаиым менің жаратылған өзі үшін,
Бұрымында тұрса ғапа рахаттанып жай табам.
Бақ ішінде шарап ішсе гул ерінге бағыштап,
Басқа жақтан бақыт іздер баяны жоқ қай арам.
Шарапхана шаңырағы дүниепарас орны емес,

Махаббаттан бал жұтқанда бар
құмарлық тарқаған.
Мейлі, бізді өкшесімен таптасын,
пе сүйдірсін,—
Жасықтар мен қорнақ қана
сүюден бас шайқаған.
Хафиз жыры — құдіретті
қасиеттің өзі ғой,
Жаңұт, әхмар, дүр сөзіне ықрар,
тәнті бар ғалам!
183
165
Қырмызы гүл ашса бүрін,—
ақылдылар
қуанған,
Фәруаздана сайрар бұлбүл дауысы
мың бұралған.

Өлең толы дәптеріңді ал, далаға шық, серуен құр,
Не бар дейсің медреседе, азабынан жүр әрман.
Факих тақсыр мас боп кеше пәтуа айтып мүһминге:
«Пайғамбардың өзі де ішкен шарап қой»— деп
жұбанған,
Шарап ішсең шіміркенбей сімір жұмып көзіңді,
Ернеулете толған кесе шығарар шын құмардан.
Көңлі соқыр, жаны жалған адамдардан аулаң болі
Құмай нұстай Қаф тауында самға шырқау қияннані

Татымы жоқ талас-даудан сақыт ұста бойыңды,
Алаңғасар ақымаңтарға сөзің зая шығарған.
Сақта Хафиз, көңіліңдегі дүррі-гауһар ойларды,
Алаяқтар алтыныңды айырбастар тым арзан.
Т
184
166
™ Мейлі, маған өлім тілеп жүрсін **мың-мың** жауларым,
Тек бір өзің досым болсаң, жоқ қой менің арманым.
Өмірімнің өр қуаты — сағынышым, үмітім,

Ол болмаса өлер едім қан ғып
қасірет — қанжарым.
Хош иісті гүл самалың саяласа
жанымды,
Қайғы жеген қам көңілден
серпілгендей бар уайым.
Көркем бейнең көз алдымнан
кетпейді ғой күні-түн,
Жан жарамды жазатын кім?
Айтсаңшы өзің, ау
жаным!
Өзгелердің бәлзамы емес, сенің
дертің — құштарым,
У ұсынсаң қуана ішем, басқадан
ем алмадым!
Құрмалдығың болсам с е н і ң , —
жанымның жай
тапқаны,

Қиып түссе ақ алмасың, риза
менің аруағым!
Қылыш жүзін тақап тұрып
тайдырмашы көзіңді,
Жармаспайын қолыңа да, тілімді
тас байлайын!
Беу, дүние-ай, сен бір тылсым
жұмбақсың-ау
тұңғиық,
Білмейміз ғой ақыл жетіп, көз
көргеннен ар жағын.
Сорлы Хафиз қайыршыдай
босағаңа құлады,—
Осы менің бұл дүниеден бар
қалауым, таңдауым!
185
167

Ей, кәрі қалпе, әрі тұршы!
Зеріктірді уағазың!
Журегімді жоғалттым мен,
тарттың сеп не азабын?
Жоқтан бар гып жаратушы
жасағанда дүниені,
Адам ақылы жетпейтіндей
корсеткеп бір ғажабын.
Даналардың лұғат сөзі қонбай
ңойды құлаққа,
Ышқым кетіп аңсаймын тек тәтті
еріндер базарын.
Сұлу құшқан дәруішке екі дүние
бір ңадам,
Сегіз пейіпі жұмаққа да
қызықпайды-ау сабазың.
Махаббатқа мас болып меп, әбден
діңкем бітсе де,

Көңілімде бір қаяу жоқ, жүрегім пәк тазамын.
Кінәлама оны әсте мейірімнен ада деп,
Одан дүпие мархабатын, бар рахатын табамын!
Қойшы, Хафиз, алдарқатпа! Айтпа маған ертегі!
Мұның бәрі коп естіген, көп оқыған ғазалым.
т
186
168
Тәңірім сені ауыртпасын! Тәуіп емдер
болмағай!
Жарқын жүзің жабықпасын!
Солғын тартар

болмағай!
Дүниенің бар баһары — сенің күндей көңіліңде,
Оны ешнәрсе налытпасын! Қайғы-қасірет болмағай!
Бұл өмірдің қасиеті — саулығында озіцнің,
Жүрек жүдед қамықпасын! Нала-мұңың болмағай!
Ағаштардың жапырағын тонап жатыр мыпа күз,
Сенің гүлің тарықпасын! Суық ұрар болмағай!
Нұр дидарыц дүние шамы, жарығына жан құмар,
Ел-жұрт ешбір жауықігасын! Қастық-қысас
болмағай!

Сұқ көздерден сақтана жүр, құрысыншы ондайлар,
Рута отынап айықпасып, аман қалар болмағай!
Жүрегіңе жалғыз дару — бал жыры ғой Хафиздың,
Өзгеден хақ сауықпасың! Босқа әуре болмағай!
187
169
СГКүн санын менде бұл кезде толассыз көп-ау
толғаныс:
І8деймін даңқтан, дәріптен қолдаушы менен
қорғаныш.
Көрмесем жүзін сәулемнің, ауламақ үшін көңілімді

Ермек қып тұзақ құрам да,
ұстаймын босқа
торда құс.
Серт қайда? Қайда, раушан гүл?
Қайда бақыт,
адалдық?
Шақырам бәрін шарқ ұрып,— тек
жаңғырық, ол да
алыс.
Махаббатты айтып жар салам,—
қайда жүрсің,
ғашығым?
Сәруім, сандал терегім, үн қатшы,
тәңірім оңдар іс!
Білемін, сәулем, сен менің
жаныма дауа бермессің,
Жай таба алмай жүрегім,—
көңілім күпті, қоңтарыс.

Ертелі-кеште еңіреп, көз жасын
көл ғып төксем де,
Жанбады бағым, жатады алдымда
кілең жол шалыс.
Асылымнан айрылдым,
мастығыма да өкінем,—
Мәжілістерден сонда да болмас-ау
әсте соң қалыс.
188
170
Сұлуларды сүйе берем, шарапқа
да қанбаймын!
Өткеніме өкінбеймін, не болса да
танбаймын!
Ай дидарлым босағасы артық
маған жұмақтан,
Хор қыздары керек емес, пейішке
де бармаймын!

Жалықтым мен тұспал сөзден,
даналарды мақтаудан,
Ишараға ықыласым ж о қ , —
мәнін де ұға алмаймын!
Түк түсінсем бұйырмасын, басым
дақ-дұң бұл күнде,
Шарапхана шаңырағында
шақырады сайран күн.
Біреу маған айтады ақыл «тым
құмарпаз болма!»
деп,
Жоқ, бауырым, одан әсте айрылып
тек қалмаймын!
Құттыхана мешітте мен қыз
құшпасам жетет те,
Одан артық мағрифатты берсін
маған қайдан, кім?!

Сақилардың саңылағына бас ие бер, Хафиз-ау,
Әсілі ол — түк күнә емес, қызығы бұл жалғанның.
Т
189
т
ШГ Таң намазын томам етіп, ғашығымды ойладым,—
Шаттық кернеп шайқап кетті михрабымның қоңырауын.
Енді маған тағат қайда, қашты ақыл-бәһам да,
Асау көңіл алып-ұшып салды сүрен, оіірапын.

Шарап тұнып, бақта құстар мас болғандай көрініп,
Қ___________айран жүрек елжірейді, ұялайды ойға мұң.
Самал желпіп келді қырдан гүл исі меп қуаныш,
Келші сен де, махаббатым!
Жылыт дүние бойларын!
Асыл бұйым бөлмең ішін жасандырып жайнатсьш,
Көрсінші ел қос жүректің қуанышқа толғанын!
Дүние бүгін — бір рахат жай, бақыт балын сімірем,
Махаббатым нұр жайнайды қопғандай-ақ қолға күн.
Майысып кеп мәуелесін бақшамызда бар ағаш,

Кел, сәруім, багың жансын, сілкі
қаііғы торларын!
Кәне, мүтриб! Тамаша бір ғазал
шығар бұл сөзге,
Біліп жүрсін жүмлә жұрттар
Хафиз хұрсант
болғанын!
190
172
(Э Оқыи жатқан шақ еді-ау ол
арайлы тац
намазын,
Кетііі қалды сүйікті жар, кетті
айтпай хабарын.
Айныды ма менің бағым ақ
махаббат жолыпан,
Әлде сұлу ақиқаттаи қиыс басты-
ау аяғын.

Тандым естен! Бақасыммеп
достасты екен
қалайша ол!
Кім көріпті есек сірә мойнына
алқа тағарын.
Өмір-бақи күтем оны, жел аңсаған
теректей,
Жүрегімыің отына еріп, май шам
болып ағамын.
Тамшы қанша тамса-дағы тасты
тесіп өтер ме,
Еңірегенменерітерлік бар ма оны
амалым.
Менің көзім алма бетін аялаған
сәттерде
Тұрып қапты от сәуле боп шоқ
жұлдыздай жанарым.

Содан бері Хафиздың да сыр ашпайды қаламы,
Естімейді ешкім енді оның мұңлы ғазалын.
191
173
Достарыңмен дидарласқан күндеріңді есіңе ал!
Сайран құрып, сұхбаттасып жүргеніңді есіңе ал!
Бұл уақытта адал достар табыла да бермейді,
Жүрегі пәк, жаны таза дүрлеріңді есіңе ал!
Сен олардың бір хабарын күтіп қана отырмай,
Бастас болған барлық досты күнде-күнде есіңе ал!

Шерлі көңлім, ңасіреттің
торларына қамалган,
Достарыңмен бірге жылап
күңіренуді есіңе ал!
Зұлымдықтың зынданында
шындық үшін
қиналған —
Сөн оларды ұлдарыңмен күнде
бірге есіңе ал!
Ағыл-тегіл көздің жасы көлге
айналар кез туса,
Сала-сала Зандерудты білгеніңді
есіңе ал!
Өзің, Хафиз, сырларыңды сыртқа
шашпа! Әм және
Кілең сырбаз жайсаңдарды
сүйгеніңді есіңе ал!
Т

192

Көктемеде жердің жүзі гүл
желегін жамылар,
Сақи досым, жүр далаға,— жан
жарасы айығар.
Қызыл« шарап көңіліңнен қуар
қайғы-мұңыңды»,—
Деп даналар айтқан сөздің ұға
білсек жаны бар.
Егер жолай құмыраңа тас
лақтырса мұхтасиб,
Қышпен ұрсаң басы да оның
асқабақтай жарылар.
Ауамбысың, ғалымбысың,—
тәңіріге бәрібір,
Жақсы, жаман ара-жігін көрсоқыр
ма айырар?

Ей, тақуа! Жұмақ жайын айта беріп қайтесің,
Мен бе екенмін оны ойлап уайымға салынар?
Хожа Камал ақылымен түскен тура жолым бар,
Одан өзге орайлы жол қайдан енді табылар?
Мені айтасың, кеше маған бір ғайры-дін келді де:
«Хафиз!— деді,— шіркеуіңнен болдым әбден
жалығар».
Т
13-533 193
175
й) Талпынсам да қайда мен, қанатты қиял

серігім,—
Құлшынып іске кіріссем, қайгыны білмес көңілім!
Аязды түндей ызғарлы — қатігездерден қорқамын,
Тек күннен шұіыла күтемін жайнатар жаһан өңірін.
Өкімшілдерден өр кеуде қасиет, қадір дәметпе,
Есігін ашып енгенше өксумен өтер өмірің.
Құрысын мынау ңу тірлік,— ажалға ішер умен тең!
Ақыным жырла, одан да көңілдің құштар жерігін!
Тілей бер, менің бұлбұлым, дүние бір иран багы боп,

Сайрайтын сенің шағыңды
қыздырып көмей көрігін!
Төзім мен жеңіс ежелден
ажырамас достар ғой,
Төзімді болсаң әманда, жеңіске
берік сенімің.
Қалайша Хафиз әрқашан
уайымсыз жүрер
дейсің ғой:
Қайыспай қайсар көтерер
тағдырдың ауыр-жеңілін!
194
176
Қомағайлық кең дүниені бара
жатыр
тарылтып,
Адал жан жоқ, жұрттың бәрі
ардақтамас

арын түк.
Жаны дарқан, ақылы мол адамды да бұл күнде
Күйкіліктің күші басып алыпты ғой бағынтып.
Қасиет, қадір иесі деп жүргендердің өзі де
Қажып біткен осы кезде қасірет әбден сабылтып.
Тайраң қағып ақылы аз, ақшасы көп надандар
Зыр жүтірткен талайларды бір өзіне табынтып.
Шаирлардың өлеңдері пгұғыла болып шашырап,
Қуантар ма жүректерді шаттық нұрға малынтып?!

Бүл заманда ақындарды құрмет тұтар жан жоқ-ау,
Санаймын десең-дағы ашылмайды бағың түк.
Тар пейілді тағдыр сенің таланыңды байлаған,
Қайыршы боп қолың жай да, тос шалғайды
далитып.
Е, Хафизым, қапаланба, тәнің шіріп әуелі
Содан кейін даңқың артып болар барша жан
ынтық!
*****
13? 195
177

Кеше түнде періштелер келді шарапханаға,
Оны көріп менде-дағы, сірə, тағат қала ма?
Ортаға алып олар мені ғажап кесе ұстатты,
Бал шараптан қанша ішкенмен мейірің бір
қана ма?!
Құдай жолы — ауыр жол ғой, аспап да одан
қайысқан,
Шыдай алмай салмағынан жер де шөгіп <бара ма?
Жетпіс екі тарауы бар дін жолының жұмбағы-ай,
Тəцрім озі кешірмесе лағар пенде далаға.

Ал достарым, мені әрдайым
естеріңде ұстаңдар,
Мейірімін төкті білем маған алла-
тағала.
Әттең аспан жұлдыздары
жердегіден көмескі
Бізді олар көбелектей отына өртей
ала ма?
Сірә, Хафиз, сенен бұрын дүние
сырын ұқты кім?
Тәңірінің кәламымен сөзіңді де
сарала.
*■
196
178
Ал келіңдер! Оразаның
дастарқаны жиналды,

Ауыз ашайық шараппенен,
Наурыз айы туған-ды!
Меккешілге, уақытылы
тұтнқандарға ораза
Шарапхана есігі ашық — олар жан
ғой иманды.
Даналардың бұрыннан-ақ нұтты
жайы — осы үй,
Мұны салған ұсталарды жұрт риза
боп сыйлайды.
Ақылың мен өміріңді шарапқа
арнап бағышта,
Жаны жомарт мүкәбаша содан
қазына жинайды.
Кімнің ары таза болса, қан жыласа
жүрегі,
Солар келіп намаз оқып, тәуап
етсе ыңғайлы.

Қайғы жұтқан ғашың жандар ішер
шарап
тұнбасын,
Бірақ мұндай ңайыршылық
ханышапы риза
қылмайды.
Ңарашы сен сүйгеніңнің толқыған
ақ жүзіне,
Сұлулықтың пірі ғой ол, көзің
әсте ңимайды.
Азаншылар аузын жапсын, Хафиз
ғана сөйлесін,
Ғазал айтып ғашықтықты ол
тебірене жырлайды.
т
197
179

Жазмышқа біз ықырармыз,
понделердің бәрі
іңкәр,
Кәламыңнан шыққан сөздер
қайғы-мұңнан
арылтар.
Жаратушы жанпар ием, күтем
сенің елшіңді,
Дәргаһіңнан дару әкеп дерт
тұзавын ағылтар.
Назарың сал, тірілт менің өліп
қал___________ғап руһімді,
Сенің күшті құдіретіңнен күтем
қайырым
жарылқар.
0 жасаған, Хұсрауға тауфих беріп
ұғындыр:

Шырынды ол қызғанганмен
Фархад ісі сағынтар.
Жүз жыл бойы дүние кезіп,
тұтқапнан да ораза,—
Бір-ақ жақсы ісің үшін сауапқа
алла малынтар.
Асылық па мұным әлде? Қайда
мәңгі мекенім?
Ңандай күш бар қаііта жасан мені
озіпе бағыптар?
Сипатыңда бір кіршік жоқ, қажет
емес мақтау да,
Сұлулықтың шұғыласысың
таңдандырар,
табынтар.
Хафиз саған, бұл Шираздан енді
бақыт табылмас,

Ал Бағдатқа барғашна да талан
жол бар
сабылтар.
198
Т
180
Киелілер топырақты да
айналдырар дәріге,—
Ой жіберіп көрді ме екен мынау
дүние мәніне?
Тәуіптерге айтпай жүрмін
жасырып мен дертімді,
Махшар күні бәлкім оның ем
табылар бәріне...
Жаратқанның жүзін көрген бұл
фәниде ешкім жоқ,
Ол жайында талай аңыз туа берер
әлі де.

Тәңірі алдында зінәқор да, тақуа
да бірдей ғой,
Сенген дұрыс одан-дағы хайыр-
сахауат нәріне.
Махаббаттан безіп бүгін, ілімге
кеп ңол арттым,
Ғұламалар енді мені итермейді
әріге.
Ол дүниеніц сыры жұмбак,—
қалың перде тұтулы,
Біле алмай-аң келеміз ғой оның
нағыз мәні не?І.
Зар жылайды тастар-дағы маған
мұңын шақңандай,
Барлығы да ңұштар менің ғазал
айтқан әніме.
Көз бояудан жүз есе артық күнәні
ашық істеген,

Құр көлгірсіп, жалған сөйлеп,
құбылудың сәні не?
Қорқамын-ау, қызғаншақтар көре
алмаған Жүсіпті
Өсектер деп күйе жағып кіршіксіз
пәк тәніме.
Шет жақтарда қаусап тұрған
шарапхана-дүкенде,
Сол софылар қансын ішіп бал
татыған мәйіне.
Ақ жүректер сыр білдірмей жүре
берер қашанда,
Ұшыраса да неше қилы
тағдырдың мұз-кәріне.
Жырла, Хафиз! Аңсауменен,
арманменен өтерсің...
Ханышалар қайыршыны шақырар
ма дәміне.

ТГ

199

® Жан-жүрегін пәк қалпында бізге ол сірә
берер ме?
Залым болмай, жақсылықтың ұрығын мол егер ме?
Сырнайлатып, кернейлетіп ортамызға келген соң,
Шарап толы кесесінен теңдей қылып бөлер де.
Ғагаың оты ішімді өртеп, еріп келем ізінен,
Бәлкім, енді мейірі түсіп, көз жасымды көрер де.
Ңолаң шаштың бір өрімін тарқата алмай жүрмін ғой,

Қайта ол мені бұрымымен қойды матап көгенге.
Махаббаттың гүлін әсте иіскемеген дәруішпін,
Құдай жазып бұйырса егер, естен танып өлем бе?..
Мен бейбақтың несін алган ханышаларға қол созу,—
Біз сияқты қаңғыбасқа олар көңіл бөлер ме?
Мейлі, мейлі, құлың болып қамытыңды киейін,
Түн ұрысы бұғау, матау дегендерді елер ме...
Сиқыр сұлу сүйеді-ау деп дәмеленбе, Хафизым,
Қара бұрым ңылғындырып батырар бір тереңге.

200

182

Бәйшешектер бүр жарғанда
биопага алданба!
Бақ ішінде шарап ішіп, сая жайда
сайранда.
Жыл — он екі ай мас боп жүр,—
деп айта алмаймын
мен саған,
Үш ай ішсең, тоғыз айда һаққа
сыйын, зарлан да.
Ғашықтардың пірі саған «шарап
іш!» деп бұйырса,
Мас болып та отырып-ақ жалына
бер Язданга.
Жәмшидтей боп білгің келсе бұл
дүниенің бар
сырын,

Шарап толы шыныаяқтан көзіңді еш аударма!
Бірақ-тағы бұл өмірдің шешу ңиын түйіпін,
Барльны да бас қатырып шиеленіп қалганда.
Туралықты таба алмайсың қара жердің үстінен,
Ертегі мен қиял гана ол мынау фәни жалганда.
Менмендерден, сұмырайлардан, Хафиз,
өзің аулаң жүр,
Сері көңіл сабаздарға қол беруден арланба!
Т
201
183

" Махаббаттың жолы ұзаң ңой
қанша жүрсең
бітпейтін!
Оғап түссең, басқа ой болмас
жетемін деп діттейтін...
Жан-тәніңмен жығыл оған,
азабына мойынсұн,
Сол ғой бақыт, ізгілікті саған
сақтап кілттейтін.
Ақылыңа көне берме! Шарапты
әкел, саңи дос,
Бірдеңе ғып арылармыз,— күнә ма
бұл жүк деіітін!
Тагдыр да емес, қылыш та емес
ңадалатын кеудеме,
Сенің жалғыз көзңарасың — мені
жығып бүктейтіи.

Жаңа туған айдай болып
нұрланасың көгімде,
Арманысың талайлардың
дәмеленіп күтпейтін.
Пұрқылардың жолына түс!
Құштарлар көп оған да,
Бұл да қиын бір асу ғой ауыр
міндет жүктейтін.
Бос жылама, Хафиз байғұс,
жаңғырық жоқ
жартастай
Болды іңкәрің — ңатігез жан
көздің жасын
сүртпейтін.
202
184
Ей, софылар, келіңдерші
көлгірсуді тастайық,

Жағынусыз, жалтақтаусыз жақсы
өмірді
бастайық!
Жаппар-хаққа жалбарынбай,
шарап ішіп
жатайық,
Жинап қойып жайнамазды,
қорықпастан
қасқайып!
Егер ертең жұмақ бізге
бұйырмайтын болса анық,
Бүгін одан һүр қыздарын ұрлаудан
да қашпайық.
Сұлу құшып, шарап іпііп
сайрандайық еркін бір,
Тақуалардың тұрған жерін тас-
талқан ғып
ластайық.

Ішейік те, ән салайық сүГіреп
бізді шыққапша,
Біз бе екенбіз оңайлықпен үрке
қояр бас багыи.
Жалпақ дүние жаралгалы тәңірім
сыры
жабық тұр,
Қызуменен сол жұмбақты бүгін
қалай ашпайық?!
...Досым, менің тағдырыммен доп
сияқты
ойнайсың,
Осының бәрін айтсам-дағы
қаламын-ау
жасқанып.
Ей, Хафиз-ау, бойға шақтап
косілсеңші көрпеңді,

Өзіңді жұрт күстәналар:
«Кетіпті,— деп,—
мастанып».
Т
203
185
© Келді һауаз: қасірет толы
күндерім де
баянсыз,
Уақыт жүйрік, қайғы жұтып
күңірену де
баянсыз.
0, падишах, қайырымы мен
қадіріңе лаііық,
Менен өзге шаир бар, деп білгенің
де баянсыз.
Әзірейілдің қылышынан аман
қалар ешкім ж о қ ,—

Қазына жиып, алтын таққа
мінгенің де баянсыз.
Жазмышында таланыңа пе
жазылса, сол болар,
Емексумен есіл өмір сүргенің де
баянсыз.
«Жомшид патша тойларында
шарап судай
аққан»,— деп
Баяғыны аңыз еткен тілге еру де
баянсыз.
Таң атуын тоқтатарлық жоқ қой
ешбір қайраның,
Көбелек боп шамды айпалған
түндерің де
баянсыз.
Еіі, байшікеш, жатыр менің
кеудемде асыл

қазына,
Ал өзіңнің алтынпан тау үйгенің
де баянсыз.
Хризолит — көк аспанда жазулы
бір өсиет,
Одан өзге сөзді ойға түйгенің де
баянсыз.
«Жұртқа істеген жақсылығың
ұмытылмас».—
депті онда,
Басқасына әуре болып жүргенің де
баянсыз.
Махаббаттың мәңгі өшпейтін
құдіретіне сен.
Хафиз!
Ал өтірік, зорлық толы дүние
мүлде баянсыз.

186

Құмырадан шарап ішсең, бізді де
бір
ойларсыц.
Өзгелерге қайырым етсең еш
күнәкар болмапсың.
Бұл дүниенің бар қызығы емін-
еркіп ішіп-жеу,
Тағдыр теріс қарар болса
тапшылықта сорларсың.
Сәруім-ау, аяғыңныц жатса
астында олігім,
Қпяметтің күнінде де тірілтпей-ақ
ңойғайсыц.
Күпірлік пен кәпірліктен асқан
жаман —
сарацдық,

Кім болса да сараңдықтан безу
жағын ойлансын.
Көкаспанның кесапаты жерді
былғап бітті ғой,
Ылажың не, көне шұңқыр көң-
қоқысқа толғансын.
Ысрафылдың желі соғып
тірілгенше өлілер
Жердің үсті шарап жасар
жүзімдікпен
торлансын.
Хафиз, сен де қамсыз жүріп
мәйханадан
шықпайсың,
Әр жыл сайын барлық досың
аңсауменен ойға
алсын!
Т

сЭ Жанды жеген жалғыздықта қам
коңіл боп
жүрмін ғой!
Сенсіз мынау дүние жалған түпсіз
шыңырау
құрдым ғой.
Ақыл-естен тандырарлық не
сиқырың бар еді,
Күнім де — түн, тас қараңғы бір
түнекке кірдім гой.
Айбарлым-ау, аясаңшы, әл
қалмады бойымда,
Алыс кетіп, тауқыметті бір
басыма үйдің ғой...
Білем, білем. Бақталастар біреу
емес, жүз болар,

Бәрінен де бұрымыңа ңыр
гүлдерін ілдің ғой.
Сақи жігіт, келші бермен,
сусынымды қандыршы!
Онсыз шөлейт баябаннан
шықпасымды білдім ғоіі.
Ұғамын деп әлем сырып олек
болған екенмін,
Шарап ішіп тыншымасам, ой
отына күйдім ғой.
Тағдыр менің тірлігімді қоршапты
кіл ңарамен,
Сол қоршауда құрттай ғана ақ
нүктемен бірмін ғой...
Налып осылай жүргепімде ыстық
лебің келді де,
Оңымнан ай туғапдай-ақ мәз
болып бір күлдім ғой...

206

188

Кеше маған мәйханашы айтып еді бір сырды,
Сендерге де ашайын мен өзім білген тылсымды.
Мына жалған мейірімсіз, соққысы да тым қатты,
Не де болса бекем ұстап, көтере ібіл бұл сынды.
Содан кейін шарап толы кәрлен кесе берді де,
Қасыма әкеп отырғызды Зуһрадай бір сылқымды.
Ет-жүрегім келіп еді езіліп зіл қайғыдан,
Кәйіптен соң торды үзетін бөденедей бұлқынды.

Е жігітім, өзің менен өзің болып құр жүрме,
___________Өйтер болсаң періштелер жаратпас та сиқыңды.
Тыңда менің ақылымды, тәркі ет фәни дүниені,
Оның ңырсық қылығына көрсет сен де сыртыңды.
Құштарлыққа құлшылық қыл, қауесетке көп сенбе
Сөз де, көз де бір өзің боп ұққын талай сиқырды.
Мәжілістерде мезі қылар әрнәрсені айтпағын,
Артық-аспай ағат сөзге берме әсте ырқыңды.
Сақи досым, берші маған кесе толы бал шарап,

Асаф талай кешірді ғой менің
мұндай сұрқымды.
Т
207
189
Таң самалы, желпіп оят елік көзді
еркемді.
Сахараның сұлу қызын аңсап
жүрек өртенді.
Сөзі шырын, тілі майда қиғаш
қасты көргенде,
Кімнің-дағы кеудесіне
гашықтықтың дерті енді.
Шарапқұмар шалдуарлар шалқып
дәурен сүрер де,
Бұл дүниеден өте берер
ойламастан ертеңді.

Ңызыл гүлдің қылымсуы-ай, қабылдамай қойды-ау
ол,
Бұлбұл қанша бәйек болып қаққанменен елпеңді.
Сұлулыққа құмарлардың құлқы билеп бар еркін,
Кіріптарлық жалынына жанын қақтап өртер-ді.
Сырты сырбаз көріктінің келер көбі кірпияз,
Жүрегінде жылу болмай сені кейін серпер-ді.
Беті сұлу бикештердің баянсыз ғой мінезі,
Құбылмалы қылығымен әркімді бір ертер-ді.

Достарыңмен сұхбатқа шүкірлік ет әманда,
Ғаріптік кеп басқа түссе болған жақсы көнтерлі.
Егер Зуһра чангі тартып, айтса жырын Хафиздің,
Исаның да көңілі шалқып тәтті әуенгө елтер-ді.
Т
208
190
Сендей сұлу жарқын ай сонау зеңгір аспанда да
жоқ.
Сүмбіл сәру сұңғақ бой жұмақтағы бақшаңда да
жоқ.

Лағыл ернің мөлдіреп шаттық
құяр жан-жүрегіме,
Дүррі-гауһар тістерің кен-
қазыналы патшаңда да
жоқ.
Жұмсақ, жылы лебізің гүл
тербеген самал ғой дерсің,
Дәл өзіңдей бал-бұлақ жеті
қырдан асқанда да жоқ.
Саган сірә тең келер жан болмас-
ау мынау жаһанда,
Таң арайын, күн нұрын, ай
сәулесін шашқанда да
жоқ
Сүйген жардың созіндей
елжіретер ерке-наз әуен,
Маңтауы әбден жетерлік мына
Хафиз қасқанда ___________да

жоқ.
*

14-533 209
™ Мағыражға бірге ұшып,
жұлдыздарға асайық.
Мына дүние әуресінен, сөйтіп,
алыс қашайық.
Тәңірінің тақтынан да биікте тұр
махаббат,
Сен ханым боп, мен құлың боп —
бірге ғұмыр
жасайық.
Алла-тағала, бұл пендеңе рахмет
нұрын құйсаңшы,
Тараң тағдыр қашанғыша тұрмақ
маған қасарып?
Аяулым-ау, өтінемін: шешші
кәмар белбеуді,

Өмірді де, дүниені де белден бір-
ақ басайық.
Қарт болсам да таң атқанша
аймаласам езіңді,
Ып-ыстық от құшағыңнан шығар
едім жасарып.
Қабіріме ән-күй менен шарап ала
келгейсің,
«Тар ләһаттан ұшып тұрып, би
билейін масайып»,
0 періштем, тәсілім сәтте
Хафизіңе соқсай бір,
Мағыражға бірге ұшып,
жұлдыздарға асайық!
210
192
Сәру менен қызғалдақтың
қызығамын

көркіне,
Әттең, енді кәріліктің дауа қайда дертіне!
Шарап ішіп, сұлу құшу рахаты еді-ау дүниенің,
Қайран сол бір күндерім-ай, жүрген жайнап
серпіле.
Өмір-керуен бұйдалаған тайлақтай гып алды да,
Тауқыметті үйді үстіме, жібермей түк еркіме.
Уақыт зырлап өтіп жатыр, газал ғана ермегім,
Жастық пенен кәрілік жәйін жаздым нәшін
келтіре.

Сайран құрған сылқым дәурен ойға түсіп
кеткенде,
Жүзімде бір нұр ойнайды жасмин гүлдей желпіне.
Бейнеті ауыр, мұңы зілдей мынау мыстан дүние
Зымияндықпен жүрегімді салған қайғы өртіне.
Ағзам босап ұсақталган тотияйынындай Үндінің,
Фарсы, Бенгал қантына ұқсап үгітілдім мен түге.
Не бар аңсап мәжілістерін Ғиясаддий сұлтанның,
Хафиз, әстө қолың жетпес құр қиялға елтіме.
14* 211

*

193

™ Шарапхана шапағаты-ай!
Қастерлейміз біз
мұны.
Сахилардың саясында-ау бар
ғаламның нұр жүзі.
Шарапшылар піріне мен
құлаққесті құлдаймын,
Бұйырған ғой әслі маған
харабаттың ырзығы.
Қабіріме мінәжат қып менен
рахым сұрасаң,
Кағбаға барар жолың болар
жұмсақ қырмызы.
Сан ғасырлар ғұламалар тұрар иіп
бастарын,

«Сен бір ғажап адамсың,— деп,—
басқан әрбір
сыйлы ізі».
Қой тақуа, тарихатты білем деме
түп-түгел,
Екеумізге сырын ашпас оның
жұмбақ шың-құзы.
Түні бойы кірпік ілмей,
көлдетемін көз жасын,
Мені бүйтіп бәйек қылған
Шираздағы һүр қызы.
Мына дүние — мейманхана кім
келіп, кім кетпеген,
Хажы, бізді кінәлама жоқ қулығы,
сұмдығы.
Құштарлықтың құрбаны боп,
күтем күнін
махшардың,

Қауышармыз соққан кезде
Ысрафылдың ызғыны.
Қыз бұрымы қыл дұзақ қой,
мінәжат ет сиынып,
Махаббаттың тұнығына бастар
Хафиз жұлдызы.
212
194
® Бұл дүние баянсыз ғой, жоқ-ау
оған амалың.
Тек мәңгілік ғұмыр кешер шарап
пенен ғазалым.
Сапар шықсаң, құмыраңа құйып
ала жүргейсің,
Толы кесе толгап тартсац, білем
мейірің қанарын.
Тылсым сырын дүниенің түгел ұғу
қиын ғой,

Бәрін білдім деп жүргенім ісі
екен-ау баланың.
Ой көзімеп қарай қойшы мынау
фәни жалғанға,
Бәрі алдау, бәрі арбау, ңулық-
сұмдық маңайың.
Іздегенім, аңсағаным ізгілік пен
қайырым,
Бірақ, ажал ізімді аңдып аша
түскен аранын.
Тағдырыңда таланыңа не жазылса,
сол болар,
Одан қашып құтылам деп қайтады
құр тауалыц.
Дүниеде бәрі қирар, бәрін қаудан
шөп басар,
Құлата алар күш жоқ, бірақ,
Махаббаттың

сарайын.
Өмір менен махаббатқа жүре
берер мас болып,
Хафизбін ғой Мәңгіліктің қанып
ішкен шарабын.
213

Жүзің нұрлы, сұлу тұлғаң сәру
десе, ылайық,
Күн-айнаға шағылысар ақ
дидарың,— бұл анық!
...Салы орамал сыйлап едім, былай
деді ол, күлді де:
Өңіңде« емес, түсіңде тек
жолығысып тұрайық?.
* * *

Құдайдың құтты күнінде қасіретке
толы жүрегім,
Құдайдың құтты күнінде сағынып,
сәулем, жүремін.
Тағдырым сонда былай дер: «Коп-
ақ қой менің
жұмысым!
Зар жылап мені мазалар, сен
Хафиз, сонша кім едің?»
* * *
Ей, алтын ай! Жарқылың мен
жарығың күн нұрынан
жаралған,
Коктем мен гүл, әбі-гаусар суы да
бір өзіңнен
таралған!
Сен жымисаң доцгеленген
жүзіцде күледі әсем иірім.

Мен бір тұтқын сол иірімде
үйіріліп, шыға алмай
қамалған.
217
* * *
Төсегімде төңбекпшмін, көзімді
ілем қан жылап,
Әлдилейтін қасірет **қана,** қайда
сырлы бал бұлақ.
Сенбесең сен тым болмаса келіп
көрсей түсіңде!
Тым болмаса сол түсіңде мұң-
зарыма сал құлақ!
* * *
Адалмын деп ант ішкендер бір
айналмай қас болар,
Кешө ғана тәп-тәуір жан — бүгін
арам, лас болар.

Ертеңгіге есік ашар — қою түнге сенім жоқ,
Әйтсө дө оның жақсы ұрығы жанға демеу ас болар.
* * *
Шарап пенен бал бұлақтың қасиетін білгейсің,
Өткенді ұмыт, уайымнан аулағырақ жүргейсің,
Біздің өмір — тез солатын бүрі ашылған гүлмен тең,
Шарап, бұлақ, күнді көрсең, құшақ жая күлгейсің.
* * *
Сен әсте де сене берме алдамшы сұм тағдырға,
Сабыр, айла, секемшіл боп, сәл нәрсеге қайғырма.

Қара бояу соңы деуші ең мынау
жарық жалғанның,
Басымдағы ақ қырау не?— айт,—
жаңылып қалдың
ба?
* * *
Өтті-ау өмір өң мен түстей,
тарқамай жан құмары.
Білмей тұрмын, тәңірі ісі ме, әлде
өзім бе кінәлі.
Жүрек сырын ашсам кімге, сол
дұшпаным болды ғой,
Тағдыр деген қызық екен! Қанша
әурелер бұл әлі!
* * *
Сен сәулелі махаббатқа толы көзе
әкелдің,

Мас қылдың да, жақтың отын азап пенен қатердің.
218
Іштен тынып жылай берем, мәнін білмей қатемнің,
Өртедің де, күл ғып мені жел еркіне әпердің.
• • •
Бұл дүниеден еш мейірім қасіреттен басқа көргем жоқ,
Жақсылық та, жамандық та қасіреттен басқа берген жоқ.
Бшкімнен мен адалдық та, махаббат та таппадым,
Қасірет қана — досым менің, басқаларга сенгем жоқ.

• • •

Дейсің маған: «Бұл өмірде қайғыны әсте ойлама,
Қу жамандық атаулыны, шарықтап бір ойла да!»
Дейсің маған: «Бәрінө төз, бәріне де шыдап бақ!»
Жүрегімді қайтем сонда,— онда қасірет, ой тола.

• • *

Беу, дүние-ай! Тағдыр бізге қырсығатын болмаса,
Әрбір істе, таршылықта достық берік орнаса!
Уақыт біздің қолымыздан жұла қашса тізгінді,
Қарттық келіп үзеңгі ұстап: құлатпаса, қолдаса!

• • •

Бұл ғаламда сенен өзге жан көрінбес көзіме.
Дүниенің барлық жолы тірелер бір өзіңе.
Жұрттың бәрі бүп-бүйығы жатар рахат ұйқыда,
Тек мен ғана тыпырпшмын ауыр ойдан езіле.

• * •

Алхорының шарабындай тұнып қана келгейсің.
Күншілдердің көзін ала бұғып қана келгейсің.
Қаскөйлерге жақындама, жауап қатпа сөзіне,
Ай дидарлым, осы айтқанды ұғып қана келгейсің.

* »*
Ғашықтықтың қасіретінен ет-
бауырым езілген.
Сұлулығың тандырды естен,
жаңылдырды сезімнен.
Бұрымыңа оралдым да шарасыз
боп қалдым ғой,
Еркім кетті бойды билеп алған
ыстық сезімнен.
* * *
Оп төртінде туган айдай
толықсыған дидарың,
Корем сонда күннің-дағы күңгірт
тартып тұрғанын.
Айдай нұрлы ақ жүзіңнің жарқ
еткен әр сәті үшін

Күн мен айдың жарығын да
етермін-ау құрбаның.
* * *
Шарап ішсең ап-анық қой ұзақ
ғұмыр жасарың.
Коресің ғой көңіліңнің де көл
суындай тасарын.
Достарыңның бәрі бөртіп жүрген
күндер қызық-ау,
Сонда сен де хұрсант болып
тарқамайды масаңын.
* * *
Алыстағы Шығылдың шамы
жайлы айтпашы!
Көкірегімнің қайгылы халі жайлы
айтпашы!
Достарым жоқ жанымда, кімге
ашармын сырымды

Ғұмырымның қуарған бағы жайлы айтпашы!
* * *
Шарапхана ақ отауын су бойында құрған жақсы.
Қайғы-қасірет қамауынан аулағырақ тұрған жақсы.
Біздің әзиз өміріміз он күн ғана болса егер,
Сауық"сайран, ән мен күйден өзгелерін тыйған
жақсы.
* * *
Кең дүниенің пайдасы не, көрсең өзің тарлығын.
Барлық ләззат түк татымас тартсаң тағдыр
зар-мұңын.

220
Мына жаһан жеті мың жыл сән-
сәулетпен тұрса да,
Жеті-ақ күнгі бір зілзала жоқ қып
кетер барлығын.
* * *
Жігіт шаңта ішкен шарап дәріден
де жақсырақ.
Сұлулармен құрған сұхбат
сәнімен де жақсырақ.
Бұл дүние біражола харап болмас
ешқашан,
Харап болса, шарапхана бәрінен
де жақсырақ.
* * *
Ңонған бақтан не пайда, болмаса
ұзақ баяны.

Жүрегіңнен не пайда, жүрсе
____________егер кілең жаралы.
Ол еді көзім қарасы, кетті де
қалды жыраққа,
Көзімнен енді не пайда, жоғалса
нұрлы жанары.
* * *
Жас шағыңда шарап ішіп, өткіз
күнді көңілді.
Жүзі раушан, жаны жайсаң, ізде
жақсы теңіңді.
Мынау жаһан — қирап қалған
керуен-сарай секілді,
Шарапхана тапсаң одан шалқыт
сайран-сейілді!
* * *
Бәрбат, сырнай сыңғырласын,
келсін менің сүпіктім!

Бассыншы ол бар уытын жанды
өртеген күйіктің.
Жүрегімнің қазынасын шашар
едім аямай,
«Жомарттықта,— дер ем сонда,—
Атымтайдан
биікпін!»
* * *
Сөз қоңырауын қаңғырлатпай
тоқтат Хафиз
жырыңды.
Бұл сиқырлы қаламың да тапсын
енді тынымды.
Сүкіт тартып сүмірейіп тұрар
шағың туды енді,
Кесе толы шараптан да ізде
тоқтам-тыйымды.

Сүйіктім-ау, ара-жікті аштың
мұнша неліктен
Уәдеміз осылай ма еді, тайдың
неге серттен?
Жүрегіме жара салдың, жанымды
дерт жайлады,
Өзгеге де өз қолыңмен мұндай
азар беріп пе \Щ?
Кеудемнен сен кері итеріп
тастасаң да зынданға,
Жата алмаспын қанша қатты
ұстағанмен серіппең.
Бұл пенденңнің шыбын жанын
қашанғы ендГ
қинайсың,

Ғашықтықтың ғазабатын тарту үшін келіп пе ем.
Жүрегімді отқа салып күйдіресің қашанғы,
Қашанғы енді шыжғырасың май секілді еріткен.
Аяушылық етсеңші бір, бүйте бермей сүйіктім,
Жетпей ме осы қорлауың да мазақ қылып кеміткен.
Көкірегіме толды зафыран, үзілердей үміт те,
Сірә мұндай қатігездікті бар ғаламнан көріп пе ем?
Ең жақсысы: сабыр сақтап, төзімділік етерміп,
Сөйтіп қана саған іңкәр арманыма жетермін.

15-533 225

* » *

Сақи досым, қазір менің қан
жылап тұр жүрегім.
Ғашықтықтың нұсырынан сүлдем
құрып жүдедім.
Коңілімнің хошы әсте тарқамасын
десең сен,
Кесе толы шарап ұсын бірінен соң
біреуін.
Гүл-бақшада ұя салған,
қонақтаған құстар да,
Маған арнап әсем әннің
ағытсыншы тиегін.
Саз тартушы, рубабыңмен
құйқылжытшы күйлерді,
Кокірек толы күйігімнің табар ма
екем бір еміп.

Ғашығымпың өзіне де ғажайып
күй арнашы,
Сырлы саздың сиқырлы үні
жібітер ме жүрегін.
Ңайран өмір қайғы-уайыммен,
қапалықпен өтер ме,
Сорлы Хафиз, шарап қана болар
ма бар тірегің?
Ішсең оны інікі дерттен айығардай
көресің,
Үзетіпдей сияқтысың қасіреттің
де шідерін.
Қалт-құлт еткен қайықтаймын
қайғы-мұңның
селінде,
Қуаныіптың? құрғақ жері
кезігер»,— деп жүремін.

Ең жақсысы: сабыр сақтап,
тозімділік етерміп.
Сойтіп қана саған іцкәр арманыма
жетермін.
226
* * •
Құштарлықтың құсырынан олер
болсам мен егер,
Жүрек толы қасіреттің зардабынан
көре бер.
Қашан түсер ай жүзің мен күн
көзіңнің шуғыласы,
Қашан менің қам көңілім
қайырымыңа бөленер?
Қара қасың қандай ғажап жай
оғындай иілген,
Көкірегімді тіліп жатыр тіп-тік
кірпік-жебелер.

Аторудтың ащы тілі қадалғандай дік етіп,
Қаламының құдіретімен қағылғандай шегелер.
Сенің мына қаталдығың шайлықтырар жас көңілін,
Толганумен торығар-ау кәріқұлақ көнелер.
Сағди сынды мен де сенің әміріце көнем де,
Жүрегімді, жанымды да отқа қақтап кере бер.
Сұм тағдырдың тауқыметін тартамын да осылай,
Арамызды алшақтатып ала қашып жөнелер.
Ең жақсысы: сабыр сақтап, төзімділік етермін,

Сөйтіп қана саған іңкәр арманыма жетермін.

* * •
Сұлу назды, нәркес көзді, ерке сылқым қарағым,
Ақ жүзіңе қайта-қайта көзімді алмай қарадым.
Өтті жастық, қайта жасар күн туатын болса егер,
Өмірімнің бастар ем-ау мүлде жаңа қадамын.
Көзім меніц коцілімнің айнасы гой тұп-тұнық,
Содап-дағы дүйім жұрттан сыр бүге алмай қаламын.
Сағыныштың азабынан сартап болған халім бар,

Жан шіркінге тыныштықты
қайдан іздеп табамын?
Бүтін өмірім бүлінді ғой зафыран
құсып, зар шегіп,
Әркімге енді кіріптар боп
алақаным жаямын.
Қасірет оты алаулаған ішімді
әбден өртейді,
Сыртқа сырды білдірмеудің таба
алмаймын амалын.
Жүрегімнің назын айтып
сүйгеніме мұң шағам,
____________Бірақ, оны ұқтыра
алмай көңілім күпті, наламын.
Келші сәулем, сүйейінші басқан
сенің ізіңді,
Қаскөй уақыт қасақана тез
қартайтып барамын.

Ең жақсысы: сабыр сақтап, төзімділік етермін,
Сейтіп қана саған іңкәр арманыма жетермін.
228
* * »
Жүрегіме ләззат нәрін қүюшы ең-ау, сұлуым.
Жан рахаты емес пе еді сенің ерке қылығың.
Ай қабағың, күн жанарың қасіреттен арылтып,
Тарататын тұла бойға қуаныштың жылуын.
Асыл досым сол мінезің неге бүгін өзгерген,
Неге бүгін салдың маған сары уайым құрығын?

Бар арманым — өзіңменен
құшақтаса қауышу,
Заман қайда оралатын мойыныма
бұрымың!
Ұмытқан да сияқтысың менің
бары-жоғымды,
Басы айтылды, соңы қайда саф
махаббат жырының.
Еркешім-ау, сансыз түндер
сырғып өтіп жатыр ғой,
Күн-күн сайын сорлы басқа
аударып бар қиынын.
Көз жасым да, тағатым да
таусылып-ақ барады,
Сен болмасаң, сәуле-тайым, ұғар
дейсің мұны кім?
Ажал шіркін аңдып келіп
алқымымнан алғанша

Саған деген сағыныш пен
құштарлықтың құлымын.
Ерке-тайым, енді қашан жетер
екем мұратқа,
Жараланған жан~жүрегім қалай
табар тынымын!
Ең жаңсысы: сабыр сақтап,
төзімділік етермін,
Сөйтіп қана саған іңкәр арманыма
жетермін.
229

Аз ғұмырда көп көріппін сұм
тағдырдың забырын
Сұлулар да сиқырлайды қалмай
бойда сабырым.

Білмейміз ғой: уақыт заңы қандай үкім айтарын
Бұл қара жер кімді қашан бауырына тартарын.
Сұм жалғапның қулығы мен сұмдығы әсте бітер ме?
Тиянақсыз таланымыз келер түннен күтер не?
Қу нәпсіге құлқыныңды ете көрме кіріптар
Алдыңда ысрат көпір барын ақыл-оймен біліп бар.
Өмір жолы шетсіз, шексіз жапан дүз ғой баябан
Сальм менен Турды-дағы сан тұйыққа қамаған.
Алқа-салқа мына дүние — коне мекен баяғы.

Өзге түгіл тозып кеткен Афрасияб сарайы.
Пирон қайда қалың қолы жер бетіне сыймаған?
Шидаси да жоқ боп кеткен тұңғиық бұл сұм заман.
Бұл дүниеден баян таппай өтті осылай талайлар.
Күл-талқан боп күйреп қалған сансыз сәнді сарайлар.
233
Жер-жаһанның бар қазынасын жұмсасаң да жиып ап,
Өтіп кеткен өмір көшін қайта әкелу қиын-ақ.
Тыңда одан да нақылият Жәмшид патша жайынан.

Ол да айрылып қалмап па еді
астындағы тағынан.
Оу мұғанний, кернейіңді
келістіріп қақсаңшы!
Көңілімді көтерейін бір әсем саз
тартсаңшы!
Біз пақырға қызыл шарап
науаменен құйылсын!
От дуасы қанға дарып, бойдан
қайғы қуылсын!
Оу мұғанний, чанг тартып, ән-
күйіңді төге бер.
Шарап пенен шат әуенге сонда
жаным бөленер.
Қасіретті көп шегіп ем мынау
дозақ өмірден.
Дүние кірі кетсін бүгін мұң
мүжіген көңілден.

Оу мұғанний, қыздыра түс
құйқылжыған күйінді.
Ой сейілтер өлең айтсаң
жақсартасың күйімді.
Раззақ озі рахым етсе күш бітер
бір бойыма.
Дүшпандарым құлар өзі мағап
қазған орына.
Мүғапний жан, айта түсші
шаирлардың ғазалын.
Сонда менің көңілім шалқып,
жайнай берер ажарым.
Әуеніңе қосайын мен күрсінісін
кеудемнің,
Шарап толы кеселердің сыңғыры
боп сөйлермін.
Мұғанний дос, өткір тілмен жырт
арамдық пердесін!

Жауыздық пен жалғандықтан
жүрек оты сонбесін!
Зуһра қыз-Зуһра жұлдыз еркелене
ойнасын.
Назды әуені жанымызды
жадыратпай қоймасын.
Оу мұғанний, кезектестір дабыл
менен чангіні.
Тыңдап сені ғаріптердің кеңісінші
тар күні.
Күйіңді естіп софылар да қалар
танып есінен.
Шарап пенен ән болмаса дүние
қымбат несімен?
Мұғаний дос, дуылдатшы
шарапхана шаңырағын!
Шаттық үнге елтіп тұрсын,
толқып тұрсын

жан-жағым!
234
* » »
Қасірет-қайғы жаныңды жеп
зақым етсе жүрекке,
«Даф әуезі дару болсын!»— деген
жүрем тілекте.
Оу мұғанний, келші мұнда, гүлді
қара ашылған.
Бұлбұлдардың көмейінеп
сыңғырлап ән шашылған.
Қандай жақсы болар еді
қыздырсаң сен қанымды.
Чанг шалып көңілімнен қусаң
барлық уайымды.
Оу мұғанний, лираны ал да әнге
басшы әдемі.

Жүрегімді ___________жалыпдатсын жақсы жырдың әуені.
Көкірегімнің дерті үшін осылай бір дауа қыл.
Осылайша өнеріңмен жан жадырар тап ақыл.
Мұғанний жан, осылайша жаса маған жақсылық.
Махаббаттың маздат отын қызуына мас қылып.
Өз мұңымнан өзім аулақ кетейінгаі осылай.
Осылай бір жан оябын тапшы асыл досым-ай!
Өзің ғана өзегіме түскен өртті өшірер.

Сенің сырлы сөзің ғана пәс
көңілімді өсірер.
«Ирак жолын» көрсет маған,
алдан шырақ жағылсын.
Зандерудтың бұлағындай көзден
жасым ағылсын.
Оу мұғанний, бұл сөзімді зейін
қойып тыңдағын,
Барлық дана ғұламаға ұнаушы еді
жырларым.
Қайғы-қасірет қаптап келсе, қарсы
барып тұрғайсың.
Рубаб, чанг, дабыл шалып,
іпарапты да құйғайсың.
Мұғанний жан, бұл сырымпың
өзісің ғой маһрабы.
Найыңды тарт, досқа достың осы
өтініп айтары.

Жүрегінде жара болса,
шарапненен жазылар.
Ғұмырыңның ең бір жақсы гаағы
осылай табылар.
235
Кел сақи-жан, құмырада толып
тұрсын шарабың.
Осылай бір қыздырайық сауық-
сайран ібазарын.
Бәрбат сарнап, сырнай сыңсып
бассын әсем сазына.
Көңіліміздің шаттығы ғой — ең
бір қымбат қазына.
Оу мұғанний, чанг даусы
үзілмесін іләйім.
Мен де сонда ғазалымды ңосыла
айтып тұрайын.

Қалың ойдан арылып бір рахат сәтін бастайын.
Үстімдегі шекпенімді дал-дал қылып тастайын.

ТҮСШІКТЕР

Бүл түсініктеме Хафиз шығармаларының орыс, тәжік, оз-бек тілдеріндегі басылымдарыпа берілген анықтама-сөздік-терді, талдау-түсіндірмелерді, парсыша-орысша сөздікті (М. А. Гаппаров. Екі томдық. Москва, 1976), Е. Э. Бертельс шыгармаларының үшінші томын («Суфизм и суфийская литература»), Құранды (И. Крачковский аудармасы),И. Бра-

гинскийдің «Мшшатур» деген кітабын, К. Э. Босворттың (ағылшын зерттеушісі) «Мүсылман династиялары» кітабыіг,
қазақ совет одебиетшісі, арабист Ә. Дербісалиевтің «Араб әдебиеті» атты зерттеуін, тагы басқа да кейбір еңбектерді қолга ала отырып жасалды. Соның ішінде Хафиздің 1981
жылы «Жүз он жеті ғазал» деген атпен (аудармашы
Г. Плисецкий) орыс тілінде шыққан жинағындағы талдау-түсініктеме көбірек негізге алынды. Ғазалдардың тең жары-

мынан астамы да осы жинақтағы аудармa бойынша қазақшаланды деуге болады. Бұл тұста айта кетер тағы бір жәйт бар. Хафиз ғазалдарын орыс тіліне аударушылар әлденешеу. Сол аудармаларды салыстырып қарасақ, бір ғазалдың өзі неше турлі құбылысқа түсіп, кейбіреулерін ажыратып танып алудың озі қиынға соғады екен. Біз осы аудармаларды, сондай-ақ өзбекше аудармаларды жоне тәжік-парсы ыңғайындағы нүсқаларын алдымызға жайып тастап отырып, әр ғазалды түпнұсқага мүмкінцігішпе жақындатыңқырау жағын

қарастырдық.
237
№ і. Бұл, әрнве, Хафиздің алғашңы ғазалдарының бірі болмауы да мүмкін. Бірақ аңынға «лисан әл-ғайб» («тілінеп бал тамған» деген мағынада) атағын ала келген алғашқы ғазалдардың бірі екені сөзсіз. Осы ғазалға байланысты айтылатын аңыаг да бар. Ашытқы жасайтын шағын бір кәсіпшіліктө
жастай жұмыс істеген Хафиз бір дүкенші ұйымдастырған
ән мен жырға әуесқойлар «клубына» барып жүреді екеп. Сонда өзінің алғашқы шала-шарпы қиюласқан өлеңдерін де

оқитын болған. Бұларын тыңдаушылар қылжақ етіп, бұған күле бастауды шығарыпты. Сондай күндердің бірінде мазақ-қа обден шыдамай кеткеп Хафиз жылап-еңіреп барып, сол заманда атақты әулие атанған Баба Кухи софының зиратына түнеген екен дейді. Әбден жылай-жылай шаршап сілесі құры-ған ол бір кезде қатты үйықтап кетіпті. Түсінде бір ақ сақал-ды иман жүзді кісі келіп: «Неғып жатырсың балам, тұр ор-ныңпан, осылай тура жүре берсең алдыңнан білім қақпасы ашылады» деп аян беріпті. «Ата өзіңіз кім боласыз?» деген

сұрағына ол «Али Халифамын» деп жауап беріпті де заматта ғайып болыпты. Хафиз орнынан ұпшп тұра келгенде аузына осы ғазалдың сөзі түсе кетіпті... Содан ол өзін күнде мазақ қылып жүргендерго осы газалын хүш әуезді даусымен ай-тып бергепде бәрі де таң-тамаша қалыпты. Осыдан кейін-ақ оған ақындық пайғамбарлық сипат дарыған екен деседі.
Әрине, жас ақынның алып-ұшқап жүрегінен шыққан жыр болар. Әйтпесе Хафиз емірінде небір қиындықтар болғаны, сүйген қызы Шаһнабадқа қосыла да алмағаны тарпхтан

белгілі.
№ 2. Хафпз ғазалдарының жинақтары дәстүр бойынша осы ғазалмен басталып отырады екен. Ал шынында, ұйқастық алфавит реті демесек, бұл ғазал да Хафиз шығармаларының алғашқысы емес. Бүкіл тыпысынан біраз бертініректе шы-ғарылганы аңғарылып тұрады. Осы ғазалдың алғашқы бәйітінің (екі жолдың мисра) бі-рінші жолы мен соңғы (жетінші) бәйітінің екінші жолы (тырнақшаға алынғандар) араб халифасы (680—683 жылда-ры) болған үмиялық Йазид ибн Муавия (қазақтар «Мағa-

уия» дейді) өлеңінен алынған. Йазид—Үмия әулетінен (бәни Үмия) шыққан алғашқы халифа Мағауияның баласы, Әбу Суфьянның немересі. Йазид «Халифат тағына заңды мирасқормын» деп ойлайтын Хұсайынды (Алидің баласы) Көфе (Иракта) қаласынан алдап шақырады да жолда Кербала шөлі үстіиде алдынан көп әскер жіберіп, шөлге қамап өлтіртеді.

Хафиз — өзінің нанымы жағынан шийалықтар (Али партиясы) қауымындағы ақын. Сөйте тұра шейіттердің имамы

Хұсайынның қаны мойнында
кеткен Иазидтен цитата алуы
қалай? Рас, ол тұста араб өлеңдері
мен сөздерін парсы тілін-
дегі шығармаларға қиюын
келтіріп енгізіп отыру тәсілі салт-
қа (модаға) айналған көрінеді.
Бірақ, қалайша Хафиз сол
цитатаны ақындық аты онша
пгықпаған Йазидтен алғаны
бізді біраз ойландырады. Сөйтсек,
мұның мәнісі бар екен.

Ислам діні шарапты мәкіру санап
жұрттың оны ішуінө қатаң
тыйым салған ғой. Ал Иазид
халифтық құрған үш жылдың

ішінде бұл тәртіпті бұзған: өзі де шарап ішкен, өзгелердің де ішуіне жағдай туғызып арнаулы шарапханалар аштырған.
Сірә, Хафиз өзінің тікелей шарап туралы осы ғазалына Иа-
зид өлеңінің екі жолын енгізуді мақұл көрген болу керек.
Жалпы, бұл ғазалда Хафизге тән астарлы, бейнелі үйі-
рімдер біраз бар. Мәселен, Қоңыраулатқан« өмір-керуен» деген сөз «уақыт өтіп барады, өлім хабары да қашық емес» дегенді айту үшін алынған.
«Пірмаған»—ұстаз мағынасында,
Жайнамазға шарап төгу

ислам шариғатына мүлдем шалкез қылық. Ал зарушталық-
тар (зороастризм) үшін, яғни мәжусилер (арабтар осылай атаған) діни жоралғыларда шарап киелі зат ретінде қолда-
нылатын болған. Сонда мұсылманша «пір» (ұстаз) мен көне
иран діні зарушташа «маг» ұғымдарын Хафиз әдейі қосақтау арқылы өзінің еркіндік сүйген ойларына жол ашып алғаны сезіледі.
«Түн қараңғы, жатыр әне, буырқанып көк теңіз» деп ай-
туда да мән бар көрінеді. Жалпы, Хафиз ғазалдарында теңіз-

ден түңілу, қорқу, сезіктене сөйлеу сыңайы байқалып қалады. Сірә, Хафиздің Үндістанға бармақ болған сапары жүзеге аспай қалыпты дейтін аңыз оның ғазалдарындағы осындай көңіл күйінен шығуы да ықтимал дегенді айтады зерттеушілер.

№ 3. Бұл Хафиз ғазалдарының орыс тіліне аударылғапдары ішінде жоң ғазал. Өзбек тілінде 1958 жылы басылып шыққан жинақтан қазақшалапды. Таза махаббат лирикасы. Бөлкім, ақын ғұмыр бойы ғашық болып өткен, бірақ жар ләззатын

тата алмаған Шаһнабат сұлуға арналған алгашқы жүрек-жарды сырын осы ғазалынан бастаған шығар. Әйтеуір, «кор-ген сәтте бойында дәрмен», көңілінде сабыр қалдырмаған ғажап дидарлы асылзатқа ұқсайды.

№ 4. Бүкіл өн бойынан белгілі болып тұрғандай, бұл ғазал ақынның езі туған қаласы — Ширазды мадақтауға арналған. Шираз — Иранды арабтар жаулап ала бастаған кезде салын-ған квне қалалардың бірі, Таяу Шығыстағы ортағасырлық аса ірі мәдени және сауда орталығы, парсының бас ңаласы.

Зерттеушілердің түсіндіруі бойынша XIV ғасырдың 70-жылдарында, Хафиз Йезд (Орталық Иранда) қаласында тұрын туған жерін сағынып жүрген шағында жазылған болса керек. «Мысыр қанты» деген сөздің астарында Жүсіп пайғамбар жөніндегі аңыз-әңгіме әсері бар. Ол аңыз бойынша Жүсіп ете сұлу, әрі лебізі шырын шешен кісі болған екен деседі. Ақын бұл жерде шираздықтар одап да сұлу, Шираз бұлағының суы оның лебізінен де тәтті дегенді айтып тұр.
Ал жалпы Жүсіп және Зылиха туралы, Жақып _____пайғамбар

туралы кейінгі бір ғазалдар тұсында сәл кеңірек айтар боламыз.

Руһнабад — Шираз іргесіндегі мол сулы бұлақтан саға
239
алған арна. Оны бастап қаздырған Рукн-од-Даула Дайлами деген ыұрап болса керек.

Мұсалла — Шираз түбіндегі үлкен бау-бақшалы алқап.

.№ 5. Бұл ғазал да шаирдың алғашқы махаббат лирикаларының біріне ұқсайды. Түпнұсқада буын саны, Хафиздің көп ғазалдарынан өзгеше, тым аз. Ырғақ шапшаң қайыры-

лып, би әуеніне ұқсап тұргандай болады. Әрбір екі жол салын «несі жақсы?» деген сұрау-редиф қайталап отырады.

Г. Плисецкий аудармасында осы ырғақ, осы редиф сақталған, бірақ, көркемдік әсері онша күшті емес. Ал М. Курганцев аудармасында («Лирика Востока», 1983, 298 бет) бұл форма сақталмаған, оның есесіне көркемдік компоненттері көбірек. Өзбекше аудармасында да редиф жоқ. Осылардың >бәрін салғастыра келіп, біз де редифсіз аударғанды мақұл көрдік.

.№ 6. Хафиз творчествосын зерттеушілер бұл ғазал Мұзаф-■фаридтер әулетінен тараған Жалалад-дин Шаһ Шожаға арна-лып жазылған деседі. Мұнда да софылық ағым терминдері махаббат лирикасы шеңберінде біраз кездеседі, Мұзаффарид-тгер әулеті парсыда және Оңтүстік Иранның басқа да облыс-тарында алпыс жылдай (1314—1393 жылдар) билік құрған.
Бұл әулеттен шыққан билеушілер көп ретте Хафизге қам-
қоршы болғанға ұқсайды. Шаһ Шожа 1358—1385 жылдары тахта отырган болса керек. Бұдан соң оның баласы — Мұд-

жаһид-ад-дип Зайн әл-Абедіш үш жылдай билік құрады. Ақсақ Темір бұл әулетті биліктен қуады.

.№ 7. Өзінің жып-жинақы тұтастылығымен, шебер қиюласуымен белгілі ғазал. Түпнұсқасындағы, одан соң орысша аудармасындағы редифті біз де сақтадық. Ақып мұнда бірыңғай махаббатты ғана емес, сонымен бірге онерге, музаға деген -құштарлықты да жырлағандай.

.М 8. Әдеттегі софылық термин мұнда да қолданылған. Гау-

Тіарға қолы жету софылық философия терминінде тәңрімен табысу деген ұғымға саятын кез де бар. Сірә, шаир мистикалың тануды айтып отырса керек.

Нух—Құран бойынша 950 жыл өмір сүрген, Інжілдегі Ной. Әлемдік су тасңыны болғанда 18 мың ғаламның бір-бір мақлұқат-хайуанатын кемеге тиеп аман сақтаған пайғамбар деген аңыз бар.

Ше 9. Қамқоршы болғансьш жүрген шаһқа арналған ғазал. Бірінші бәйітте (алғашқы екі жол) «махаббат-азап» тақыры-

бы теңдей көрінеді. Панегрикалық (мадақтаушылық) образдары Дос (құдай) дидары тек рухани көңіл көзі арқылы ғана танылады дейтұғын софылық қағидамен ұласып жатыр. Мазһаб — табыну, қауымында болу. Миршаб — сарай күзетшісі. Мұғылан — тікенекті шөп. Арабия мен Мысырдың баябан ніөл даласында өсетін болса керек. Меккеге барудың қиындығы да осындай жолы ауыр сапарға баланады. Хафиз Меккеге бармаған. Сопдықтан бұл жолды өзі білетіндіктен жаз-

ған деудің реті жоқ. Ёөлкім, бұл сол тұста эркім қолданатьш қалыптасқан образ да болар. Жалпы, ғазалдың бұл бәйіті Құранға (5-сурә, 96—97 аяттар) бір ғана себеппен — мұнда Қағба аталуымен ғана жуықтасып тұр.

№ 10. Бұл— Хафиздің атақты ғазалдарыныц бірі. Бұған байланысты қызғылықты ацыз да бар. Темір Шираз қаласын жаулап алысымен «алдыма Хафизді әкеліңдер» деп бұйырыпты. Алба-жұлба киімі бар ақынды алдына алып келгенде қаһары қатты әмір тұрып «Менің ңаншама күш жұмсап өзі-

мө қаратқан айтулы қалаларым — Бұхара мен Самарқантты қайдағы бір түрік қызының бір меңіне берем деп мырзасынып жүрген сенбісің?? деп сұрайды. «Бұған қалай аузың барып жүр?» Әміршім«-ау,— депті сонда Хафиз үстіндегі алба-жұлба киімін көрсетіп,— менің нақ мынандай күйге түсіп жүргенім де осы мінезімнен емес пе?» Әрине, бұл аңыздың ешқандай да тарихи негізі жоқ. Хафиздің Темірмен кездссуі туралы ешбір деректө айтылмаған. Шығыс поэзиясын зерттеушілер пікірінше, бұл ғазал Шаһ Шожаның баласы —

Зайн әл-Абединге арналса керек.
Патша-меценатты сұлу қыз-
ға теңеу дәстүрі парсы
поэзиясында Рудаки заманыпан
бері
қарай-ақ белгілі.
Орысша аудармаларының бірінде
ақын «мырзалығына»
Самарқант пен Бұхара ғана емес
Бағдад та қосылып кетеді.
Енді бір аудармаларда Бағдат
аталмайды. Дұрысы да осы.
Өйткені, түпнұсқада Самарқант
пен Бұхара ғана.
№11. Бүкіл сипатынан-ақ бұл
ғазалдың әйелге арналғаны
көрініп тұр. «Есігіңе ілгек болып
ілінгім-ақ келеді». Орта ға-

сырдағы Иранда есікке әдетте металл сақина ілінеді екен де, сол арқылы есікті ашып ішке кіруге болады екен; кейде кішкентай тоқпақша да байланып қояды екен. Орта ғасыр ғана емес, мұндай тоқпаң ілгек кейінгі кезде де кездесіп қалады. Аулымызда да соңғы кезгө дейін болды. Бұл сырттан келген адамныц іштегілерге хабар беруі үшін жасалатын болса ке-
рек. Ақын бұл жерде «мен де сол тоқпақ болсам, бақталастың басына сарт ете түсер едім» дегенді айтқап.
№ 12. Кәдімгі таза махаббат лирикасы. Ақын махаббат ләзза-

ты мен күы шұғыласын бір
қатарға тең қойып отыр. «Исаға
ұқсап таптың мені тірілтудің
амалын» дегенде «Иса демімен
үрлеп өлген адамды тірілтетін
болған екен» деген аңыз негіз-
ге алынған. «Жалынында
көбелекше өртеніп-ақ барамын»
де-
генде түпнұсқадағы канондық
образ-пшрағдан мен соны шыр
айналып жүріп отқа түсер
көбелөк, яғни пәруана-жүрек ай-
тылып тұр.
Ғазалдың соцғы бәйітінде (мақта)
Құранның 7-ші сурә-
сындағы 10-шы, 18, 19, 20 және
26-шы аяттар еске салын-

ған. Онда Адам-Ата Сайтанның
азғыруына еріп, Алла айт-
қан ақ жолдан тайып тыр жалаңаш
жұмақтан шығатыны
айтылады.
Л5 13. Бұл ғазал тәжікшө нұсқасы
мен орыс тіліндегі Г. Пли-
сецкий аудармасын қатар ұстай
отырып аударылды. Сондың-

тан қазақша нұсқасының кейбір
бәйіттері орыс тіліндегісівен
өзгешелеу болып шықты. Тегінде,
таза махаббат лирикасы
мен белгілі бір билік иесінө
арвалған мадақтауды бір-бірімен
тым байланыстыра бермесө де
болгандай. Өзінің бүкіл таби-

гаты жағынан бұд ғазал арнау-
мадақ жырдан гөрі гашықтық
газалына көбірек бейім.
Жәмшнд кесесі. Бұл жерде
варсының аты аңызга айнал-
ган Жәмшид есімді патшасының
киелі кесесі туралы айты-
лып отыр. Ол кесөден бүкіл өлем
көрініп ______тұрады екен деген
аңыз бар.
№ 14 Бұл да кәдімгі махаббат
лирикасы. Шығыс поэзиясы-
на тән сұлулық образдары мен
құштарлық терминдері мұнда
да біраз көрінген.
№ 15. Кәдімгі таза махаббатты
жырлаган ғазал. Махаббатты

теңізге теңеу Е. Э. Бертельстің «Софылық ағым және софылық әдебиет» деген еңбегінде айтылатын софылық терминдердің іпіінде бар. Г. Плисеңкий аудармасында Мерген («Стрелец») шоқ жұлдызы айтылады. Ал түпнұсқада Әлем« жарығы» («Сетаре») делінген. Сондықтан біз дө осы негізде газалдың бұл жолын «Күнгө де қояр кінәм жоқ, бәрі де сағап белгілі» деп аудардық. Жалпы Мерген шоқ жұлдызы сол кездің поэтикалық дүниелеріпде өр уақыт кездесіп те отырған және таянып қалған тақсірет хабаршысы ретінде ұғынылa-

тын болған. Ғазалда ақынның «күнгө де қояр кінәм жоқ? деуі аспан өлемінө /тағдырға/ қояр еш кінәм жоқ, бәрін де өз таланымнан көремін дегені. «Каландар», «дидар» деген сөздер де — софылық терминдер.
№ 16. Орта ғасыр поэзиясында жиі көздесетін диалог-ғазал. Хафизда да овша көп болмағанмен аздап бар. Тарихтық жағынан қарағанда мұндай «диалог-жарыссөз» төркіні тым әріде. Мәселен, Ай мен Күннің, Жер мен Судың, тағы басқалардың бір-бірімен айтысуы әдебиет тарихында аз кездеспейді.

Адам мен аңдардың, жан-
жануарлардың өзара айтысы қазақ фольклорында да аз емес. Үшінші бәйіттегі:
«Күнпарастардан көңілдің
пөктігін үйрен!»—дедім мен.
«Ай дидарлылардың бұл сөзің
бірден-бір қасы»,— дедіц
сен,— деген жолдардағы ой да сол Ай мен Күннің айтысы-
нан туып отырған болса керек. Бұған қоса парсы тіліндө
«күн» мен «махаббат» ұғымдары «meһр» (нұр) болып айты-
лады. Сонда ақын әдейі сөз ойнатып отырғаны да көрінеді.
М 17. Махаббат, ізгілік, адалдық, қарапайымдылық туралы

ғазал. Мұндағы бірқатар момақан сөздерге қарап бірыңғай софылық сарынға итермелей беру қажөтсіз.

«0 дубақы Хафизым-ай, о&лап тұрсам, бимөлім:
Озбырлық пен обырлыққа көніп қанша жүр е р ің—»

деген соңғы екі жолдан Хафиздің сол заманға көзқарасыда, өзегін өртегөн мұң-наласы да сезіліп-ақ тұр.

Лі 18. Әдетте бұл ғазал да софылық рухқа телініп жүр. Ал тегінде Хафиз ғазалдарындағы таза махаббат лирикасы үлгі-

лерінің бірі. Парсы поэзиясында, жалпы Шығыс ақындарын-
да көп қолданылатын
құштарлық , «сиқырлы жанар», «мұң-
лы да сырлы көз», «отты да ойнақы көзқарас» сияқты бей-
нелі бедерлер мұнда жиірек колданылған.

№ 19. Кәдімгі шебер тілмен шым жібекше ширатылған шын
жүрек сөзі.

Ханақа — софылар мен дәруіштер тұрақтайтын орын.

Харабат —қала шетінде шарап сатылатын, түрлі ойын-
сауыққа, құмар ойындарына берілгендер жүретін орын.

Шайхы — діндар адам.
Лаухыл /лауһыл-махбуз/— Ислам дініндегілердің ұғымы бойынша әрбір адамның тағдыры жазмыш-тақтайға жазылып қояды екен.
Лг 20. Бұл ғазалда күрделі образдар мен ассоциациялар көбірек қолданылған.
«Хауа-Ана мен Адам да пейіштен кетіп кешті мұң? деген жолда Тауратта да, Құранда да айтылатын аңыздар еске алынған. Екеуінде де Адам-Ата мен Хауа-Ана жәй пенде жеуте болмайтын жеміс-тағамды жегені ушін пейіштен ку-

ылған деп айтылады. Мәселен, Құранның 7-сурәсындағы бірнеше аят осы аңызды растайды. Бүл аяттар 12 ғазалға түсініктемеде көрсетілді. 18-аятта: «Ал сен, Адам, әйеліңмен екеуің жұмақта тұра беріңдер, қалағандарыңша ішіп-жеңдер, бірақ мына бір ағашқа жақындаунш болмаңдар...» деген ғой Алла-тағала. Жалпы, адам бойыпдағы кінә мен кінәрат содан басталған деседі халық нанымы.

Зауза жұлдызы орысша «Близнецы», /парсыша «Жуза», «Допейкар», «Тоуам» деген де аттары бар/—қазаңша «Егіз-

дер» аталып жүрген бұл жұлдыз шоғырының көрінетін уа-
қыты май айы. Бұл жерде ақын өзі осы ғазалын арнан отыр-
ған билік иесінің қаЬары қайтып, рахым-қайырымы түсер ме
екен дегенді айтып отырғандай. Сүлөймен тағы — Шығыс поэзиясында жиі қолданылатыв көп мағыналы образ. Ал бұл ғазалда, сірә, ақын өлгі билік иесін Сүлеймен патшаның өзінө тікөлөй теңейді.
Чанг — арфа тектес музыкалық аспап.
№ 21. Өмірдің мөні мен сәні туралы толғаныс бар. Ғашық-

тық пен құштарлық гүл мен бұлбұл сияқты Шығыс поэзиясындағы дәстүрлі образдар арқылы баяндалған. Ақынның реалистік бояуы қанық ғазалдарының біріне жатады.

Бұл фәниден бақыт іздеп әуре болма, Хафиз-ау,
Өмір деген өксік пенен қастық толы бірдеңеі

Міне, осы бәйіттің өзі-ақ Хафиздың өмір, дүние жайындағы ой-толғамының түйіні, заманға айтар зар-мұңының бір көрінісі.

№ 22. Бұл да сүйіспендік сырына тұнған ғазал.

«Нұй»— араб алфавйтіндегі өріп доға тәрізді иіліп тұра-
тындықтан Шығыс поэзиясында нәзіктік, сыпайылық, ынты-
зарлық бейнесі ретінде қолданылады.
Әліп — араб алфавитінің бірінші әрпі. Поэзияда сымбатты-
лық бейнесі.
№ 23. Өзінің ғашығына арнаған ғазалдарының бірі. «Көзі
гой» деп қайталанып отыратын редифі сақталды.
Сүлеймен — Тауараттағы Соломон патша. Мұсылмандарда
Сүлеймен пайғамбар атанған. Біздің жыл санауымызға дейін-

гі 960—935 жылдарда патшалық құрган. Аңыз бойынша ақыл-
ды, әділ және күшті патша болган; сиқырлы жүзігі арқылы адамдарды гана емес, аңдарды да, жын-перілерді де бағын-
дырған, аң-құс тілдерін білген. Эдот /удод/ атты құс онымен кәдіыгідей дана адамдарша әңгімелесіп отырады екен деседі.
№ 24. Дәстүрлі ғашықтық, құштарлық рухындағы ғазал. Ақын махаббат құдіретін жоғары бағалап, оны ұлылық, биік-
тік, тереңдік бейпесінде жырлайды.
№ 25. Сұлулық, құштарлық, тақырыбындағы барлықғазал-

дардағыдай мұнда да қыз бұрымы, бұйра шаш образдары
бар. Бұйра — парсыша «зұлфы». Зұлфы шашты қыз Шығыс, әсіресе, парсы поэзиясында жиі мадақталады.
№26. Бұл да сұлулықты, еркіндікті, адалдықты жырлаған ғазал.
һауаз — әуен, үн мағынасын білдіретіп сөз.
Ақын сырты діндар, іші арам алааяқтар, адамдық жауы — жендеттер кіріп жатқан мешітті қояйық та шарапханаға барайық деп отыр. Сол заман үшін өте батылдық.

№ 27. Ғашығына арналған ғазал. «Гүл қауызы», «Шолпылы бұрым», «Тіп-тік тұлға», «Иілген ынтызарлық? бейнелері мұнда да баршылың.
Шырын мен Фархад — Шығыс поэзиясында талай жыр-
ланған ғашықтық бейнелері. Шырын — Хұсырау патшаның әйелі. Сасанидтер династиясынан шыққан патша, 590—628 жылдарда болған. Көптеген жорықтар жасаған. Ақыр соңын-
да өзінің баласы тақтан тайдырған. Парсы ноэзиясында Хұ-
сырау патшалық өкіметтің, барынша құлай сүюдіц бейнесі

ретінде суреттеледі. Хұсыраудың Шырын сұлуға махаббаты туралы талай дастандар дажазылған. Ал Фархад— ңарапайым
тас қашаушы, ол да Шырынға ғашық болған. Хұсырау патша мұны біліп қойған да зымияндықпен өлтіріп жіберген. Сон-
дықтан да бірқатар поэмаларда Фархад пен Шырын басты қаһармандар болып жырланады да, Парвиз зұлым патша ре-
тінде кескінделеді. Низами, Әмір Хұсырау Дехлеви және бас-
қа ақындар поэмалары осындай. Ни8амидің «Ләйла — Мәж-

нүн» поэмасы ширван-ша Аһсатан ибн Мәнушәкардың тапсыруымен жазылған.
№ 28. Бұл да ғашықтық ғазалы. Жан-жүрек, төгіліп тұрған кірпік, таң самалы, бал шарап толы кесе сияқты дәстүрлі образдар қайталанып келеді.

М 29. Әзіл аралас сүйіспеншілік ғазалы. Махаббат нашақаты мұнда гротескілік деңгейге көтерілген. Ңұтқарыңдар« доста-рым» деп ңайталанып отыратын редифі бар. Орысша аудар-мада қанқұмар« ғашығым» деген сөз бар. Бұл түпнұсңада

жоқ сөз. Түпнұсқада «алдауыш, жалғанпшл» мағынасында айтылған. Сондықтан біз бұл жерді: «Жалған ыңылас, сараң сүйіс» деп аудардық.
№ 30. Сұлулыңтан, құштарлыңтан ойына от, бойына ңуат із-
деген еркін жанды ақын айтар ғазал. Ғапшғы үшін, ңұштар көңіл дауасы үпгін мінөжаттан да, жайнамаздан да безер
едім дегенді айтады.
№ 31. Ғашықтың ғазалы. Махаббат лирикасына төн бейнелі сөздер мен ұғымдар мүнда да бар.
X$ 32. Мұнда да түпнұсқасында редиф бар. Біз оны ңала«-

уын», қалауым«» деп ңайталадың. «Таң самалы» деп баста-латын бесінші бәйітте «гүл қауызы таңғы самалда ашылады екен» дейтін ұғым бар. Сонда ақын бұл жерде ғашығын жалпы гүлге емес, сол әр гүлдің жаңа ашылған қауызына бөлеп қояр едім дегенді айтпақ.
№ 33. Түпнұсңада өзім«», өзімнің деген тұрғыдағы қайта-лама редиф бар. Орысша аудармасындағыдай біз де ол ре-дифті ңолданбауды жөн көрдік: мағынасына да, көркемдігіне де көлеңке көбірек түсіп кететін болды. «Май шам тэрізді

еріп кету» дәстүрлі поэтикалың бейне.
№ 34. Түпнұсқада софылық, құран суралары мен аяттарынан алынған ұғымдар ұшырасады. Бұған қарап бұл ғазал мистикалық тұрғыдағы туынды болар деген жорамал да бар.
«Тағдыр», «ризық?, «шарап толы кесе», «тәңірі», «Мұса», «жаратушы» деген создер болған соң осылай делінер, бәлкім. Бірақ, газалдың тұтас бітімінен реалистік сипат та байқалады. Әрине, қазаң оңырмандары үшін бұл сөздер әбден
түсінікті.

Төңіріме мен ризамын Мұсаның бағын берсе егер.
Жанын да құрбан етпекші ол жаратушы жолында.
Бұл жерде ақын Мұса пайғамбар жайындағы аңызды
айтып отырса керек. Ол — Мұхаммед пайғамбарға дейінгі 123 мың пайғамбардың ішінен мұсылмандар мобындағап алтаудың бірі. Інжілде, одан соң Күранда айтылатын аңыз бойынша Тур(Синай) тауының бөктеріндегі бір алаңда (кейін «Хауіпсіздік алқабы» атанып кеткен) құдай Мұсаға ке8Ігіп пайғамбарлың дәреже беріп. ңольгадағы таяғы «Ка-

сиетті асаға» айналған ғой. Міне. Хафиз де «сен де маған сондай жаксылық жасап, бақытқа жеткізсең, жолыңа жанымды құрбан етер едім» деп отыр.
№ 35. Аңынның қартайған кезінде жазылған ғазал екені көрініп түр. «Фархад шоқ жұлдызы» деп, сірә, махаббат жұлдызының мәңтілігін айтып отырса керек. Низамидің «ЗКеті сулу» дастанында «Утарид пен Зуһраны некеледі» деген де бір олең жолы бар ғой. Сірэ, Хафиз мифтік осы аңызға да сүйенген болар.

№ 36. Хұмай (орыс тіліндегі **бір** аудармада «Анка» делінген) бақыт құсы, оның қанатының көлеңкесі түскен адам патша болады екен деген де аңыз бар. Шығыс поэзиясында қол. жетпейтін ғажайып кереметтің бейнесі ретінде де айты-
лады.
Екішпі бәйіттің түпнұсқасы, сөзбе-сөз алсақ, егер қолым^-дағы кесеге көлеңкесі (сәулесі) түсер болса аспанга бөркімді көбікше лақтырар едім дегенге саяды. «Көбікше лақтыру» ұғымы орыста да жоқ, қазақта да жоқ. Сондықтан біз қуа«-

ныштан жүрек шіркін жарылар ма деп едім» дегенді жөн көрдік.

Қолац« шаш»,» «бұрым» деген сөздер «тор», «бұғау» деген мағынада айтыла беретін дәстүрлі бейнелер.

Алтыншы бәйітте түпнұсқада немен бал апгу керектігі дәл айтылмағап. Орысша аудармасындай біз де «кітан ашып» деп алдық. Қазақ ұғымында мұндай сөз бар.

№ 37. Ерекше бір тәсілмен (бір жолдың аяғы екінші жолдың басында қайталанып отыру) жазылған ғазал. Сол заманда

бұл тәсіл де жиі қолданылған болса керек.

Мысыр — Египет, Каир.

Ханаан — Палестина, Ерусалим. Поэзияда гүлденген, бай өлке бейнесі.

№ 38. Бертіндегі бір түсіндірмешілер бұл ғазалды ақынныц «жаңа бір жас досына» арналғап сүйіспендік жыры ретінде есептеп жүр. Ал ғазалдың тұтас өн-бойында софылық сөз сарыны анық байқалып-ақ тұрады. Әйтсе де ақынның көптеген арнау ғазалдарының рухын негізге алсақ, мұның да солар

сипаттас екені көрінеді. «Бүр жармаған қызыл гүл»—жас сұлуларга тән поэтикалық образ. Ғазалдың төртінші бәйіті Г. Плисецкий аудармасындағыдан сәл-пәл өзгешелеу. Өйт-
кені, бұл екі жолдың түпнұсқадағы мағынасына зер салсақ,
шамамен былай болып ұғынылады:
Қай жерде тақуалылық «мен-мұндалап» тұрса,
Сол жерде шіркеу қоңырауы мен христиан бар.
Хафиз бұл жерде сырдаң, сырт, жасанды тақуалықты хрис-

тиандыққа теңейді, яғни мұсылмандықпен сыйыспас ғайры-діндік, тарихатқа (шын софылық жолга) үйлеспейтіндік мінез дегенді айтады.
№ 39. Хафиз творчествосына софылық сарынға, тіпті, дінге қарсылық тұрғыдан, талдау жасауға бейім түсіндірмешілер өз пікірлерін дәлелдеу үшін бұл ғазалды көбірек тілге тиек етеді. Рас, мұнда жалған софыларға, дүмше молдаларға қар-
сы айтылған, олардың екіжүзділігін әшкерелеген сөздер бар.

Сонымен бірге ақын негізінен адалдық, адамгершілік, өнерді бағалаушылық жайында ой толғайды, турашылдыққа үндейді.
Қасиетті« маг алдында арым таза өзімнің? дейді ақын.
Маг — зардуштықтар әулиесі. Бұл жерде адалдық, адамгер-
шілік өлшемі ретінде, ақылгей ұстаз ретінде алынған.
246
Саррафқор — ақша ауыстырушы.
Ғар «» — есек.
Магыраж (қазақша «Мұгыраж» делініп кеткен)—Алла-
тагаламен тілдесу үшін Мұхаммед пайғамбардың Пыраққа

(«Бүрақ? деп тө айтылады) мініп аспанга ұшып баратын
жері.
№ 40. Бұл ғазал Хафиздің Үндістанга ______бара алмай
ңалған
сапарынан соңгы әсермен жазылған екен деседі. ЗКолай қат-
ты дауыл тұрып, одан қорыққан ақьга кемеден тусіп, кері
ңайтқан болса керек. Бірақ, бүл жорамалдың анық-қанығын
білу қиын. Бұл туралы ешбір тиянақты дерек жоқ. Хафиздің
осы ғазалындағы (бесінші бәйіт) «теңізбенен талай жерді
араласам деп едім» дегеннен басқа көңіл қонақтар ешнәрсе

кездеспейді.
№ 41. Хафиз поэзиясыш
зерттеушілер арасында бұл
газалды
сунниттерге қарсы жазылгап екен
деп айтушылар да бар.
Расында мұпда жалғаншыл,
сырттай мүддойімсінген дінба-
сылардың мінез-құлқып
әшкерелеушілік анық байқалады.
Бұлар мыпа қалпымеп Байтуллаға
(Меккедегі құдай үйіне)
қалай бармақ? дейді ақын. Буйтіп
екіжүзділенгенше өзіміз-
дің харабатымызда ашықтап-ашық
жүргеніміз жақсы ғой
дегенді айтады.

Қайырымдылық? кереметі»
Ңүраннан алынган сөз. Кұ-
ранпың 3-сурәсыпда мыпадай
сөздер бар: «О Құдай, пат-
шалықтар патшасы! Кімге көңілің
ауса соғап бплік бересің,
кімнен көңілін ауса содан билікті
аласың, көтеру де, күйзел-
ту де өз өркідде. Сенің қолыңда
игілік бар... (25, 26-аяттар).
«Самаларда» дегеп сөз кілең
дәруіштер бас қосып «алла-
һулеп» зікір салатын, құран
суролары мен аяттарын әдемі,
әсерлі дауысирн қырағаттап
айтатып орып мағынасында.
Ақып бұл газалында да адалдық
пеп алдампаздық, ақи-

қаттық пен жалғандық ара-жігін аша жырлайды.
№ 42. Зерттеушілер пікіріне қарағанда бұл ғазал Шожа шаһтың уозірі. осек-аяң салдарынан зынданға қамалған, бі-
рақ көп үзамаіі одап босапган Жалаладдин Тұраншаһқа ар-
палғап болса керек.
Қызғалдақ, райхап, сэру, бүйраланған бұрым сияқты дос пен ғашығына айтар метафоралар мүнда да қолданылған. «Кірпігіммен шаңын сүртіп» дегені әбден беріле бас шо, табыну деген мағынапы білдіреді.

«0 Мысырдың падишасы, жарык
iйы Ханаанның? деген-
де ақыи өзінің сүйікті досын
Жүсіп пайғамбарға теңеп
отырғаны. Бүл бәйітте осы газал
тікелей арналып отьгрған
адам апшқ көрінеді.
Үшіпші бөйіттегі «чоуган»
«бүрым» дегеп сөздер белгілі
бір мағыналарға ие. Чоуган —
халық ойынының бір түрі.
Салт ат мінген ойыппшлар жасыл
алаңда басы пмектеліп
кеткен үзып таяқпен (чоуганмеп)
доп қуып ойнайды. «Чоу-

гппға ұқсас бұрым»— бұйра-
бұйра шаш деген магыпаны

білдіреді.
Осы бұйраланған бұрым (шаш) туралы парсы, тәжік жұртында мынадай да бір аңыз бар көрінеді. Баяғыда бір патша болыпты. Ол үш жыл жорық кешіп жүріп шаһарына аман-есен келе жатқанын естіген өйелі Зуһра «Ел иесіне қандай тарту жасасам екен» деп ойлайды. Әрі ойлап, бері ойлап бұйраланған бір бұрымын кеседі де «мейлі, менің шашым қай кезде де сүйгенімнің қасында жүрсін» деген пікірге келеді. Бұл бір ғажайып бұрым екен деседі. Бірақ, алас-

ңапаста әлгі бұрым зым-зия жоқ болып кетеді. Мұны жаман ырымға жорыған ханыша дереу жұлдызшыға барады. Ол Зуһраға есебін тауып көмектеспесе жағдай өте қиын болаты-
пын түсіпеді. Сөйтіп ол патшаға «Зуһраның бұрымын періш-телер алып кетті» деп аспанда тұрған жарық жұлдызды көрсетеді. Бұл жұлдыз жерден қарағанда әйелдің бұрымына аумай ұқсап тұрады екен. Мұны көрген патша өбден сеніп, әйелін бұрынғыдан да жақсы көріп кетіпті. Содан бері әлгі

жұлдыз «Зуһраның бұйра бұрымы» атаныпты.
№ 43. Ғазал дін иелерінің алдауыштығы мен екіжүзділігін, зұлымдығын өшкерелейді.
№ 44. Сұлулардың ңас-қабағын михрабқа (Мешіттің Кағбаға қараған жағындағы қиықша ойың) теңеу Шығыс шаирла-
рында жиі кездеседі. Хафиз бұл ғазалында тіршіліктің бар-
лық қам-қарекетінен махаббатты жоғары қойып отырғандай.
Тіпті, сунниттер мен шейіттердің арасындагы бітіспес ала-
уыздыңты да махаббат мерейіне жыгып бергендей. Бұл ға-

залдың түппұсқасынан анығырақ сезіледі екен. Онда һе«»{-
леие Хасан» (жұбайлық жұбанышы) деген сөз бар көріне-
ді. Бұл Бани Үмиядан (Үмия әулеті) бірінші халифа болған Муавия (Мағауия) меп кейін шейіттер аталып, дербес діии ағымға айпалған Али (Бани һашим әулеті) балалары ара-
сыпдағы тартысқа тіреліп жатқап жәйт. Бұл былай болғап.
656 жылы (һыжраның 34-
жылында) Мұхаммедтің Омардан кейінгі орынбасары — үшінші халифа Оспан көтерілісшілер қолынап қаза табады. Тахқа талас болған халифтікке (пай-

ғамбар отырған тахтың орнын басушы) Али отырады. 661-жылы оны қарсыластарының жұмсауымен өэ қызметшісі Малжам намаз үстінде өлтіреді. Содан соң Халифат тағына үмиялық Мағауия иелік етеді. Алидің үлкеп ұлы Хасан Мағауиямен арада келіссөз жүргізеді де патшалыққа тыныш
омірді айырбастап тахқа таласпайтын болады. Хәфиздің «жұбайлың жұбапышы» деп отырғаны осы жағдай болса керек. Ал Алидің екінші ұлы — Хұсайын тағдыры туралы жоғарыда айтқанбыз. Хасапды да гаремінде у беріп өлтіріп-

ті-міс деген қауесет тараған. «Сәру ғана бойын сылап озгертпей тұр ажарып» деген-лің де мәнісі бар. Орта ғасыр ирандықтары сәру агашы жеміс салмайды деп білген, сөйтіп оны поэзияда тек сырт-ңы сымбаттылың бейнесінде қолданған.

248

Мүтриб — өпші, музыкашы деген сөз.

№ 45. Діншілдік атымен сумаң қағып жүретін суылдақ со-фы-сымақтарды мінеп-сынауға арналған ғазал.

Жанда — дәруіштер киетін хирқа (шекпен).

Ринд — тура мағынасында «маскүнем, зінәқор, бүлдіргіш» дегенді білдіреді. Орта ғасырда қала сыпайылары (тікаяқтары) ресми софылық ағымға қарсылық ретінде өздерін «рипдер» деп атаған.
«Жүрек қаны» деп ақын бұл жерде кейбір түсіндірмелерде айтылып жүргендей шарапты да, жүзімді де мегзеп отырған жоқ. Бұл сөз екіжүзді сұрқиялар адамның ар-намысына тиеді деген мағынаны білдірсе керек.
№ 46. Ақын өзіне қамқоршы болып жүрген бір билік иесіне

арнаса керек. Сол кезгі дөстүр
бойынша бұл ғазал да махаб-
бат лирикасы сипатында
жазылған. Құр-биһуда — бекерден
бекерге деген мағынада.
М! 47. Адам еркіндігі, жүрек
қалауымен өмір сүру туралы
толғаныс. Мұхтасиб —
ортағасырдағы мұсылман әдет«-
гұрып
сақшысының? өкілі. Ол
мұсылмандар арақ-шарап ішпей
Құран тәртібіин ұстануын
қадағалайтын адам.
№ 48. Әділетсіздікке,
вымияндыққа, сұрқиялықңа қарсы
жазылган ғазал. Зерттеушілер бұл
ғазал сол кезде билік

ңұрған Мобарезаддин Мұхаммадқа (1356—1358 жылдары) наразылықтан туғап деп айтады. Ғазалдың бүкіл сипаты осы тұжырымның растығын дәлелдөгендей. Мобарезаддин сол кезде қаланы тұтқиылдан басып алып, бұрынғы билеуші Әбу Ысңақ Инжуді (1343—1353 жылдары) өлтірткен көріне-ді. Сөйтіп ол бұрынғыдан да ңатал тәртіп орнатып ел-жұрт-ты қатты қысымға алыпты. Әсіресе «емін-еркін» жүріп қалған дәулет иелеріне бұл тәртіп ұнамай қалады. Сірэ, бұл

тэртіп Хафиз сияқты еркіндікті сүйетіндерге де ұнамаса керек. Мобарезаддинге Мүхтасиб деген лақап ат қойылып кетеді. Ол тақта небәрі үш-ақ.жылдай отырыпты.
Чанг, уд — музыкалық аспаптар.
Шайхы, мүфті — дін иелері.
Лй 49. Хафиз творчествосын зерттеушілердің пайымдауынша бұл ғазал Темірдің Иран жеріне басып кіріп, Исфаһанды (орталың Ирапдағы қала, сельжүктер резиденциясының бірі болған) жаулап алып Ширазга таянган кезінде жазылған болса керек. Зайн әл-Абедин қуылып, егде тартқан шағында

тыныш өмір сүрсем деп жүрген
ақын үшін әбігершілік бас-
талгап кезге ұңсайды.
«Ағалары күпдеп құрткқан кері
келер Жүсіптің? деген
жолда бүкіл Шығыс поэзиясында
көп жырланған Жүсіп
туралы аңыздың негізі бар. Ал
Құранда бұл аңызға 12-суро
(ІІІ аят) түгелге жуық арналған.
Бұл аңыз бойынша Жақып
249
пайғамбардың бір әйелінен туған
балалары екінші өйелінен
туган Жүсіпті өтірік айтып Мелик
саудагерге құлдыққа са-
ту үшін беріп жібереді. Әкесін
өліп« қалды» деп алдау үшін

Жүсіптің көйлегін ешкінің қанына бояп әкеледі. Мысыр
әкімі Потифер (енді бір деректерде — Пентефри, Рыян) оны
әлгі саудагерден сатып алады. Оның әйелі Зылиха Жүсіптіц сұлулығына қызығып ғапгык болады. Бірақ, Жүсіп оған ыңғаЁ бермей көп жүреді. Осы аңыз бойынша талай поэма-лар жазылған. Оның бірінде Зылиха құстаналанса, екіншісін-де шын ғашықтық символы ретінде суреттеледі. Мәселен, Сағди поэмасында Жүсіптің сұлулығы соншалық, қызметші

әйел тамақ істеп тұрғанда одан көзін ала алмай саусагын турай бергенін де білмей қалғаны айтылады, сондай жігітке Зылиха қалайша ғашық болмасын дейді. Зылиха 25 жыл осылай ғашық болып жүрген екен, талайлар «мына кемпірге не жорық?? деп күлген екен деседі. Ақырында махаббат құдіреті оны он бес жасар ңызға айналдырған екен, енді оған Жүсіп те ғашық болған екен деседі. «Жүсіп — Зылиха» туралы поэма осылай туады. Ғазалдағы көптеген реніш, түңілу сөздері Темір жорығы-

ның зардаптары ақын жапына қатты батқанын көрсетеді. Тіпті, ол Әмір Темірді зұлымдық, жауыздық бейнесі — Ахриманға теңейді. Ахриман — зенді сөзі, «зұлым күш» дегеи мағынаны береді. Зенд — зардуштардың қасиетті кітабы — Авестаға түсініктеме, Зардушт (зороастризм) діниндегілер ұғымы бойыпша Қайырымдылық құдайы — Ахурамаздыц мәңгілік қарсыласы. Орысша аудармасында «сатана» делінгенімен біз түппұсңаға сәйкес Ахриман деп алдық.
№ 50. Бұл ғазалдың орысша аудармасы жоқ. Біз _ өзбекше

тәржімасынап ңазақшаладық. Бүл да дәйексіз діидарлық
пен бояма тақуалыққа қарсы жазылған ғазал.
№ 51. Жоғарыда айтылғандай (№ 47-ғазал), бұл да Мобарр-
заддин билігі кезіпде жазылған ғазал. Басынан аягына дейін ашық наразылыққа толы. Тіпті, «Кей-Хұсырау Парвиздің де (күшті патша) басы тұрмай жоғалған» мына дүниеден сен
де кетерсің немесе Әбу Ысқақты өлтірген сенсің дегенге
дейін барған ғой. Қамыққан Хафиз туған жерін тастап Бағ-
дат (Ирак) пен Тавризге (Иран Әзербайжаны) кетіп қалуды

да ойлагап тәрізді. Тавризде ол кезде Жалайыр руынан шыққан Уәйіс-1 билік етіп тұрған.

№ 52. Философиялық-дидактикалық ғазал. Уақыт, өмір заңы, тірліктің сыр-сипаты туралы толғаныс.

Жазмыш — о баста әр адамның пешенесі — бүкіл өмірі жазылып қояды екен деген түсінік бар.

Расул-Алла—«Аллапың елшісі» атапған Мүхаммед пайгамбар туралы.

Пәруәрдігар — құдайдыц мың бір атының біреуі.

Яздан — бұл да құдай аты.

№ 53. Бұл ғазал Мобарезаддиннің (№ 48-ғазал туралы түсініктемеде айтылған) өмірліктен құлаған кезінде шығарылған. Емін-еркін жүрудің ңандайына болса да ңатаң тыйым салған бұл өмір Хафизге де тырнағын батырып жіберсе керек. Қатал билік тұсындағы қысымгерштліктің қандай болғаны газалдың өнбойынан сезіліп-ақ тұр. Тек осы әмір емес, басңаларының да оңып тұрмағанын Хафиэ ғазалдың соңғы бәйітінде айтып та кетеді. «Тым ашық кетіп шалңи берме» дейді ол өзіне-өзі.— Жаңа патшаның бұл сөзіңе қалай қара-

рын қайдан білесің.
№ 54. Орысша аудармасында ұзақ? уақыт ауыз бекіту» деген мағынада алынған. Біз түпнұсқаға сәйкес «Оразада ауыз тұтып» деп алдық. Бірақ, ақып бұл жерде жылына бір оралып келетін ораза айы — рамазан туралы ғана айтып отырмаған тәрізді. Сірэ, ұзақ уақыт шарап ішуге ңатаң тоқтам салынған кезеңді айтып отырса керек.
Бөдан — дене, түла бой.
Соңғы 8—9 бәйіттерде кәдімгі шарап туралы да, софылық терминде айтылатын символдық шарап туралы да мегзеу бар

сияңты.
№ 55. Ғазалдың бүкіл табиғатынан бір түрлі торығу, репіш
сарыны сезіледі. Ақынпыщ ойындағысы орындалмаған, тү-
ңілген, тоңірегіне сенуден айрылған бір кезі болғандай.
«Жәмшид сірә түсер ме еді алтындаған тағынан» дегенде
мон бар. Коне Иран аңыздарында Жәмпгид жайында негі-
зіпен ұнамды міпездеме айтылады. Оның аты да, ісі де аңыз-
ға айналып кеткен. Авестада Иим деп аталады. Иранныц
ұлттық эпосы «Шаһнамада» оган көп орын берілген. Пешда-

диттер әулетінен шыңқан алғашқы
торт патшапың біреуі.
Ол билік құрған заманда жер
бетінде алтын ғасыр орнап-
ты-мыс: жұрт ауру-сырңау, олім-
жітім дегендерді білмепті-
міс, барлың жерде игілік мол
болыпты-мыс^ деп дәріптелген.
Оның сиқырлы кесесі де (тостаған
деп те айтылады) болып-
ты. Одан бүкіл әлемде не болып
жатңаны көрініп тұрады
екен, болашақты да болжайды
екен, деседі. Міне, осындай
дәрежеге көтерілген ол күндердің
күнінде озін құдай деп
атауды, өзіне құдайдай ңұрмет
керсетіп сиынуды талап

етеді. Содан соң одан тоңірегіндегілер теріс айналып кетеді.
Патша тагына араб патшазадасы Заххаңты әкеліп отыргы-
зады. Заххақ ез әкесін озі олтірген қара жүрек зұлым. Ол
әуелі Жәмшидті Ираннан ңуып шығады, кейін қайтадан
ұстап алып, денесін қақ боліп тастайды. Хафиздің айтып отырғапы да осы аңыздан туған соз.
№ 56. Хафизге қамқорлық жасауды ңойып кеткен Шаһ Шожаға арналған ғазал болса керек. Ақын бұл кезде Орта-

лық Ирандағы Йезд қаласына кетіп қалса керек.

№ 57. Сірә, Хафиз туған жерден жырақтап Йезд қаласында жүрген кезде жазылған ғазалға ұқсайды. Ширазға деген сағыныш сезімі өзегін ортеп, жүрегін жай таптырмайтындай.

«Мен емеспін жолаушыга ақ тілеуден жалықпақ? дөген өлең жолында Ғаріптерді« еске түсіру кеші» («Шам-е гари-бан») ұғымы бар. Бұл Ирандагы ең бір қасиетті де қаралы күндердің бірі, имам Риза құрметіне арналган қаралы рәсім.

Шейіттердің осы мейрамына көз қарасына қарап та Хафиз-
дің суннит не шейіт ағымына жататынын **айыруға болатын** сияқты. Мұхаммедтің тікелей ұрпағы — Риза **имам вираты** Мешхед қаласында (Хорасанда). Қашан« қоям пір тұтуды ары патас жандарды» дегенде
де билік иесіне наразылық рухы сезіліп тұр.
№ 58. Ғазалдың бірінші жолы Тауратта, одан соң Құранда айтылатын Жүсіп туралы аңызға байланысты. Ол туралы
бұған дейінгі түсіндірмелерде біраз айтылды. Ал мына га-

залда Жүсіптің әкесі Жақып пайғамбардың баласын сағынып зар жылап жүргенде екі көзінен бірдей басыр болып қалғаны, содан Жүсіп біреулер арқылы әкесіне жейдесін беріп жібергенде онымен көзіп сүрткен Жаңыптың жанары қайтадан шайдай ашылғаны, ұзамай баласы мен әкесінің Палестинаның өл-Құддыс (Ерусалим) қаласындағы үйінде кездесуі еске алынып отыр. Ал екінші жолы, зерттеушілердің болжамынша, Шамсаддин Мүхаммед Жовейнидің (1284—85 жылдары өлген) ғазалынан алынғап. Мүнда Жүсіп келген

соң Жақыптың жаман лашық үйі гүлстап сынды болып
жүре берер деген мағыпа бар. Әрине, бүл газал Жүсіптің Құддыс шаһарына қайтып
келуін айту үшін ғана жазылмағаны анық. Мұнда сол түста туган жерден жырақ жүрген Хафиздің өз көңілінің
мүңы мен сыры айтылған. Ғазалдың үшінші бәйітіндегі бүлбұл, сірә, ақынның өзі болар.
Төртінші бәйіттің бірінші жолында аспан элемі жайын-дағы сол заман ұғымы бар. Ол кезде «Жер қозгалмайды,

айналатын аспан әлемі» дейтін түсінік қалыптасқаны белгілі. Сонымен ақын бүл жерде «тағдыр жолы», «уақыт^қозғалысы» қашанғы маған қыңыр келе берер дегенді айтып отыр.
Алтыншы бәйітте дүниені топан су басқанда да кемесіндегілерді аман сақтаған Нух пайғамбар туралы аңыз негізге алынған.
№ 59. Бұл ғазалда орта ғасырдағы Шығыс ақыпдарында
жиі кездесетін түспалды образдар бар. Мәселен, мүнда қызғаншақ ағалары Жүсіпті алдап түсіріп кеткен күдық пен

қыз алқымындағы бұғақ иірімі парсының бір-біріне ұқсас «чаh? және «чаие» сөздерін сұлудың сиқырлы қылығына балама ретінде қолдану үшін алынған. Аңыз бойынша ағалары тастап кеткен құдықтан Жүсіпті керуен тартқан саудагерлер шығарып алып Мысыр өкіміне сатады ғой. Одан кейінгі жағдай жоғарыдағы бір ғазалға түсіндірмеде айтылған.

252

Л$ 60. Удод деген құс кеңесші болумен бірге байланысшы қызметін де атқарған екен, деседі. Сүлеймен патша оны Оң-

түстік Арабиядағы — Яминдегі (Йемен) Сабей **(Саба, Сава)** мемлекетінің билеушісі, Савскаяға (мұсылман аңыздарында Балкис деп аталады) жұмсайтын да болған. Бұл жайында Құранның 27-сурәсында толығырақ айтылады. Ондағы әңгімеге қарағанда Сава елі Күнгө табынушылар болса керек. Хафизде, удод аталатын құс ғашықтарға немесе өзінө қамқоршы билеушілерге хабаршы ретінде алынады.

Сірә, бұл ғазал да Хафнзге біраз уақыт қамқоршы болып жүрген, кейін өзінің бауыры Махмуд патша 1363—1366 жыл-

дары Шираздан ығыстырып жіберген Шожа шаһқа арналған болса керек.

№ 61. Түпнұсқада күрделі мағыналы етістіктен редиф бар екен. Оны аудармада сақтау өте қиын. Содан болар, орысша-
ға да редифсіз аударылыпты. Біз де сөйттік.

Бұл ғазал Хафиздің жақсы бір сырлас, біраз уақыт ара-
сы алшақтап жүрген досына арналған сияқты.

Құжыра — медресе, мешіт ішінде дәруіштер, мүридтер,
шәкірттер тұратын кішкентай бөлмелер.

Соңғы бәйітте ақындық псевдониміне (Хафиз — құранды жатқа білуші) мегзеу де, өзінің Құранға ілтифатты көңілін атап айтқысы келгендік тө бар.
№ 62. Бұл ғазал 60-ғазалдагы оймен жалғасып жатқан сыңай бар. Сірә, ақын өзіне мейірімі түсіп, қамқорлығына қайта алатынын хабарлаған шаһ туралы айтып отырса керек. Өзінің көңілінде бір түрлі шалқу, насаттану сезімі бар. «Дәуіттің тәтті әуезі» дегенде аңыздық негіз бар. Мұсылмандар. «Дәуіт пайғамбар» деп атайтып Давид туралы

аңыз-эңгіме Таураттан Құранға ауысқан.Ол өзі үні өдемі, ңолы шебер адам болыпты деседі. Сүлеймен пайғамбардың әкесі деп те айтылады. Еврей жұртының біздің жыл сана- уымыздан 9—10 мың жылдай бұрын өткен патшалары.

№ 63. Талайдан көңілі қалған, талайға алданған, сенгені суайт, сүйенгені солқылдақ болған ақынның торығып оты- рып шығарған ғазалына ұқсайды.

№ 64. Сірә, бір ақындар мүшәйрасы өтіп, әнші-күйшілер бас қоспақшы болған үлкен жиын, ойын-сауық үстінде айтіл-

ған ғазал болса керек.
Зерттеушілердің айтуышпа бұл бас
қосу Шожа шаһтың сарайында болса керек.
№ 65. Ғазалда сол кез поэзиясына төн бірқатар дэстүрлі
образдар бар. Бвропа жұртында сүйкімсіз бейне ретінде са-
налатын тоты құс парсы эдебиетінде ойлылық пен шешен-
діктің белгісі болып есептеледі. Сондықтан да бұл ғазалда
ақын «тотынұс» деп те алған. Жетінші бэйіттегі тырнақшаға
алынған сөздер Сағди ғазалының бір жолы.

«Зуһра күйін тыңдағанда күЁіп-
жанар бар дене» дегенде
253
де Шығыс поэзиясында көп
кездесетін ұғым негізге алын-
ған. Мынадай бір аңыз да бар.
Зуһра атты бір сұлу қыз
болған екен. Оған құдай Харут
және Марут деп аталатын
періщтелерді жіберіп, олардың
дәті беріктігін, жан тазалы-
ғын тексермекші болыпты. Жерге
түсіп Зуһраны көргенде
екі періште де оған есінен тана
ғашық болып қалады. Мұ-
ны пайдаланған Зуһра құдайдың
құдіреті көрінер жасырын

атын біліп алады. Сол аттың құдірет-күшімен аспанға ұшады. Оның сұлулығына құдай да ғашық болып қалады. Сөйтіп оны мәңгі өлмейтіндер тізіміне қосып «аспан мутрибі» (әнші,күйші) етіп қояды. Шығыс поэзиясында Зуһраның шебер музыкант символы ретінде алынатыны содан.

№ 66. Бұл ғазал Шожа шаһтың баласы Зайн әл-Абединге арналған болар деген де жорамал айтылады. Патша мен патша баласына арналған мадақтау жырларында оларды сұлу қызға теңеу поэтикалық дәстүрге де айналып кеткен.

№ 67. Ақынның махаббат, еркіндік туралы жазылған ғазалдарының бірі.
№ 68. Зерттеушілер айтуынша бұл да Әбу Ысқақ Инжуге арналған. Оның кім екені жайында бұған дейін айтқанбыз.
Барды мәзір тұтып қанағат ету — софылық тағылымның бір шарты. Дүниені сұлу қалыңдыққа теңеу Хафизде жиі кездеседі. Хажы Хауам — Әбу Ысқақтың лақаб аты болса керек, енді біреулер уәзірі деседі.
№ 69. Бұл ғазалда сол уақыт поэзиясы үшін дәстүрлі ең жоғары, ең жақсы теңеулер, баламалар, шендестірулер бірі-

нен соң бірі үстемеленіп қолданылған. Ақыр соңында сүйікті
адамы (ол шаһ та болуы мүмкін) солардың бәрінен сұлу,
бәрінен ақылды болып шығады.
№ 70. Дәстүрлі стильде жазылған махаббат лирикасы.
№ 71. Бұл ғазал ақын егде тарта бастаған шағында жазыл-
ған сияқты. Бірқатар софылық агым терминдері бола тұра
сол софылыққа қарсылық әуені білініп-ақ тұр.
Мәйхор — шарапқұмар адам.
Анка — киелі құс.
№ 72. Шожа шаһқа арналған ғазал болуы да мүмкін деген

жорамал бар. Біраз уақыт көріспей, іштей түсініспей жүрген кезде жазылғандай. Достыңңа, махаббатқа адалдық, сенімге адалдық ту етіп көтерілген. «Менің дінім — махаббатым» деп айту да ол заман үшін батылдық.

№ 73. Софылық ағымға қарсы жазылған ғазалдардың бірінен саналады.

№ 74. Ғазал ақын айнала өмірге, көп адамдарға рөнжіп, қамкөңіл болып жүрген шағында жазылса керек. Өксік, өкініш, уайым сезімі басым түсіп жатқан сөздер баршылық.

Алтыншы бәйіттегі тырнақшаға алынған екі жол парсының осы мазмұндас халық мақалына құрылған.

254

Хафиз қанша қапаланса да, бэрібір өзінщ оптимистігін бұл газалда да танытқан.

№ 75. Хафиз бұл ғазалын Шожа шаһқа ренжіп жүрген ке-зінде жазған. Ғазал Жалаладдин Тұраншаһқа жолданган болса керек. Қайсың? қалай қарасаң да, кім нө десе де ер-кіндігім қымбат» деген ой айтылады.

№ 76. Мұнда да қамкөңіл болып жүрген кездің лебі сезіліп

тұр. Уәде, сенім, адалдық туралы толғаныс Хафизгө тән шеберлікпен айтылган.
№ 77. Зерттеушілер пікірінше, бұл ғазал Шираз тахтына Махмуд шаһ отырған кезде жазылган болса керек. Бұл туралы 60-газалга берілген түсініктемеде айтылган. Сірә, Шожа шаһты іздеуіне қараганда Махмуд қаталдыгы одан асьш түскен болса керек. «Мәңгі су» делініп бұл жерде Сүлеймен патша тауып қа-рауындагы қауымның (аңызда кірпішешен делінген) ақы-лымен іпгаей қойған мәңгі жасатар су айтылып отыр.

«Бұл суды,— кірпішешен деді,—
ішпе,
Бұл болар іше қойсаң күйік ішке.
Көңіліңнеп кетпес қайгы, көзіңнен
жас,
Қатарың қадір білер еске түссе,—
деп жазган гой бертінде
Тұрмагамбет ақын бұл аңызды
өлеңге айналдырғанда. Ал
Іскендір Зулқарнайын (Алек-
сандр Македонский) мұндай суды
таба алмай-ақ кеткен гой.
«Іскепдір Зұлқарнайын дүние
айналын,
Таба алмай мөңгілік су ол да
өткен»,—
деген хисса сөзі осы орайда
айтылған екөн.

М 78. Ақывға тагы да салқын ыраймен қарап кеткен сарай билеушісінө арналған ғазал. Ңайырым« қылмай кетті менің сүйенгенім, сенгенім» деген сөздер осыны аңғартады. Со-нымен бірге мұнда күшті алдында күйбектеу де, кумілжу
де жоқ. Шын шаирдың кемсітуге көнбейтінін айтқан
ақындық адуындық та бар. Күштіге жагынып, элсізді айып-ты ғып шыгарар сол заманның болмысы да әшкере етіледі.
№ 79. Сірә, шаһтан көңілі қайтып ренжіп жүрген кезінде
айлалы, аяр билеуші ақын атына бір жылы сөз айтқан бол-

са керек. Сонда аңқылдаған ақ жүрек ақын өкпе-кінэсін тез ұмытып, осы ғазалын шығарғанга ұқсайды.

М 80. Бұл ғазал да ақын ренішті жүрген жагдайда жазылған болса керек. Өмір туралы, адамдардың озара қарым-қатынасы жайында, жақсылықтың өміршеңдігі, айла-амал мен қазына-байлықтың баянсыздығы туралы философиялық толганыс басым. Діни символика да, жазмышқа бойсұну да бар.

255

ЛІ 81. Бұл кейбір түсіндірМелерде айтылғандай бірыңғай

софылық сарындағы ғазал емес. Қайта софылық сынықсыну мен тақуалық тар ойлылыққа келемеж бар. Бүл дүниедегі өмір ^ызығы о дүниеде қайтып оралмайтынын ашық-ақ ай-тып отыр. Қай« іс болса да Алланың өмірімен, Құдайдың қалауымен болады» дейтін дін уағызын бетке ұстаған ақын шарап та, шарап ішу де Құдайдың еркімен болады, ендеше ол үшін бізді күстәналау да оның еркіне карсылық дегенді айтып софыларды сирақтан, тақуаларды тобықтап қағып түсірген.

№ 82. Ғазал ақынның егде тартқан шағында жазылған тэ-
різді. Аңсау, асыға күту, өткен күннід өтелмеген қызығына, татылмаған ләззатына өкіну бар. Ғазалдың соңғы — тырнақша ішіндегі жолы XII ғасыр-
дағы атақты ақын Анварпдан (Ануар) алынған. Аухадид-
дин Ануари XII ғасырдың басында Хорасандағы Хауаран қышлағыпда туған. Отыз жыл бойы Сельжукидтерден шық-
қан атақты сұлтан Санжардың сарайында қызметте болған. Санжар өлгеннен кейін ақын жағдайы нашарлайды, ақыр

соңында әбден кедейлікте өмір сүреді. Ануари касыда жанрының шебері.
№ 83. Бұл да Хафиздың көңілі қаяулы, жүрегі мұңлы, жүзі сынық жүрген кезінде шығарған ғазалына ұқсайды. Ғазалда мифологиялық та, тарихи да терминдер мен атаулар қатар жүр.
Баһрам мұнда екі түрлі мағынаға ие. Бірінде ол латынша Мартиус, арабша Миррих, парсыша Баһрам, орысша Марс, қазақша Қызылжұлдыз делінетіп, соғыс пен қаталдық, ауыртпалық иесі ретінде аталатын жұлдыз. Екіншісінде —

парсының аты жартылай аңыз болып кеткен аңңұмар, сейіл құмар патшасы. Қырда құлан қуып жүргенде қаза тапқан, денесі көмілмей де қалған. Сол үшін де «Баһрам-гур» атанған. «Моласыз Баһрам» деген магынада. Ақынның «Баһрамның дұзагын қой» деп отырғаны сол. Баһрам — тағы бірде Сасанидтер әулөтінен пшққан Барахран У (421—438 жылдар) патшаның да аты. Енді бірде — Иранның Тұранға қарсы көптеген жорықтарында ерлік көрсеткен, сол соғыстардың бірінде қаза тапқан батыры. Осы үш Баһрам бір адам болуы,

аңызда түрліше айтылуы мүмкін. Зуһра, Жәмшид жайында бұған дейінгі түсініктемелерде айтылды.
«Сүлейменнен құмырсқалар мәз бопты үлкен сый алып» дегеннің де мәнісі бар. Бір аңыз бойынша (Құранның 27-сурәсындағы 18, 19-аяттар) Сүлеймен өзі тілін білетін бар-лың аң-құстарымен құмырсқалар илеуінің үстіне келіпті. Сонда ол бір құмырсқаның бүкіл илеудөгілерге «Сүлейиен әскері таптап кетпесін, індеріңө тез кіріңдер» дегенін түсі-ніп, дереу өскерін тоқтатыпты.

ЛЗ 84. Дәстүрлі софылық терминдер біраз қолданылған әде-
256
мі ғазал. Сірә, бұл да өзіне қамқорлық көрсетуші шаһқа арналған болса керек.
№ 85. Зерттеушілердің бірі бұл ғазал шаһ Яхьяға арналған десе, екіншілері шаһ Мансұрға арналған дейді. Сол кез поэзиясына тән сипат мұнда да бар: ғазал достық, махаббат туралы дәстүрлі сөздерге құрылған.
№ 86. Мұнда да Хафиздің көп ғазалдарына тәп қайталанып

отыратын редиф бар.
Зерттеушілер болжамынша
қыршын
жасында қайтыс болған баласына
арналса керек.
№ 87. Зерттеушілер бұл ғазал шаһ
Әбу Ысқақ өлгенде жа-
зылған екен дейді. Ғазалдың
екінші бәйітінде Тауратта,
одан соң Құранда айтылған, Мұса
пайғамбарға Құдайдың
Тур (Синай) тауында алғашңы
кездесуі жайындағы аңыз
негізге алынған. Бұл аңыз
Құранның 28-сурэсындағы 29, 30-
аяттарда былай берілген: «Мұса
үй ішімен келе жатқанда

тау жақтан бір от көрді... ол жақындап келгенде алау жақтан «0 Мұса, мен — Алламын, бүкіл әлем әміршісімін!» деген дауыс естіді. «Мұсаға сол сәттен бастап пайғамбарлық дарыған екеп», деседі. Құдай сонда оған аспаннан от боп лаулап жанған баған (аса таяқ) түсіріпті-міс. «Хауіпсіздік алқабы» деген атау да осы аңызға байланысты.
Әуелі элегиялық әуепде басталған бұл ғазалдың соңы да Хафиздің көп өлеңдеріне тэн көтеріңкі көңіл күйімсн аяқталады.

№ 88. Ғазал Тұраншаһқа арналған (42-ғазалға түсіндірмеде айтылған). Сөз ыңғайыпа қарағапда, Жалаладдин Тұраншаіі осы тұста ақынға әлде-неге ренжіп қалған сияқты да, Хафиз оган өзінің көңілі қалтқысысыз адал екенін айтпақшы. Асаф — аңыз бойынша Сүлеймен патшаның ақылшы-кеңесшісі. Ал Хафиз Тұраншаһты кілең сол Асафқа теңеп отырады.

№ 89. Ғазал Шожа шаһқа арналған. Патша мен қайыршыны бір-біріне қарсы қоя жазу парсы поэзиясына тән дәстүр-

лі тәсіл де болған. Патша-ағзам, шариғат шарты бойынша, кем-кетік, кедей-жарлыға қарасып тұруға тиіс. Әрине, нақ-
ты өмірде олай бола бермегені белгілі.
№ 90. Бұл ғазалда Мекке мен Мәдина жұртында мұсылман-
дық орнаған кезде шыққап бір аңыз негізге алыпған сияқ-
ты. 570 жылы, яғпи болашақ пайғамбар — Мұхаммед дүлие-
ге келген жылы Оңтүстік Арабияның Абраха деген билеу-
шісі Меккеге шабуыл жасапты. Қалаға жақыпдап келе бергенде Абраха мінген піл қасиетті қалаға тізесін бүгіп

сәлем беріпті-міс. Нақ осы сәтте аспаптан қаптай ұшьш келгеп қарлығаштар төбеден тас лақтырып дұшпан әскерініц әбдеп берекесін алыпты. Вұл туралы Құрапныц 105-сурә-сында да: «Сірә, сен Алланыц іііл мініп келген қара ииет адамга ие істегенін көрмеп пе едіц?.. Оларға топ-топ құстар-ды да қарсы жұмсамап па сді?..» дслінген.

Ақып сойтіп бұл газалда копе иран мифологиясындағы

17-533 257

хүмай құс пен мұсылман ацызындагы қарлыгаштарды одеііі қатар алған болса керек.

№ 91. Ортағасырлық Иранда ел билеуші өзінің төңірегіндегілерге қолындағы жүзігін жіберетін салт болған екен. Бұл не «сақтан!» дегенді, немесе «сен менің қорғауымдасыц» дегенді білдіретін керінеді. Хафиз өзінің газалында бұл нышанды бірінші мағыдасында түсінеді де, әдемі гипербола жасайды.

Тортінші бәйіттегі Мани — Сасанидтер династиясы дәуірінде туған дуалистік діни-философиялық агымпың идеологы. Ол озі тамаша суретші екен дейтін де аңыз бар. Мани

215 жылдары Вавильонияда туған, өзінің дуалистік осиетін 242 жылы Ктесифонда тарата бастаған. Бұл ілім бопынша бүкіл дүниенің екі бастауы бар, оның біреуі — жарық, скін-шісі — қараңғылық, бірі — қайырымдылық та, екіншісі — зұ-лымдық. Манихей ілімі адамды адам сүюі керек, жаппай туыстық болуы керек дегенді, бүкіл жан мен тән тазалы-ғын уағыздаған, тақуалықты (аскетизм) бірінші қатарға қойған, байлық неп үстемдікті, әлеуметтік тецсіздікті ман-сұңтап тәркі еткеп. Бұл ілімніц мемлекетке, діпге қарсы

екені анықталгап соң Сасапидтер
үкіметі Мапиды да, оның
жақтастарып да қудалайды. Мани
түрмеге алынып, 270 жы-
лы өлтіріледі. Міне, Хафиз
ғазалындағы мәпді сөз пссі —
осы Мани.
Қызыл« гүлді қызғылт судан
айыра алмау күнә ғоп »,—
дегенде ақынның айтпагы — сол
кезде бүкіл Иранда кец та-
раған «Базар коркі» атапғап
қызғылт ішімдік.
№ 92. Бұл философиялық мәнінде
софылық идеялар осері
бар күрделі ғазал. Бірінші жоие
екінші бәйіттерде жүрек

туралы айрықша адамгершіл тұжырым жасалған. Мұпда адампың сезімталдық сипаты ашып айтылған.
Тортіпші, бесінші бәйіттерде мистикалық ұғым көріиі-
сі бар.
Жетіпші бәйітте софылық ағымныц алғашқы адал коціл ңұрбаны — Мансұр әл-Халлаждың Құдай« — менмін» (Құ?-
дай менің жан-ділімде» дегеп ыағынада)—деп айтқап созі негізге алынған. Әбу-л-Мугис әл-Хүсайып ибн Мапсұр ибн Махамма әл-Байдауи әл-Халлаж («Мақта түтуші») 858 жы-

лы Фарс облысыпдағы Байдқа таяу жердегі Турда дүнпеге келгеп. Ол таңуа-софының құдаймен іштей тұтасып бірігіii кетуі жөніпдегі озіпің мистикалық ілімін өрістетете отырып Құдай« менің жан-ділімде (көңілімде)» деген тұжырым жасаған. Ислам діпіпің түйінді қағидасына түптеп келгенде ешбір қайшылығы жоқ бұл тұжырым сол кезгі сіресяе діндарларга үнамаган. сөйтіп ол құдайға күпір адам ретінде, озін «мен құдаймын» деи айтты десіп, 922 жылы өлім жазасыпа бұйырылған.

Иса туралы аңыз бұдан бұрынғы (12-газал) түсініктеме-
дс айтылғап.
258
Діл — жүрек.
№ 93. Хафиздің шебер қиюласқан, шымыр ойлар айтылған ғазалдарының бірі. «Татар мүшкі» — Шығыс Түркістан да-
ласында өсетін аң — жейрапның ұрық бездерінен алынатын хош иісті сұйық зат. Сол заманда ол бүкіл Шығыста қымбат бағаланған.
№ 94. Таза махаббат лирикасы, Хафиздің өзі ғұмыр бойы ғашық болып өткен Шаһнабад сұлуға арналуы да ық-

тимал.
№ 95. Хафиздің софылық ағым өлшемдеріпе сай келетін ғазалдарының бірі сияқты көрінуі де мүмкін. Әйтседе білікті зерттеушілер мұны шынайы махаббат лирнкасы деп бағалаған. Ғазалдыд соңғы бәйіті (екі жолы) бүкіл Хафиз ақындығы мен адамдық тұлғасының анықтамасы іспеттес.
№ 96. Махаббат, достың туралы ғазал. Лэйла мен Мәжнүп махаббаты жайында мұсылман шығысының поэзиясында талай шығарма бары белгілі.
№ 97. Бірқатар софылық терминдері бола тұра бұл осы ду-

ние қызығын мадақтаған, махаббатшыл сезімді биік тұтқап газал. «Софылық? деп отырғапымыз соңғы бәйітке байла-
нысты. Зерттеушілер ақынның мұндагы ойын Құрандағы (2-сурә, 148-аят): «Төзімділік пен тәубаға бет бұрыңыздар. Анығында да Алла төзімділерді қолдайды» деген сөзбен ұштастырады.
Ла 98. Бұл да махаббат лирикасы. «Исаның кереметі» тура-
лы бұрын айтылған. Ал «аспандағы жеті жұлдыз» деп Мүштари (Юпитер), Баһрам (Марс), Кайвап, немесе Зуһал

(Сатурн), Зуһра (Венера), Утарид (Меркурий) жұлдызда-
рына Күн мен Аііды қосып аспан олемін айтқан.
№ 99. Таза махаббат лирикасы.
№ 100. Сірә, бұл ғазал Хафиз Иезд қаласыпда жүргеи ке-
зінде жазылса керек: аңсау, сагыну сазы бар.
№ 101. Софылық, Құраннан альшган терминдер мен адам аттарына қаран мистикалық рухтағы ғазал деуге де болатын сияқты. Дегепмен реалистік мәні де күшті.
«Арафат алқабы» («Хауіпсіздік алқабы») — Тур тауы-

пыңқойнауы. Сонда Мұса (Шұгайып) үй-ішімен қой бағып жүргенде Құдаймен кездескен ғой. Бұл жерде айта кетер
бір жэйт: аңыздарда Мұса мен Шұғайып бір адамның екі
атауы есебінде айтылады, ал енді бірде Шұғайып — Мұса-
ның қайын атасы Йофардың арабша аты деп те топшыла-
нәды. Бұл ғазалда Құранның 27-сурэсыпдағы 7—13-аяттар,
28-сурәсындағы 29—31-аяттар негізге алынған.

Сухаиб — араб ацыздарыида атқан огы мүлт кетпейтіп
мерген.

№ 102. Зерттсушілердіц айтуынша, бұл ғазал Хафиздің Үндістапға бет алған сапары тоқтап қалганнап кейін, Хормоз портынан кері қайтқап соң жазылған тәрізді. Онда ақын Үпдістанға барамып деп шықса да теціз дауылынан қорқып сапардан бас тартқан болса керек.

Бәйіттердегі тырпақшаға алынған сөздер Сағди ғазалдарынан қиындылар.

«Іскендірдің айпасы» деген де «Жәмшид кесесі» деген

ұғыммен бір. Іскендір —
Александр Македонскийдің
мұсыл-
манша аты. Ол да Дарий (Дара,
Дарьявуш — атақты иран
патшасы, Ахеменидтер әулетінен,
біздің ягыл санауымыздың
522—485 жылдарында билік
құрған) сияқты парсы патша-
сы есептеліп кеткен.
Он екінші бәйітте айтылғандай, ол
заманда Иранда ақын-
дар өздерінің өлеңін музыка
сүйемелдеуімен өндете айта-
тын болған. Әр өлеңпің (ғазалдың)
ыңгайына қарай әуен
түрі де өзгеріп отырған.

№ 103. Философиялық лирика. Бүкіл мазмұнынан белгілі бір билік иесіне, ақынның жаңа бір қамқоршысына арналған ғазал сияқты.
№ 104. Бұл газал Әбу Ысқақ шаһқа арналған деген жорамал бар. Егер шынымен солай болса, ақынның әлі егде тартпай тұрған шағында жазылған деуге келеді.
№ 105. Бүкіл тынысынан еркіндікке, еркелікке ұмтылған ақын жүрегінің асаулүпілі сезіледі. Адалдық, туралық, поэзия құдіретіне деген сенім бастан-аяқ берік арқауга айналғап ғазал.

№ 106. Тырнақша ішіпдегілер Сагди ғазалдарыпан алынған. Сол замап ақыныныц еркіндік пен кіріптарлық ахуалы кезек алмасып тұратын жағдайы бұл ғазалдан да көрініп түр. Соцғы бәйіт бұл пікірді әбден дәлелдей түскендей. Ғазал, сірэ, Шаһ Шожаға арналған тәрізді.

№ 107. Хафиздің философиялық ғазалдарыныц бірі. Тікелей кімге арпалғаны бимәлім. Көи ой толғамдарында Омар Хайяммен үндестік те байқалады.

№ 108. Сол кезеңнің дәстүрлі образдары сәтті қолданылған

ғазалдардың бірі. Тұтас сарынынан ақынпыц жабырқап жүрген, жасы да ұлғайған шағында жазылған ғазал сияқтаиады.

№ 109. Торыгып, сағыныш, ацсау сазы көңілді алаң ғып жүрген кезде жазылғанға ұқсайды.

Зоңгі — африкалықтар.

Рум — византиялыңтар.

Бесіпші бәйіттегі тырнақшаға алынған сөз — белгілі парсы мәтелі.

№ **110.** Бұл ғазал туралы зерттеушілер екіұдай пікір айтады: махаббат лирикасы ретінде де, софылық ағым сыры

ретінде де қараііды. Ал ғазалдың кейбір жолдары болмаса тұтас куйінде күмілжімей-ақ махаббат лирикасы деуге әбден болады.

Осы жсрде бір кезде бүкіл мүсылмап Шығысы поэзиясында адал да борік махаббаттыц символы ретінде жырлапған, Хафиз ғазалдарында да жиі аталатын Ләйла мен Можпүн туралы бірер сөз айта кеткен жөн көрінеді. Тарихта да, әдебиетте де екі Ләйла, екі Мәжнүн бар. Екі Мәжнүннің екеуі де Арабияның Хиджаз (һыжаз) өлкесінеп VII—

VIII ғасырларда шыққан әл-Амири мен Қайыс ибн Му-
лаууах атты ақындар. Қайыс пен Ләйла туралы аңыз-поэма «Лэйла-Мәжнүн» қазақ халқы арасына да ертеректен бері
кец тараған.
№ 111. «Кетті гой» деп қайталап отыратын редиф аударма-
да сақталды.
Кәдімгі ғашықтық ғазалы. Парсылар ұғымында қайғы-қасірет, уайым жанды өртейді«», сондықтан бұлар да «ащы
түтін» сияқты. Ал қазақ ұгымында көбіне қайгы« бұлты»,
қара« түман» болып айтылады
ғой. Әйтседе біз аудармада

сол қайғы« түтін» дейтін парсыша дәстүрлі образды алдық.
№ 112. Бүкіл бітіміне қараганда ақынның егде тартқан ке-
аіпде жазылған ғазалға ұқсайды. «Пұрңылық? — қалай болса солай емін-еркін жүру, дү-
ние-пұлдың бетіпе ңарамау деген мағынада айтылады.
«Сегіз пейіш, тогыз дозақ? деген ұғым бар.
№ 113. Қартайған шағында жазылған ғазал екені анық көрініп тұр. Сол баяғы өзінің бір армандай аяулысына, ай-
нымас ңұштарыпа деген қалтңысысз сезімі мұнда да мүң болып, сыр болып айтылган.

№ 114. Бұл да тым бертінде (ақын ңартайған кезде) жазыл-
ган. Көңіл болса баяғыдай, аңсау, сағыну сезімі сол күйін-
де. Оның үстіне өмірден көрген өгейсу де, тағдыр тараң-
дығы да бар; заман зарықтырған жүрек бар; айнала озбыр-
лық пен дұшпандық, қызғаныш пен іштарлық бар. Ғасыр-
лар бойы жасап келе жатңан бұл ғазал бүгінгі оқупіыға
да осындай халден мұң шертеді.
№ 115. Сірә, бұл ғазал көңілді мәжілістерге, шарапханалар-
ға ңатаң тыйым салган,
«Мұхтасиб-патша» атанған Моба-

резаддин (1356—1358 жылдар) билігі кезінде жазылса керек. Бұл кезде шаһ сарайында Хафпзге бұрынғыдай құрмет-қошамет бола қоймаган. Ақынның шаһқа өкпе-кінәсі бары да байқалады. Әрине, Хафизге тәп рух еркіндігі мұнда да көрініп тұр. Ақын шаһқа «егер сен бүйте берсең басқа жақ-қа кетіп те қалармын» дегенді ескерткендей.

№ 116. Орысша аудармада түішүсқадағы әзір« құмыраң то-лып тұрғанда» деген мағынадағы сөз әзір« шарап толып тұрғанда» деп алынған. Сірә, ақын бұл жерде тек шарап

толы құмыра шайында ғапа емес, «өмір құмырасы», «жас-
тық құмырасы» шайқалмай, ортаймай толық қалпында тұр-
ганда дегенді айтқысы келгендей. Жасы үлғайган адамның
бұлай пәлсафалауы заңды да, әрі ол кезде дәстүр де
болган.

Ахриман — дуалистік зардушт (зороастриийзм) дініпде зұ-
лымдық құдайы, қайырымдылық құдайы — Ахурамаздың
мәңгі жауы. Бұл екеуінің арасында мәңгі-бақи бітіспес кү-
рес жүріп жатыр. Халық жеңіс түптің түбінде Ахурамазд
жағында болады деп сенеді.

Соруш — зардуштықтар ұғымыпша құдайлардын хабар-шы-періштесі, ягни бергі діндердегі Жәбірейілдің, Мәкәйіл-дің міндетін атқарушы. Г. Плисецкий аудармасында «періш-

261

те» деи қана алынғанымен біз түпнұсқадағы Соруштың өзін алдық. Өйткені, Хафиз творчествосында бірқатар ретте ис-
ламға дейінгі бейнелі сөздер меи атаулар әдейі алынатынын байқаймыз. Мәселен, осы Соруш періште 107-газалда
да бар.

№ 117. Құштарлықпен, еркін сезіммен жазылған ғазал. Ллтыншы бойіттегі сөз сұлулығын, ақындықты мадақтау, тіпті, өзіп-озі мадақтап жіберу де орта ғасырдағы Шығыс ақыпдарында әдеби форма (фахр) болған деуге болады. Одан кейін «Манидың өзі де» деген сөзде де мән бар. Мани — үлкен суретші болғанын ілгеріде айтқапбыз. Ал Хафиздің озі де шебер каллиграфист болғап екен. Ол кошірген кейбір қолжазбалар біздің заманымызға дейіп жеткен.

№ 118. Бүл ғазал Шожа шаһқа арпалғап екен.
«Хадір түні» (Ләйля ол-хадір», «шаб хадір» деп те айтады) — аңыз бойынша Мұхаммед пайғамбарға құдай-тағаладан Құран түскен түн, әдетте бұл күн рамазан (ораза айы) айының 27-күнгі түнге сәйкес келеді. Бұл күн мұсылмандар үгаін мейрам болып белгіленгеп.
Ғазалда мадақталулы адамды — мамдухты теңейтін дәстүрлі образдар: ай дидарлы сүлу қыз, лағыл тастар, оқ кірпік пен от жанар бәрі де бар. Сондай-ақ автордың озін-өзі

кемсіте сойлеу, мамдухтың құрбандыгы ете сойлеу дәстүрі де сақталған.
№ 119. Достүрлі символикалық образдар мен терминдер қолданылып жазылған арнау ғазал.
Баябан — елсіз, сусыз ен дала. Газалдың соңғы жолында Құранды неше түрлі мақамга салып қырағаттап оқуды айтып отырса керек.
№ 120. Махаббат газалы. Екіпші бәйіттегі бірінші тар-
мақ — Рудаки шығармаларыпың бір жолы. Мұндағы
Мүльян — орта ғасырдағы Бұхарада болған үлкен бұлақ.

Ақын махаббат, мадақтау жырларын жаза отырып та омір, заман, уақыт, адамдар қарым-қатынасы туралы терең ойлар толғаған.
Мынау дозақ дүниені қайта жасау қажет-ақ,
Сонда, бәлкім, тазаруы адамның да арыпың,
дегепді сол заманда айтудың өзі неткен ерлік!
Л« 121. Сүйген сүлуын түсінде көрген сияқтапу ақындық бір тәсіл болса керек. Түсінде көргеніп айтқан болып отырып қаншама омірлік озекті оіілapды ортага тастаған десеңізші.

Қыз« қолынан шарап ішпеіі сүргеп өмір құрысын», «Кәусар ма екеп пейіштегі, әлде бұлақ суы ма, арнасыпда қаііғы мен мүң толып аққан бұлқынын» дегенде қаншама шын-дық, ңаншама ақындық, азаматтық ерлік бар!

Ғазалдың бесінші бәйіті Құранның 9-суросыпдағы 51-аятқа сәйкес келеді. Онда: «Алланың озі таланымызға жа-зып бұйырғапынан озге біз ешнорсе де істемейміз. Ол — біздің қамқоршымыз»,— деліпген. Бұл жерде ақып «шарап

та бізге Аллапың өзі берген ырзық? дегенді айту үшін Құранға жүгінгоні коріпіп түр. «Шарап пепен қыз бұрымы — влем ғой бір тұңғиық?. Әрі батыл, әрі терең, әрі көркем айтылғапып-ай десеңізші!

№ 122. Шып көңілдеп шымырлап қайнап шыққан жыр

құймасы. Бірінші бәйіттің — матланың бірінші жолы —бір мисрасы сол кезде де, кейін де ауыздан ауызға көшіп мәтел ротінде айтылып кеткен көріпеді. Бүкіл газалда ақыпның

өмірлік кредосы бар, жаи сыры, жүрек мұңы бар.

№ 123. Қасірет шегіп, иі сынған жігіт пен тәкаббар сұлу
қызды кіл бір-біріне карсы қоятын канопдық тәсілден ауыт-
нуға талиыну байқалады. Дегенмен жігіттің қыз алдындағы ныцыр сөзі біріиші бәйіттеп-ақ тәмамдалған. Одан әрі сүйік-
ті сүлу алдындағы кішірею мен өзін-өзі кемсіту өуені бас-
тан-аяқ созылады. Ғазалда шын сүйіспепшілікті — кұдайға ыңырарлықты көнбістікпен, өзіңді-өзің кемсітумен табуға болады дейтін софылық ұғым сыңайы да бар.
№ 124. Бұл ғазал Әбу Ысқақ Инжудің уәзірі Хажы Хауам-

ға арпалган екен дейтін де болжам бар. Солай болуы әбден ыңтпмал. Тоғызыншы бәйітте оның есімі аталады да. Ол, замнндастарының бағалауыпша, өнерге іш тартатын, білім-
дар адам болса корек.
Ғазалдыц бірінші жолы (мисрасы) кезіпде де, кейін де
сл аузыпап түспес қанатты сөзге айналып кетіпті.
Мүцкір-Нәңкір — діни наным бойыпша адам ңайтыс бо-
лысымен сұрауға алатын періштелер.
Сәру — кипарис ағашы.
№ 125. Хафиздің ең жақсы ғазалдарыпыц бірінеп саналады.

Дәруіш — VIII—IX ғасырларда шыққаи, құдайга құлшылық жолына біржолата түскеп, дүние-мулік жипамайтын кедеіі адамдардың бір тобы. Өздері барышпа адал, ойлағапын барынша тура айтатын болган. Жалпы, мүсылман Шығысыпда 40 шақты дервиштік ордендер (бағыттар) ^болған. Олардың басты-бастылары: Маулауийа, Шазилийа, Кадырийа, Рифагийа, Юписийа, Накшбандийа, Нұрбакшийа, Сафиііа, Бакташийа деп аталатындар. Сыртқы киимі «Хырке» деп аталган. Хафиздің көп ғазалдарында, әсіресе, осы

газалында дәруішке деген құрметі мен сенімі айқын көрініп тұрады.
Ризуан — пейіш қақпасында тұратын күзетші.
Қарынбай — аты аңызға айналған сараң бай, мол қазына иесі. Құдайға құлшылықты білмеген, ешкімге қайырым жасамайтын нағыз дүние-парастың символы. Масыққан оны құдаи қарғап, Мүса пайғамбар теріс қараған Қарынбайды, бүкіл мал-мүлкімен жер жұтып жіберген деп айтылады аңызда. Құранның 28-сүрәсының 80—81-аяттарында да осы аңыз келтірілген.

Асаф — Сүлеймеп патшапыц ақылшысы, Хафизда ксмел оіілы кемецгер адам, ұстаз бейнесінде алынады.
№ 126. Махаббат, омір мәні туралы толғапыс.
№ 127. Шыпайы дәруіштік сезіммеп жазылған ғазал. Бұл,
263
сірә, Хафиздің егдө тартқан шағында, көп нәрседен көңілі қалып, көп пәрседен меселі қайтып тауы шагылып жүрген бір кезінде жазылғанға ұқсайды.
№ 128. Түпнұсңасында бірқатар араб сөздері, тіпті, сөздер тізбегі де бар екен. Орысша аудармада оларды сол күйі сақ-

тау мүмкін болмаған. Біз де тек кейбір сөздерді ғана («Сүббі-салих»—«қайырлы таң ? . «Кәусар»— жұмақ бұлағы, «мәһуа»—«жұмақтыц ең төрі») алдық.

ЛІ **129.** Махаббат, сұлулық, құштарлық туралы тебірені с. Жәмшид кесесі туралы бұған дейінгі түсініктемелерде айтылған.

«Исаның демі» дегенді де айтқанбыз. Аңыз бойынша, Иса пайғамбар өлген адамды тірілтетін болған ғой. Хафиз сүйіктісінің демін Исаның деміне теңеп отырғаны ғой.

№ 130. Сүлулықты, еркіндікті аңсауға құрылған ғазал. Ақынпың кейде тым тұспалдап, кейде осылай тым ашық айтып отыратыны ғазалдарыпан белгілі.

№ **131.** Сірә, өзіне қамқоршы болып, қанатыныц астына алып келген бір ел билеушіге арналған ғазал болса керек. Ақын-ныц оган деген едәуір өкпе-назы, кінә-кінәраты бар; ашына, күйіно сөйлейтіні содан.

№ 132. Бул да ақынның әлдекімге ренжіп, әлденеге наразы болып жүрген кезінде жазылса керек.

Зуннар — мұсылман елдеріпде тұратын ғайрыдіндердің (бөтеп діндегілердің) белгі ретіпде беліне орап жүретіп шүберек белбеу.

№ 133. Ғұмыр бойы ғашық болып өткеп Шаһнабад сұлуға арналган ғазалға ұқсайды.

____________№ 134. «Жетеді» деп қайталанатын редифі сақталды. Бұл да махаббат лирикасы.

№ 135. Бұл да таза махаббат, үлкен адамгершілік қасиет, өмірдің мәні туралы толғапыспен жазылған ғазал.

№ 136. Әкелер«» деген сөз қайталанып отырады. Бұл да дос-

тық, ақ пейіл, адал ниет туралы ғазал. Сірə, беріректе, ақыи огде тарта бастаған кезде жазылған болар.

№ **137.** Еркіндікті, өмірдің шып мəнін түсіне жəне оны ашық айта жырлаған ғазалдардың бірі. Құрап« қалған басымыздан жасалғанша құмыра» деген сөзді дiиніц негізгі бір уағызы- на — о дүние туралы ұғымға иланбаган адам ғана аiітатыны белгілі.

№ 138. Бұл да софылық сарын тұрғысынан жазылган ғазал деуге келетін сияқты. Шарапңа мас болу софылық термпндо

құдайға құлай берілудің бейнесі
ретінде алынғаны мәлім.
Кей — Иранның көне
патшаларының ең көп билік
құрған
бір әулетінің түпкі аты. Кеянидтер
оулеті жайындагы миф-
тер мен аңыздар Фирдоуси
«Шаһнамасында» толық баян-
далған. Хафиз газалдарында осы
әулеттен шыққан патшалар
Кей-Қауыс, Кей-Хуат, Кей-
Хұсырау есімдері жиі кездеседі.
Мыпа газалда ақын сол Кейлерді
гана емес, жалпы бнлеу-
ші натша-шаһтарды да айтып
отырса керек.

№ 139. Еркіпдікті, сүлулықты жырлаған ғазал.
264
Ариф — софылық термин, өмір тәжірибесі мол, төңіріні
танын білуге таянып қалған данагөй.
Пірмаган — Хафиз цоэзиясында мейхана ұстаушы.
№ 140. Діндарсыған ділмәрларды, софысынған суайттарды әшкерелейтін, еркіндікті ту етіп көтере жырлаған ғазал.
«Жалған сөйлеген, дүние-мүлік көрсе ар-ұятты былай жинап қоятын сендер сияқтылардан гөрі құдайға мен жақынмын»

деп масқаралайды ақын алаяқтарды.

№ 141. Махаббатты, құштарлықты жырлаған ғазал.

Тәсфих — Алланы мадақтау кезінде санап отыратын тас-тізбек.

№ 142. Ақындықтың, адалдықтың рухын көтере, жамандық-тың құтын қашыра жазылған ғазал.

Мәзһаб-қарамағы, қауымы, еркінде деген мағынаны білді-ретін сөз. Ислам дінінде төрт түрлі тәртіп жүйесі (ағымы) бар. Олар: имам Мағзам (Ханафия), имам Малик, имам

Шафи, имам Ханбал, Хафиз бұларға махаббат мәзһабын қосып, бәрінен де жоғары қойып отыр.
№ 143. Бұл сірә Хафиздың өкпелі боп Шираздап басңа жаққа (Йезд қаласы болар) кетіп ңалып, артынан шаһ шақыруы бойынша қайта келгенде жазған ғазалы болса керек.
№ 144. Махаббат пен шарап, еркін өмір туралы жазылгап ғажап ғазал. Дін тәртібін қадағалаушы мұхтасибты да мықтап бір сүріндіріп өткен.
№ 145. Вүкіл бітімінде сұлулықты, еркіндікті жырлау рухы

басым. Хафиз өз сөзіпің ңүдіретін де білген және опысын айта да білген ақын.

№ 146. Жастықты, махаббатты аңсау әуені байқалады. Сірә, егде тарта бастаған шақта жазылған болар ма?

Раббы — Құдайдың бір аты.

Ринд — араб сөзі. Сужұқпас, сұғанақ, өтірікші, маскүпем, зінәқор адамдарды осылай атайтын болған. Ал мистиктерде бұған керісінше: жан-тәнімен Құдайга берілген адам мағынасында айтылады. Сырттай емін-еркіп жүрген сияқтанған-
мен іштей Құдайға құлшылық етуші.

№ 147. Хафизге тон ғазалдардың бірі.
Хотан — Шығыс Түркістан.
Аден (Адан)—Оңтүстік Арабиядағы (Ямин — Йемен жеріндегі) порт-қала.
№ 148. Таза махаббат лирикасы.
№ 149. Бұл да махаббат лирикасы. Қызыл« арай таң шығындай» дегені — біздің «көзімнен қанды жасымды ағызьш» дегеніміздің бейнелі көрінісі болса керек.
№ 150. Шынайы ғашықтық ғазалы. Орысша аудармаларда бұл ғазал кездеспеді. Віз мұны өзбек тіліндегісінен (1958 жылы шыққан) тәржімаладық.

Бақтияр — бақытты деген сөз.
Баңтияр дейтін кісі аты да
осы сөзден алынган.
№ 151. Еркіндік, адалдық, өмір
мәні туралы ғазал.
Мәруан — үмиялықтар әулетінен
шыңқан екі халифтың
265
аты. Мәруап екіншіні Әбу Мүслім
басқаргап көтерілісшілер-
дің күшіп пайдаланған
Аббасидтер мен Алиліктер 750
жылы
өлтірген. Содан бастап Халифат
тағыпа Аббасидтер отырғап.
Мүхаммед пайғамбардың әрі інісі,
әрі күйеу баласы — Али

балаяарыпа халифтықты
бермегені үшін Халифат тағына
екіжүзділікпен келген деген айып
тағылған үмиялық Әбу
■Суфьян әулетіпің қайсысын
болса да шейіттер (Алиліктер,
одап соң Фатимидтер де)
ұнатпағап. Әсіресе, қос Мәруанды
____________екіжүзді, алдауыштар
деп білгеп. Содан Мәруан есімі
жалпы
екіжүзділіктің бейпелі атауы
болып кеткен.
«Салих коміл тарихатқа» деген
сөздің мағынасы — құдай-
ға құлшылық жолына, мінез-
ңұлңып тазарту жолына түс-

кеп адам ұғымында айтылып отыр. Хафиз бұл ғазалда өзінің көңілі адал, ңұлқы таза екепін айтып, екіжүзділерді, өтірік қүдайшылдарды әшкере етеді.
Мүкәбаша — шарап әкелуші.
№ 152. Бұл да адалдық, еркіндік жырланған газал.
Айшу ишрат — көңіл көтеру, ойып-сауықпен уақыт өткізу.
Яздан — тәңірі, құдай аты.
Мәй шаффат (парсы сөздері) — шарап құйылған шыны
кесе.
Л° 153. Символикалық түрғыда жазылган ғазал. Бұлбұл мұп-
да шын берілгепдіктің, шынайы сенім мен таза сезімнің

бейнесі ретіпде алынган.
-Л» 154. Бұл да софылың әуенде жазылған ғазал. Сүтін-тіреу, ұстын, баған. Бұл жерде бірден-бір сенім куші ретінде алып-ган.
№ 155. Махаббат лирикасыпа үқсайды.
№ 156. Қанша ғазал арнаса да, ңанша сарпаса да көнбей, көңілін бермей жүрген сұлуға арналғапы созіліп тұр.
Л° 157. Бұл да солай.
Л» 158. Бұл да солай.
Л° 159. Өмір, еркіндік, тугап жер туралы толғапыс.
Жәмшпд, Кей-Ңуат туралы бұрынғы бір түсіндірмеде ай-

тылгап. Ал Баһман — Иранның аты ацызға айиалған патшасы, күштілік пеп кеңпейілділік бейнесі.

Л° 160. Ғашыңтық ғазалы. һыжаз — Арабияпың Мекке, Мәдина (бұрынғы Ясриб) қалалары тұрған аймақ. «Мәдипат ап-набий», яғни «Пайгамбар қаласы» деген сөз. ыжра (көшу, орып ауысу деген мағынада) жыл санауы 622жылдың Ібиюлінен, ягни Мұхаммодтің Меккеден Модипаға барған күпінен басталады.

№ 161. Омір туралы ойлар, сүйгеніп аңсаған ащы мұң бар.

Жаңып найғамбар — Жусіп пайғамбардың әкесі, бұлар жайындагы аңыз бұган дейіигі түсіндірмелерде айтылды.
Л*5 162. Ғашықтық туралы ғазал. Хызыр — Мұсылмап пайғамбарларының бірі. Мәңгілік түнек дүнпесінен мәңгілік суын тауып ішкеп, сөйтіп өлмес өмір кешіп жүргеп пайғамбар дегеп аңыз бар. Іскепдір — біздің жыл сапауымызга дейінгі 356—323 жылдарда өмір

сүрген Александр Македонский иатша. Бұл да мәңгілік суын іздеп таба алмаған.

№ **163.** Еркіндік, сүлулық туралы газал.
№ **164.** Бұл да солай.
№. **165.** Еркіпдік, туралық туралы ғазал.
Фәруаздана — көңіл назын айту.
Факих — мүсылмандық тәртібі сақталуын бақылаушы, шаригатшы.
Қаф (Кафа)—көне ирандықтар үғымы бойынша жерді аіінала қоршап түрган және одан тым алыс жатңан дөңгелек тау.
№ 166. Ғашықтық ғазалы.
№ 167. Қалііелердің тақуалық тақмезесінен де шаршаган,

сотсіз махаббаттың машақатынан да мойыган бір кезде жа-
зылган ғазалга ұқсайды. Сонда да болса сөз аяғы Хафизге
тән оптимистікпсн
ңорытындыланады.
№ **168.** Өзіне қамқорлық жасап жүргеп билеушілердің біріне арлалған ғазал болса керек. «Рута оты» деп отырғаны: бұ-
рынғы заманда «коз-тілден сақтасын» деп рутаны (шөп аты) өртеп, кісіні соның түтінімен ыстайтын ырым болған корі-
неді.
№ 169. Ғашықтық ғазалдарының бірі.

№ 170. Бұл өмірдің мон-
мағынасы, о дүпиенің жалғандығы
(бос сөз екепі) туралы
батылдықпен жазылған ғазал.
«Жа-
лықтым мен тұспал сөздеп» деу
үшін де сол замапда үлкен
ерлік керек.
№ 171. Хафиздің айрықша бір
көңілді жүрген шағында шы-
ғарған ғазалы болса керек.
№ 172. Окінішке, ексік толы
күндерге наразы көңілден туган
ғазал.
№ 173. Достық, айнымас адалдық
туралы газал.
№ 174. Діни нанымның
дәііексіздігін мегзеу бар. Хафиздің

көп ғазалдарында тұспалдай, жапамалай айтқан пікірлері мұнда біраз анық сезіліп тұр. • Хожа Камал — кезінде «Хожженд бұлбұлы» атапған ақып, Хафиздің жақсы достарының бірі — Камаладдин Масуд. Поэзпя тарихында «Камал Хожжепди» деген атпен белгілі. XIV гасырдың бас кезінде Хожженд (қазіргі Лепинабад) қаласыида туған. Ол Меккеге хажылыққа барып келе жат-
ңан жолында Тавризге (оңтүстік Азербайжан) соғып, сонда тұрып қалған. Алтыпорда ханы Тоқтамыс Тавризді жаулаған

бір жорыгыпда опы өзімен бірге ал~а кетеді. Бұл жақта ақын торт жылдай қам-ңапада ғүмыр кешіп, 1385 жылы Тавризге қайта оралғап. Осында 1400 жылы дүние салған.

Ғайры-дін — «озге діндегілер» дегеп мағынада, кобіне христиандарға айтылады.

№ **175.** Оптимистікке толы уақыт туралы толганыс.

№ **176.** Өмір туралы, адамгершілік ңарым-қатынас туралы газал.

Санаи— бір деректер бойынша 1080—1140 жылдары, тағы бір деректе 1070—1140 жылдары омір сүрген, епді бір

деректер бойынша шамамен 1131 жылдары өлгеп (туғап жылы айтылмайды) парсы-тәжік ақыны. Газна қаласыпда туған, сонда дүниеден қайтқан, толық аты-жөні — Әбілмажид Мажут ибн Адам Санаи Газнауи. Софылық ағымпыц ірі ақыны. Онның «Хадиқат әл-хақиқат» («Ақиқаттық бағы»), «Сапр әлибад ила-л-миад» Құдай« құлдарының қайтып оралар жолы»), «Тарик-ат-тахкш;») («Шындықты шыцдау жолы»), «Ишқ-наме» (Ғашықтық? туралы кітап»), «Ақыл-наме»

(«Аңыл-ой туралы кітап») деген философиялық-софылық сарындағы поэмалары, көптеген тамаша ғазалдары мен қа-сыдалары бар.

№ 177. Өмір туралы, шариғат жолының шырғалаңы жайын-дағы ғазал. Ақын өзінің дін жолына күмәнді ойын айтуына бір айтып алады да, соз соңында «дүние сырын тәңірі көзі-мен қара» дегендей пікір тастайды. Сірә, дүмбілез діншілдер-
дің көзіне тұман жібергепдегісі болар. «Тоңірінің ңәламы»— сөзбе-сөз алғанда «Тәціріпің созі», «Тоңіріниц жазуы», «Алла-

ның қалауы» деген мағыналарды да білдіреді.
№ 178. Еркіндікті аңсаудап туған ғазал.
№ 179. Сірә, өз тұсының билеушісіне ренжіп, бірақ, туғап қаласын — Ширазды қиып басқа жаққа кеткісі келмей жүр-
ген күндерінде жазылған ғазал болар.
№ 180. Өмірдің мәні мен сәні туралы толғаныс.
№ 181. Бірыңғай махаббат лирикасы деуге келмейтін сияқ-
ты. Сіро, ақын өзі онша жылы ңабылдана қоймай жүрген
шаһ сарайы маңындағылар туралы айтып отырғап болар.

Лй 182. Бұл да жоғарыдағы ғазал мазмұндас.
№ 183. Ғашығына арналган ғазалға ұқсаііды. Ацсау да, түңі-лу де сыңайы бар.
№ 184. Еркіндік, құштарлық, өмірдің заңы туралы толғаныс.
№ 185. Бұл да өмірдіц мәні туралы толғаныста туған ғазал.
№ 186. Өмір туралы, бұл дүние мен ол дүпие туралы реа-
листік түйіндер жасалған.
№ 187. Аңсаудан, сагынудан, өмір туралы толғаныстардан
туган ғазал.
№ 188. Бұл да өмірдің моні туралы жазылган ғазалдардың
бірі.

№ 189. Еркіндік, өмір ңызығы, адамдардың бір-біріпе ілтипаты туралы ойлар айтылғап. Зуһра, Иса туралы бұрынгы түсініктемелерде бар. Бүл жерде айта кетер жәйт: Зуһра да аспапға періштелер алып кеткен, сөйтіп, музыканттар қолдаушысына айпалған қыз, Иса да аспанға үшып кеткен пайғамбар. Екеуі жөніндегі аңыздар осындай.
№ 190. Бұл ғазал орысша аудармалар ішінде жоқ. Біз мұны Хафиздің өзбек тілінде шыққан. жогарыда айтылған жипағынан тәржімаладық. Кодімгі сұлулық күші, ынтызарлық

туралы газал.
№ 191. Бұл ғазал Хафиздің Шираз қаласындағы зираты ба-
сында жазылған. Бұл знрат ақын қаіітыс болғап соң коптен
268
кейін —1768 жылы Мұхаммед Кәрім-хан билігі кезіндө салынган.
Қартайған шағыпда жазылғанына жәпе софылық термин-
дердің барлығына қарамастан Хафизге тән өмірге, махаббат-
қа, сұлулыққа құштарлық бұл ғазалда да күшті көрінген.
Магыраж (ңазақтар «мұғыраж» деп те айтады)—діни

аңыз боіiынша Мұхаммед пайғамбардың Пыраққа (мифтік ат) мініп аспанға ұшып барып Құдаймен кездесіп тұратын жері. Арабша бұл күн «Лэйля асрц» жəне «Шаб мағыраж» деп аталады.
«Аршы-гүрсі»— аспац əлемінде Алла отыратын тақтұрғап жер деген аңыз бар.
№ 192. Хафиздің жастықты, еркіндікті аңсап, сұлтандар са-раiiындагы сауық-сайрап можілістерді қиялдап, кəрілікке налып журген кезіндегі ғазалдарыныц бірі. Мұнда аталып отырған Ғиясаддин Ақсақ-Темір замаиында Шираз əкімі

болғап, Шағатай билеушілерінің ұрпағы, Темірдің үлкен ұлы Шахрухтың әйелі — Гауһар-Шадтың әкесі болса керек.

№ 193. Бұл ғазал да Хафиз қабірінің басына ойылып жа-зылған. Ақынның биік ақыл-парасат децгейі анық көрінер ғазалдарыныц бірі осы. Үшінші бәйіттегі Қабіріме« міпәжат қып, менеп рахым сүрасац, Қағбага барар жолың болар жұмсақ ңырмызы» де-ген жолдарда ақынның өзіпе, ақындығыпа деген қапшама сенімі де, көрегепдігі де жатыр! Шыныпда да, Хафиздің аты

да, жыры да, зираты да қалың жұрт сүйіп атайтын, тамса-ньш оқитын, тәуап ететін құдіретке айналып кеткен ғой.
№ 194. Бұл газалдан Хафиздіц бүкіл тұлғасы танылады деу-ге болады. Өмір туралы терең толғаныс та, өксік те, өкініш те. ізгілікті ацсагап жүрегі де, куштарлық сезімі де, өзініц заманалар өткелдеріпдегі зацгар биік болашағына сенім де бар. Хафиз өз атының, өз еперінің Мәцгілік болып қалаты-нын шын білгендей.
Жинаққа Хафиз рубаиларының орыс, езбек тілдеріндегі

нұсқасынан аударылған бірқатар рубаилары, таржебандтары мен сақинамалары енді.
Таржебанд — бірнеше ғазалдан тұратын, әр газалдың соңындағы егіз ұйқасты екі жол өлең сөзбе-сөз қайталапып отыратын өлец түрі.
Сақинама (Шарап жырлары) — Вақхилық өлеңдер. Вақх — көне римдіктер мен грек мифологиясында шарап пен сауық-
сайрап құдайы. Ал көне ирандықтардыщ зардушт дінінде шарап өте қасиетті, киелі зат саналған да, оны құюшы сақи-

лар қайырымдылар деліпгеп. Европаша вақх жырлары, парсыша сақипама, ягни шарап жырлары осылай туған. Арабтарда бұл «Хамрийат» деп аталған. Шарапқорлық мұнда үмиялық халифа Иазид ибн Мағауия тұсында айрықгаа күшейген. Соған орай шарап жырлары да біраз көбейген.__